



№ 3 (71), 2015
Мамыр-маусым/ May-June

Журнал 2003 жылдың мамыр айынан бастап Париж қаласындағы халықаралық ISSN орталығында тіркелген. ISSN 1727-060X

Журнал зарегистрирован в международном Парижском ISSN центре с мая 2003 года.
ISSN 1727-060X

The journal is registered in Paris ISSN international center since May 2003.
ISSN 1727-060X

Журнал ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымы және ақпараттық агенттігінде тіркелген.
Қуәлік № 55-97-Ж 18.ІІ.2005 ж.

Журнал зарегистрирован Министерством по инвестициям и развитию РК Комитет связи, информатизации и информации свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и информационного агентства № 5597-Ж 18. II. 2005 г.

The journal is registered by the Ministry of Investment and Development Committee of the RK communication, information and information about the certificate of registration of a periodical and news agency № 5597-Zh 18. II. 2005.

Түркістан
2015



ҚҰРЫЛТАЙШЫ / УЧРЕДИТЕЛЬ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редакция алқасы / редакционная коллегия

док., проф. Осман Хората (А.Ясауи университеті); ф.-мат. г.д., проф. У.Әбдібеков (А.Ясауи университеті президенті); док., проф. М.Қуталмыш (А.Ясауи университеті, Түркістан); док., проф. А.Ювалы (Кайсері университеті, Кайсері); ф.г.д., проф. А. Ахматалиев (Қырғыз Ұлттық академиясы, Бішкек); ф.г.д., проф. Ж. К. Бақашова («Манас» университеті, Бішкек); ф.г.д., проф. К.Алламбергенов (Әжінияз атындағы пед.институт, Нүкіс); т.г.д., проф. Д. Қыдырәлі (Түркі академиясы президенті, Астана); ф.г.д., проф. Б.Бутанаев (Н.Ф.Катанов атындағы Хакасия мем.университеті, Абакан); ф.г.д., проф. Н.Егоров (Тіл білімі институты, Чебоксары); ф.г.д., проф. М.Х.Идельбаев (Ақмолла атындағы Башқұрт мем. университеті, Уфа); ф.г.д., проф. В.Илларионов (М.Аммосов атындағы Солтүстік-шығыс федеральді университеті, Якутск); ф.г.д., проф. М.Закиев (ТР Ұлттық академиясы, Казан); ф.г.д., проф. А.Қайдар (А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы); ф.г.д., проф. И.Қызыласов (Мәскеу); ф.г.д., проф. Д.Кенжетай (Евразия университеті, Астана); док., проф. Я.Құмарұлы (Гуманитарлық ғылымдар академиясы, Үрімші); ф.г.д., проф. Х.Миннегулов (Казан); ф.г.д., проф. К. Мусаев (РФА Тіл білімі институты, Мәскеу); ф.г.д., проф. М. Мырзахметов (Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы); ф.г.д., проф. М. Жұраев (А.Науаи атындағы Тіл және Әдебиет институты, Ташкент); ф.г.д., проф. А.Тыбықова (Таулы-Алтай мемлекеттік университеті, Таулы Алтай); ф.г.д., проф. М. Улаков (Кабардин-Балкар мемлекеттік университеті, Налчик); ф.г.д., проф. К. Райхл (Бонн университеті, Бонн); ф.г.д., проф. Л. Хребицек (Прага); ф.г.д., проф. Г.С.Кунафин (БҰҒА корреспондент-мүшесі, Уфа)

Бас редактор

ф.г.д., проф. Қ.ЕРГӨБЕК

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркістан / Қазақстан

Бас редактордың орынбасары

ф.г.к., доцент Б.ӘБЖЕТ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркістан / Қазақстан

SAHİBİ / OWNER

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

Yayın Danışma Kurulu / Editorial Board

Doc., prof. O.Horata (University of H.Yasavi, Turkestan); Dr. mat. n., prof. U.Abdibekov (University President of H.Yasavi, Turkestan); Doc., prof. M.Kutalmysh (University of H. Yasavi, Turkestan); Doc., prof.A.Yuvaly (University of Kayseri, Kayseri); Ph.D., Professor A. Ahmataliyev (Kyrgyz National Academy, Bishkek); Ph.D., Professor Zh.K.Bakashova (University of "Manas", Bishkek); Ph.D., Professor K.Allambergenov (ped.instiut named Azhniyaz, Nukis); Doctor of History, Professor D. Kydyrali (President of the Turkic Academy, Astana); Ph.D., Professor B.Butanaev (Khakassia State University named N.F.Katanova, Abakan); Ph.D., Professor N.Egorov (Institute of Linguistics, Cheboksary); Ph.D., Professor M. H.Idelbaev (Bashkir State University named Akmulla, Ufa); Ph.D., Professor V.Illarionov (North-Eastern Federal University Ammosov, Yakutsk); Ph.D., Professor M.Zakiev (TRAN, Kazan); Ph.D., Professor A.Kaydar (Instiut of linguistics named A.Baitursynov, Almaty); Ph.D., Professor I.Kyzylasov (Moscow); Ph.D., Professor D.Kenzhetay (Eurasia University, Astana); Doc. prof. Ya.Kumaruly (Gum. Academy of Sciences, Urimshi); Ph.D., Professor H.Minnegulov (Kazan); Ph.D., Professor E.Musaev (RAS Institute of Linguistics, Moscow); Ph.D., Professor. M.Myrzahmetov (KazNPU Abaya, Almaty); Ph.D., Professor M.Zhuraev (Institute of Language and Literature named Alisher Navoi, Tashkent); Ph.D., Professor A.Tybykova (Gorno-Altai State University, Gorno-Altai); Ph.D., Professor M. Ulak (Kabardino-Balkar Research Institute of Language, Literature and History, Nalchik); Ph.D., Professor K.Rayhl (University of Bonn, Bonn); Ph.D., Professor L. Hrebitsek (Prague); Ph.D., Professor G.S.Kunafin (BSU, academician of the International Turkic Academy, a member of the Writers' Union of Russia and Belarus, Ufa).

Editor-in-chief

Dr. Prof. Kulbek ERGÖBEK

International Kazakh-Turkish university

named H.A.Yasavi

Turkistan/Kazakhstan

Associated editor

Dr. Prof. Bakht ABZHET

International Kazakh-Turkish university

named H.A.Yasavi

Turkistan/Kazakhstan

ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

ӘОЖ 414.99271

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ КӨПТІК МАҒЫНАНЫ ЗАТ ЕСІМ МЕН СӨЗ ТІРКЕСІ АРҚЫЛЫ БІЛДІРУ ТУРАЛЫ NOTICE THROUGH A COMBINATION OF WORDS AND NOUN PLURAL MEANINGFUL

Р.БЕЙСЕТАЕВ*

Түйіндемe

Еңбекте қазақтың қалыптасқан сөйлеу дағдысына сай тілімізде көптік мағынаны зат есім мен зат есімдік сөз тіркесі арқылы білдіру мәселесі қарастырылды. Грамматика теориясында бұрын ескеріліп, кейін ұмытылған бұл мәселені талдауда қазақ тіліндегі, жалпы түркі тілдеріндегі табиғи құрылым, тіркес ішінде сөздердің өз-ара байланысы және ұлттың көпжасырлық ауызекі сөйлеу дағдысы негізге алынды.

Кілт сөздер: Грамматика, категория, грамматикалық ұғым, көптік форма, көптік категориясы.

Summary

This paper considers the problem of ingrained habits of Kazakh language spoken words in conjunction noun based on the centuries-old national habit of oral speech and stand-up about the problem in the theory of grammar.

Key words grammar, category, grammar concepts, the plural form and multiple categories.

Орта мектепте, жоғарғы оқу орнындарында сөйлеу барысында көптік жалғауы орынды да, орынсыз да қолданыла беретін болды. Бұл құбылыс жалпылама ережеге айналды. Ал, түркі (қазақ) тілдерінің басты ерекшелігі: «Атау тұлғадағы зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды». «Зат есім атау тұлғада тұрып жалпылама мағына білдіреді, көптік мағына білдіреді», секілді тіл заңдылығы мүлде ескерусіз қалды. Қазіргі күні бәрімізге мәлім, ауылға келген жас бала

* биология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Әлеуметтік даму министрлігінің «Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығы», Ой еңбегі гигиенасы және физиология лабораториясының аға ғылыми қызметкері, Караганды-Қазақстан.

Senior Researcher, candidate of Biology, "National Center of Hygiene and Occupational Diseases" Republic of Kazakhstan, Physiology and Hygiene brainwork, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: beisetayev@mail.ru

өрістен келе жатқан бір отар (табын) малды көріп: «Қойлар келе жатыр, Ата», «Сиырлар келе жатыр, Ата», «Аттар келді, Ата», – деп сөйлейтіні белгілі. Ал, жеке тұрып көптік мағына білдіретін «мал» сөзін көпшелендіріп «малдар», деп ауыл адамының өзі де сөйлейді. Ежелден жеткен «адам» сөзі "адамдар" болып, ал «қазақ» сөзі "қазақтар" болып шықты. Міне, зиялы қауым, бұл – «...Дуасыз ауыздан шыққан сылдыр сөз», – деген осы болар.

Ұлт тарихын білу, оның бастау көзі мен кезеңін танып, бүгінгі күнде жастар тәрбиесінде қолдануға ұмтылу – барлық халыққа тән дәстүрлі амал. Қазақ тілі ғайыптан пайда болған жоқ әрі жеке жаратылған тіл де емес. Оның шыққан тегі бар – түрік жұрты. Ертеде өткен бабаларымыздың «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіп», сөз қадірін біліп әрі оны ретімен орынды қолдана білгені тарихтан белгілі – әлем мойындаған шындық. Десек те, академик М.С. Серғалиев айтқандай: – «Қазақ тіл білімінде орыс тіліне еліктеу», – басым болып кетті» [1, 87-91].

Қазіргі түркі тілдерінде және көне дәуірге қатысты мұралар тілінде де жекелік және көптік мағына білдіру бар. Жекелік мағына сан есім арқылы, ал көптік мағына тудырудың негізгі жолы – көптік жалғауы делініп жүр. Тілімізде зат есімнің «жекелік-көптік» формасы ғылымда белгілі мәселе. Бірақ, түркі тілдерінде «сөз» атауының қай-қайсысы болса да жалпылама, жинақталған ұғымды білдіреді. Қазақ тілінде көптік жалғау жалғанбаса да, көптік мағына тудыратын табиғи тәсіл мен заңдылық жеткілікті.

Сондықтан зерттеу жұмысының мақсаты қазақ тілінің құрылымы мен табиғи қызмет атқаруына сай келетін зат есім мен зат есімдік сөз тіркесі арқылы жекелік-көптік мағына тудыру мәселесін талдау. Тілімізде бар, бірақ кеңестер одағы кезіндегі ұлттық саясатқа орай ескерілмей қалған семантикалық-синтаксистік көптік мағына білдіру тәсілі туралы ойымызды зиялы қауым назарына ұсынып отырмыз.

1. Қазақ тіліндегі «көптік категориясы» мен «көптік жалғау категориясы»

Қазақ грамматикасында көптік мағына тудыратын сөз таптары әбден зерттелді деп айту қиын. Қазіргі қазақ тіл білімінде бұл тақырып ертеден зерттелгенімен әлі де пікір-талас тоқтаған жоқ, ортақ пікір және жоқ. Көптік форма қандай жағдайда көптік мағына береді, семантикалық және грамматикалық мағынасы қандай, деген сұрақ нақты тілдік мысал арқылы ашылу керек. «Тілімізде көптік мағынаны -

лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер жалғаулары ғана береді», – деуге болмайды.

Көптік ұғым формасының бірден-бір грамматикалық көрсеткіші – көптік жалғауы болғанмен, проф. А. Айғабыловтың: «Зат есімнің -лар, -лер жалғауынсыз қолданылып, көптік мағына беретіні» [2, 111-121], проф. А.Ысқақовтың: «Сөздің көптік мағына беруіне лексикалық мағына себеп болатыны» [3, 141-142], проф. С.Исаевтың: «Қой, түйе сияқты сөздер жекеше (-лар, -лерсіз) тұрып көптік мағына беретіні» [4, 58-64], ал қазақ тілінде «қой» – жекеше, «қойлар» – көптік формада деген түсініктің қате екендігі туралы айтқандары бүгінгі күні ескерусіз қалды. Ол, ол ма, қазақтың ауызекі сөйлеу тілі таза ескерусіз қалды. Ауызекі сөйлеу тілінің қазақ әдеби тілінің табиғи ерекшеліктері мен заңдылықтарының қайнар көзі екені ұмытылды. Қазақтың әдеби тілі орыс тіл біліміне сай құрылды және оның заңдылықтарымен нормаланды.

Қазақ тіл білімінде грамматика, грамматикалық көптік мағына туралы ілім А.Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов еңбектерінен басталады [5; 6]. Олардың еңбегінде зат есімнің жекеше-көпше түрі алғаш қарастырылды. 1940 жылдан кейін қазақ тіл білімінде грамматика жағдайы күрт өзгерді – акад. М.С.Серғалиев айтқандай, орыс тіліне еліктеу басталды – сөйлемнің кез-келген мүшесіне орынды да, орынсыз да -лар, -лер жұрнақтарын жалғау басталды. Мысалы, 1954 жылғы оқулықта көптік категориясы ғана сөз болды. «Басқа түрік тілдеріндегі сыяқты, қазақ тілінде де зат есімнің көптік категориясы үш түрлі тәсіл арқылы... 1. Морфологиялық тәсіл деп түбірге я туынды түбірге көптік жалғауының -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер қосымшасының қосылуы арқылы жасалуын айтамыз... Мысалы: қала – қалалар, үй – үйлер, қыз – қыздар, із – іздер, институт – институттар, мектеп – мектептер» [7, 219]. Кейінгі оқулықтарда (1962, 1967) [8; 9] зат есімнің жекеше мен көпше түрі жеке тақырып етіп берілген, алайда оларда жекелік мағынаға көңіл бөлінбеген, тек қана көптік мағына мен оның берілу жолы көрсетілген. Мысалы, проф. А.Ысқақовтың оқулығында көптік мағына талданған. Оның пікірінше, «тілімізде көптік категориясы да, көптік жалғау категориясы да бар. Ал, осы екеуі бірдей ұғым да емес, бірдей категория да емес. Көптік категориясы деген ұғым тым жалпы ұғым да, көптік жалғау категориясы онан гөрі әлдеқайда жалқы ұғым. Мысалы, көптік категориясы тілімізде үш түрлі жолмен беріледі: лексикалық тәсіл арқылы да, морфологиялық тәсіл, синтаксистік тәсіл арқылы да айтылады» [3, 154]. Профессор

А.Ысқақов еңбегінде көптік категориясының жасалу жолдарын тілдік нақты мысалмен дәлелдеп, бірақ «көптік жалғау категориясы» ұғымның сипатын ашпады.

Бұл туралы: – «... ол термин және ұғым (көптік жалғау категориясы) көптік жалғау дегенмен барабар болу керек. Мұнда, біріншіден, категория (әрине, грамматикалық категория мәнінде) деген термин, белгілі бір тұрақты грамматикалық құбылыстың аты ретінде белгілі бір принциппен қолданылмаған. Екіншіден, «көптік жалғау категориясы» деген термин «грамматикалық формалар жүйесі арқылы берілетін тектес, ыңғайлас әрі өз ішінде бір-біріне қарама-қайшы болып келетін грамматикалық мағыналардың жиынтығы» деп анықталатын грамматикалық категория ұғымын тіпті жоққа шығарады» [4, 59], – дейді профессор С.Исаев.

Көптік категориясы деген термин: «Грамматикалық формалар жүйесі арқылы берілетін тектес, ыңғайлас әрі өз ішінде бір-біріне қарама-қарсы болып келетін грамматикалық мағыналардың жиынтығы». Белгілі бір тұрақты грамматикалық құбылыстың аты ретінде белгілі бір тәртіпті принциппен қолданылады.

Қазақ тіл білімінде ХХ ғ. 50-60 жж. І. Кеңесбаев пен Н. Сауранбаев бастаған ғалымдар, орыс тіліне еліктеудің нәтижесінде мына қорытындыға келді: – «Көптік жалғауы барлық сөз таптарына дерлік түгелдей жалғанады. Бірақ бәрінің бірдей көптік мағынасы бірдей емес, негізгі сөздің семантикасына, оның қай сөз табына жататындығына, мәтінге байланысты олардың әртүрлі мағыналық қырлары болады» [7, 220]. Йә, еліктеудің әсері емес пе, қазақша «барлық сөз табына» дудің орнына орысша нұсқада «барлық сөз таптарына» делінген.

Қазіргі түркі тілдеріндегі көптік жалғаудың айтылу сыйпаты

р/с	Қазіргі түркі тілі	ат	қоян	ай
1	2	3	4	5
1	Қазақ тілі	аттар	қояндар	айлар
2	Азербайжан тілі	атлар	довшанлар	айлар
3	Алтай тілі	аттар	қойондор	айлар
4	Башқұрт тілі	аттар	коендор	айлар
5	Қырғыз тілі	аттар	қояндар	айдвар
6	Қумық тілі	атлар	қоянлар	айлар

Бейсетаев Р. Қазақ тілінде көптік мағынаны зат есім мен...

1	2	3	4	5
7	Татар тілі	атлар	коендар	айлар
8	Тува тілі	ачттар	қоаннар	айлар
9	Түрік тілі	атлар	таушанлар	айлар
10	Өзбек тілі	отлар	куенлар	айлар
11	Хакас тілі	аттар	хозаннар	айлар
12	Чуваш тілі	утсем	куянсем	айсем
13	Шор тілі	аттар	қозаннар	айлар
14	Якут (Саха) тілі	аттар	кусбахтар	айлар

Нағыз еліктеу осы емес пе, қазақ секілді аталған түркі жұрты атау тұлғада зат есімге көптік жалғау қоспай, көптік мағына білдіріп сөйлейді. Біз бұны кеңес одағы кезіндегі ұлттық саясаттың ықпалы деуіміз керек.

2. Қазақ тілінде көптік мағына білдіру жолдары

Көптік мағына қазақ тілінде төрт түрлі тәсілмен жасалады:

1) лексикалық тәсіл – зат есімді жеке сөз атау тұлғада тұрып көптік (жалпылама) ұғымды тікелей өз лексикалық мағынасы арқылы білдіреді. Мысалы: ата, ана, бала, жылқы, қымыз, қой, ешкі, сүт, құрт, ірімшік, жүн, алаш, алтай, қазақ, қалмақ, қарақалпақ, татар, ноғай;

2) морфологиялық тәсіл – көптік ұғым атау тұлғада тұрмаған зат есімге немесе басқа таптағы жеке сөзге тиісті қосымша қосу арқылы жасалады. Оған төмендегі көптік жалғау қосымшалары жатады: -лар,-лер, (-дар,-дер, -тар,-тер). Олар түбір сөзге (сөзформаға) жалғанып, көптік мағына тудырады: бала-ларымызды, кітап-тарын, біз-дер, сіз-дер, т.б.

3) синтаксистік тәсіл – көптік мағынаның сөйлем ішінде сөз тіркесі арқылы берілу жолы синтаксистік тәсіл деп аталады. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде көптік мағынаның сөз тіркесі арқылы берілуі дербес категория болып есептеледі. Мысалы: алты алаш, бес жылқы, алты адам, он екі ай, он шақты қара, мол дүние, қыруар мал, т.б.

4) контекстік тәсіл – көптік мағынаны мәтін құрылымы арқылы білдіру. Қазақтың дәстүрлі ауызекі сөйлеу тілінде көптік мағынаны мәтін арқылы білдіру келісті қалыптасқан. Мысалы: Апаларың бар ма? Үйлерің кең екен. Бұл сөйлемдер апаның, үйдің көптігін білдіріп

тұрған жоқ, керісінше апаның баласының көптігін, үйдегі баланың көптігін білдіреді. Немесе, «Біреуің әкелеріңді шақыр, тамағын ішсін» деген сөйлем ортақ әкенің баласының көптігін білдіріп тұр.

3. Қазақ тілінде зат есімнің жекелік-көптік категориясы

Көптік мағына заттың санымен байланысты, бірақ заттың санын дәл көрсетпейді, тек саны көп екенін білдіреді. Ал заттың санын көрсету үшін сан есім қолданылады. Мысалы, "он адам", "отыз жылқы" деген тіркесте адамның да, жылқының да саны белгілі, ал "адам баласы", "жылқы малы" дегенде тек заттың көптігі беріледі, бірақ нақты саны белгісіз.

2002 жылы шыққан қазақ грамматикасында: – «Зат есімдерді жекеше, көпше деп аталатын екі топқа айыра көрсетуге негіз болатын ең басты грамматикалық сыртқы белгі – оларға көптік жалғауының жалғануы. Көптік жалғауын жалғау сөзге көптік мағына берудің негізгі жолы болғанымен, бірден-бір ғана жолы емес. Ана тілімізде зат есімде көптік мағына пайда болуының бұдан басқа да амал-тәсілдері бар» [10, 454], – деп көрсетілгенімен, тек көптік мағынаның қосымшасы – көптік жалғауының ерекшеліктері мен қызметі сөз болған.

Тілімізде заттың санын дәл атауды қажет етпейтін, бірақ көптік ұғым берілетін жағдай көп кездеседі. Мысалы: адам, қымыз, арқар, бидай т.б. Бұл сөздер ешбір қосымшасыз-ақ заттың атауы ретінде көптік ұғымды білдіріп тұр. Тілімізде "көп адам", "қыруар мал" тіркестерінде зат есімнің алдында келіп, қосымшасыз анықтауыш болып тұрған "көп", "қыруар" сөздері көптік ұғым тудырып тұр. Ал, бүгінгі күнгі қолданылып жүрген "адамдар", "қазақтар", "малдар" сөздері ешқандай мағына білдірмейді.

Ғылымда тіліміздің осы ерекшелігін көрсететін арнайы категория бар. Ол – жекелік-көптік категориясы. Бұл категория тек зат есімге қатысты, өйткені жекелік-көптік ұғым адамзатқа, затқа қатысты ғана айтылады. Зат есімнің жекелік-көптік мағынасы ғылымда танылған [1-4; 11-13]. Көптік ұғым бар жерде жекелік ұғым да болатындығы даусыз. «Жекелік мағына зат есімнің лексикалық мағынасымен бірге түбір сөзде беріледі, бірақ оның қосымшасы жоқ. Осы бір-біріне қарама-қайшы екі ұғымның жиынтығы арқылы және жекеліктің арнайы тұлғасы болмай, көптік ұғым көптік жалғау арқылы берілуінен көптік категориясының сипаты ашылады», – делініп келді. Осыған орай С.Исаев: – «Көптік мағына грамматикалық тұрғыдан жекелік мағынаға қарама-қайшы мағына ретінде заттың сандық ұғымының

шеңберінде өмір сүреді. Сондықтан бұл категория көптеген тілдерде қазақ тіліндегідей көптік категориясы деп емес, сан категориясы (мысалы, орыс тілінде категория числа, қазіргі қырғыз тілінде сан категориясы) деп аталынады [4, 55]», – дей келіп, көптік категориясын осы еңбегінде «Сан-мөлшер (көптік) категориясы» деп атаған.

М. Томанов пен Н. Жүнісов: – «Арнаулы морфологиялық тәсіл арқылы берілетін сандық ұғым – көптік. Көптік ұғым чуваш тілінен басқа түркі тілдерінде -лар аффиксі арқылы беріледі. Қазіргі түркі тілдерінде, сондай-ақ көне жазбалар тілінде (көне тілдерде) бірлікті білдіретін қосымша жоқ, болған да емес [14, 36-43], – деп тұжырым жасайды.

Бүгінгі күні зат есімнің жекеше-көпше түрі Монголиядағы қаймағы бұзылмаған Абақ керейдің тілінде таза сақталған. Сондай-ақ, дербес мемлекет болып келе жатқан Түркия халқының тілінде де таза сақталған. Түрік тілінде зат есім атау тұлғада тұрып жалпылама ұғым, көптік ұғым білдіреді. Жекеше түрі сан есімді сөз тіркесі арқылы жасалады, мысалы:

bir masa – стөл, бір стөл, белгісіз стөл

(**bir masa – бір стөл, екеу емес, үшеу емес**);

bir adam – адам, бір адам, белгісіз адам;

bir elma – алма, бір алма, белгісіз алма.

Көптік ұғымның ғылымда танылып жүрген берілу жолдары мынадай:

а) Көптік ұғымды сөздің (санауға, жекелеп есептеуге келмейтін зат атауы) тікелей өз лексикалық мағынасы арқылы білдіру лексикалық тәсіл. Лексикалық тәсілмен көптік ұғым білдіретін сөз тобы бірнешеу:

– жеке-даралап санауға келмейтін заттардың аттары (су, сүт, ұн т.б.);

– ру, халық, ұлт, ел аттары (қазақ, қырғыз, өзбек т.б.);

– әр қилы жәндіктер, аң, хайуанат атаулары (көбелек, түлкі т.б.);

– өсімдік аттары (арпа, сұлы, жусан т.б.);

– адамның ішкі құбылысының, дүниедегі сын-сипаттың, іс-әрекеттің, күй-жайдың атауы (ермек, қуаныш, ізгілік т.б.).

Тілімізде зат есімнің көпшілігі, оның ішінде адамзатқа қатыстысы, атау тұлғада тұрып бір заттың немесе заттық ұғымның нақтылы атын белгілеп, оларға байланысты жалпылама, көптік

грамматикалық мағына береді. Сондықтан қазақ тілінде көптеген зат есімнен, оларды ешбір жалғаусыз-ақ тіркестіре отырып, жаңа сандық грамматикалық мағына жасап алуға болады. Бұл орайда жалғаусыз тіркесу қолданылады.

4. Қазақ тілінде көптік мағынаны сөз тіркесі арқылы білдіру туралы

Көптік мағынаның сөз тіркесі арқылы берілу жолы синтаксистік тәсіл деп аталады. Мысалы: алты алаш, қырық ру, он адам, жиырма жауынгер, мол дәулет, таусылмас ырыс, бармақтай бақ, т.б. Ал, мұны проф. С.Исаев «сан есімдер, сандық мәні бар сөздер, қайталама қос сөздер зат атауының алдынан келіп, оны анықтап тұрса, ол зат біреу емес, бірнешеу (көп) екенін түсінеміз [4, 66]», – деп, тілімізде көптік мағынаның осылай берілуін аналитикалық тәсіл деп атайды. Бұл орайда біраз мысал келтірейік.

Қазақ тілінде көптік мағынаны сөз тіркесі арқылы білдіру

Бүгінгі сөз тіркесі	Дұрыс сөз тіркесі
Бес сиырларымыз бар	Бес сиырымыз бар
Бес бұзаулы сиырларымыз бар	Бес бұзаулы сиырымыз бар
Екі үйір жылқыларымыз бар	Екі үйір жылқымыз бар
Үйге төрт кісілер келді	Үйге төрт кісі келді
Жанында алты адамдары бар	Жанында алты адамы бар
Бес әншілері бар топ	Бес әншісі бар топ
Біреулерің әкелеріңді шақырыңдар	Біреуің әкелеріңді шақыр
Жүз мың хабарландырулар	Жүз мың хабарландыру
Ақпараттар мен хабарландырулар	Ақпарат пен хабарландыру

Қазақ тілінде көптік мағынаны сөз тіркесі арқылы білдіру

Бүгінгі сөз тіркесі	Дұрыс сөз тіркесі
Барлық тақырыптар	Барлық тақырып
Барлық малдарымыз	Барлық малымыз
Жолаушылар тасымалы АҚ	Жолаушы тасымалы АҚ
Бос орындар бар	Бос орын бар
Есіктер ашылады	Есік ашылады
Банктер көп	Банк көп
Алматыда алмалар көп	Алматыда алма көп
Автокөліктер жүргізушілері	Автокөлік жүргізушілері
Барлық үлгілерге 30% жеңілдіктер	Барлық үлгіге 30% жеңілдік

Көптік мағынаны сөз тіркесі арқылы берудің бірінші жолы.

Бұл тәсілде көптік мағына бір заттың санын көрсетіп, зат есімнің алдынан белгілі бір сан есім келтіру арқылы беріледі. Осылай, сан есім мен зат есімнің тіркесі жасалғанда, зат есімге көптік жалғауы жалғанбай жазылады және жалғанбай айтылады. Мысалы: алты алаш, алты адам, он бала, т.б.

Тілімізде зат есімнің сан есіммен жалғаусыз тіркесуі – көптік мағына тудырудың белгілі амалының бірі. Бүгінгі күні қазақ тілінің өрескел шұбарлануы, міне осы сөз тіркесін дұрыс құрмауымыздың арқасы екені белгілі, бірақ мойындамаймыз.

Көптік мағынаны сөз тіркесі арқылы берудің екінші жолы.

Қазақ тілінде мөлшерлік ұғымды білдіретін бірталай сөз бар: көп, аз, мол, біраз, бірталай, біршама, бірнеше. Бұлар ешбір морфемасыз көптік ұғымды білдіреді, сондай-ақ ата-ана, бала-шаға, ән-күй, ақын-жырау, т.б. Бұлар көптік ұғымнан гөрі жинақтық мағына білдіреді. Дегенмен осы сияқты сөзді көптік формадан туған грамматикалық мағына емес, ол сол сөздердің ішкі лексикалық мағынасы болады. Қазақ тілінде грамматикалық көптік мағына грамматикалық көптік форма арқылы беріледі [15-20]. Бұл келтірілген еңбектерде қазақ тілінде зат есім мен сын есімнен сөз тіркесін жасаудың грамматикалық қыр-сыры жан-жақты қарастырылған.

А.Ысқақов тілімізде сөздердің қосарлануы арқылы да (бала-шаға, кәрі-жас т.б.) көптік ұғым білдіріледі деп, оны лексика-синтаксистік тәсіл деген [3, бет. 41]. Тілде қос сөздің жасалуы сөз тіркесін құрудың бір тәсілі. Қос сөзді зат есімдердің көптік мағынада жұмсалудың екі жолы бар:

1) мағыналары бір-біріне жуық келетін екі зат есімнің қосарлануы арқылы жасалатын қос сөз (құрал-сайман, ағайын-туыс, тамыр-таныс);

2) мөлшер мәндегі зат есімнің екі рет қайталануы арқылы жасалатын қос сөз (қора-қора, үйір-үйір, сала-сала).

Қазақ тілінің табиғи жаратылысы және жекелік-көптік мағына. Қазақ тілінде «адам» – жекеше, «адамдар» – көптік формада деген қате түсінік екендігі ұлттық ауызекі сөйлеу тілімізде жақсы сақталған [17-20]. Ал, ауызекі сөйлеу тілінің қазақ әдеби тілінің табиғи ерекшеліктері мен заңдылықтарының қайнар көзі екені ұмытпауымыз керек. Қазақтың әдеби тілі ауызекі сөйлеу тілімізде бар табиғи ерекшеліктерге сай құрылып, оның заңдылықтарымен нормалануы

тиіс. Сонда ғана тілімізде жекелік-көптік категориясы шынайы тілдік категория болып қабылданады.

Еліктеудің әсері ғой, қазақша «ас алыңыздар», «шай ішіңіздер» деудің орнына, қазақтың ауызекі сөйлеу тілін ысырып тастап, орысша нұсқада «астарыңды алыңдар», «шайларыңды ішіндер» делінеді. Біз үлгі етіп жүрген орыс тілінің бір ерекшелігі: орыс тілінде кез келген сөйлем бір немесе бірнеше сөздің қиюласып, байланысқан ретті тізбегінен жасалады, ал қазақ тілінде кез келген сөйлем бір немесе бірнеше сөз тіркесінің қиюласып, байланысқан ретті тізбегінен жасалады. Бұл – біздің тілдің табиғи жаратылысы. Бұл салада проф. Ж.Жақыпов тындырымды еңбек етіп, жақсы нәтиже алып еді [21], оны елеп жүрген ешкім жоқ.

Қазақ тіл білімінде лексикалық мағына, грамматикалық мағына және грамматикалық категория туралы сөз болғанда: – «Сөйлем құрамында тұрған әрбір сөз бір нақты лексикалық мағынада жұмсалады және бірнеше грамматикалық мағынаны білдіре алады. Грамматикалық мағыналар тұтас бір сөздер тобына тән болып келеді әрі нақты лексикалық мағынаға қарағанда абстрактілік мағынаны білдіреді» [12, 42], – делінген. Егер соңғы сөйлемді – «Грамматикалық мағына тұтас бір сөз тобына тән болып келеді әрі нақты лексикалық мағынаға қарағанда абстрактілік мағынаны білдіреді» қылып, мағынасыз -лар,-лер-ден ажыратсақ, шын мәнінде орыс тіліне еліктеуден арыламыз. Біз сонда ғана қазақ сөйлемі сөз тіркестерінің мағыналы әрі ретті тізбегінен жасалатынын, сөз тіркесінің біртекті тембрлі дыбысталуында гармония құбылысы, құрмалас сөйлемнің әртекті тембрлі дыбысталуында сингармония құбылысы пайда болатынын ұғар едік.

Қазақ өзінің табиғи қалыптасқан менталитетіне сай, жалпылама ұғым білдіріп, сый-құрмет білдіріп сөйлейтін халық. Ал, тіліміздегі "Сіз"- "Біз" көптік мағынаның емес, екі кісі сөйлескендегі өзара сыйластықтың белгісі. Өзара сыйластықтың бір белгісі, "Мен" деп сөйлемейтін елміз. Көптік мағына "Сіздер"- "Біздер" үлгіде беріледі. Сыйластықтың тағы бір белгісі, көптік мағынада сөйлейтін елміз. Сөйлеуде, сөйлемде грамматикалық мағына "сөз тіркесі" арқылы беріледі. Мысалы: "Алты алаш" тіркесі алаштың алтау екенін, олар – алтай, қазақ, қалмақ, қарақалшақ, татар, ноғай жалпы түріктің ішінде етене туыс, тағдыры бір халық екенін білдіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілінде тілдік ерекшелігімізді көрсететін арнайы категория бар. Ол – жекелік-көптік категориясы. Көптік ұғым бар жерде жекелік ұғымның да болуы – шарт. Бұл тілдік категория, негізінен тек зат есімге қатысты, өйткені жекелік-көптік ұғым адамзатқа, затқа, тұрақты заттық не рухани құбылыстарға қатысты ғана айтылады.

Көптік мағына зат есімнің лексикалық мағынасымен бірге түбір сөз арқылы беріледі, оның қосымшасы жоқ. Қазақ тілінде көптік жалғауы атау тұлғадағы зат есімге жалғанбайды. Жекелік мағына лексикалық мағынасы бар зат есімнің түбір сөзінің алдынан "бір" санын қосу арқылы беріледі.

Бір-біріне қарама-қарсы бұл екі ұғымның жиынтығы арқылы және көптік ұғымның арнайы қосымшасы жоқ зат есім арқылы берілуінен, ал жекелік ұғымның түбір зат есімнің алдынан "бір" санын қосу арқылы жасалуынан жекелік-көптік категориясының сыйпаты ашылады.

Қазақ тілінің табиғи жаратылысына сай, грамматикалық тұрғыдан жекелік мағына көптікке қарама-қарсы мағына ретінде заттың сандық ұғымының аясында пайда болады. Сондықтан бұл категория тілімізде бұрын қабылданғандай «**көптік категориясы**» түрінде емес, жалпылама «**жекелік-көптік категориясы**» деп аталуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Серғалиев М.С., Айғабылов А., Құлкенова О. *Қазіргі қазақ әдеби тілі*. – Алматы: Ана тілі, – 1991. – 214 б.
2. Айғабылұлы А. *Қазақ тілінің морфологиясы мен лексикологиясы*. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2006. – 272 бет
3. Ысқақов А. *Қазіргі қазақ тілі. Морфология*. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
4. Исаев С.М. *Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар*. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 143 б.
5. Байтұрсынов А. *Тіл тағылымы*. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
6. Жұбанов Қ. *Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер*. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
7. *Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика, грамматика*. – Алматы: Ғылым, 1954. – 564 б.
8. Кеңесбаев І., Мұсабаев Р. *Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика*. – Алматы: ОПБ, 1962. – 315 с.
9. *Қазақ тілінің грамматикасы. II том. Синтаксис*. – Алматы: Ғылым, 1967. – 18-б.

10. *Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис.* /Жауапты ред. Е. Жанпейісов. – Астана, 2002. – 784 б.
11. Қалыбаева А.Қ., Оралбаева Н. *Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі.* – Алматы: Ғылым, 1986. – 181 б.
12. Момынова Б., Сәткенова Ж. *Қазақ тілі морфологиясы. Есімдер.* – Алматы: Арыс, 2007. – 120 б.
13. Бейсенбаева К.А. *Қазіргі қазақ тіліндегі зат есімдердің жалғаусыз тіркестерінің кейбір түрлері.* – Алматы: 1974. – 63 б.
14. Томанов М., Жүнісов Н. *Түркі тілдерінің салыстырмалы морфологиясы.* – Алматы: Кітап, 1984. – 84 б.
15. Балақаев М. *Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі.* – Алматы: Ана тілі, 1992. – 248 б.
16. Сайрамбаев Т. *Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі.* – Алматы: Рауан, 1991. – 200 бет.
17. Қалиев Б. *Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері* /Жинақ: Сөз өнері. – Алматы: 1985. – бб. 25-42.
18. Әміров Р.С. *Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері.* – Алматы: Мектеп, 1977. – 92 б.
19. Исаев С. *Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты.* – Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
20. Құрманова Н.Ж. *Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркесінің жүйелік-құрылымдық сипаты.* – Алматы: Қазбілімжабдық Басп. 2001. – 70 бет.
21. Жақыпов Ж.А. *Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі: контекст проблемасы.* Филол. ғыл док-ры дис. – Алматы: 1999. – 225 б.

**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ АЛАШ ӘДЕБИЕТІ: ҚАЗАҚ
ПОВЕСТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

А.Б.ДОСЫБАЕВА*

Түйіндеме

Мақалада автор Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, Б.Майлиннің XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін, оның ішінде көркем проза жанрын қалыптастыру мен дамыту ісіндегі ізденіс, еңбектеріне ғылыми талдау жасайды. XX ғасыр басында жазылған қазақ повестерін тақырыбына қарай жіктеі отырып, негізінен үш түрлі әлеуметтік мәселені айқындап көрсетеді. Олар – қазақ әйелдерінің бас бостандығы, халықтың арғы-бергі кезеңдегі әлеуметтік теңсіздігі, таптық күрес және бұқараның жаңа өмір орнату жолында қалай күресіп жатқанын, кеңестік жаңа заманның жалпы рухын көрсету, жаңа дәуір адамдарының образдарын жасауға талпыну.

Кілт сөздер: повесть, жанр, образ, Алаш арыстары, қазақ повестері.

Summary

The author of this article J.Aymawıtulı, M. B.Mailin Kazakh literature at the beginning of the twentieth century, including in the development of the art of prose and research, scientific analysis of the work. At the beginning of the XX century Kazakh classified according to the theme of his stories, to define three types of social problems. They Kazakh women's freedom, people from overseas since the period of social inequality, the class struggle and mass are struggling with how to set up a new life, the spirit of the new generation of Soviet general, attempting to create a new era of images of people.

Keywords: novel, genre, image, Kazakh story.

XX ғасыр басы қазақ елі үшін ғана емес, адамзат қоғамы үшін де қоғамдық санаға сансыз өзгерістер, сілкіністер әкелген ерекше кезең болды. Кез келген өнер туындысы өмірден жырақ тұрмайды, оның өзінен туындап шығармаға негіз, арқау болып өріледі. «Ақынның қасиеті – заманға жаңғырық, әлеумет тұрмысындағы зор оқиғаларға айна болып, тарихи із, тарихи материал (дерек) қалдырып отыруында» [1]. XX ғасырдың 20-30 жылдарында Алаш арыстары негізін қалаған

* филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Шымкент/Қазақстан.

International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasawi, Research Institute of Turkology, Candidate of Philology, Senior researcher, Shymkent / Kazakhstan.

қазіргі қазақ әдебиеті тарихына, оның жүріп өткен жолына қарағанда байқайтынымыз, ұлттық танымдық-көркемдік биігіне көтерілген әдебиетіміз қиын жағдайда қалыптасты. Халқымыздың мәдени, әдеби даму тарихында Алаш қаламгерлері, әрі қоғам қайраткерлері Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, Б.Майлин ұлтымызға теңдессіз мол мұра қалдыра білді. Қазір қолымызда қалған құнды мұралар бүгінгі әдебиетін іздейтін, әдебиетін сүйетін жас ұрпаққа да таптырмас рухани азық екендігін айтып жатудың өзі артық. Демек, қазіргі қазақ әдебиеті жоқ жерден басталған жоқ, құнарлы, бай әдебиетіміздің өз қайнарынан қуат алғандығы заңды.

Повесть жанры туралы қазақ әдебиеттануындағы пікірлердің әріден басталатын өзіндік тарихы бар. Ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы өз заманында повестке «Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі», «Ұзақ әңгіме» [2] деп анықтама берсе, зерттеуші ғалым Қ.Жұмалиев «Баяндау арқылы қара сөзбен жазылған орташа шығармалар «Ұзақ әңгіме» деп аталады. Романмен салыстырғанда, ұзақ әңгімеде эпизодтар аз және алған оқиғалардың көлемі де шағын болатындығы» жөнінде айтады. [3, 103].

Қазақ әдебиетінің алғашқы дәуіріндегі «Таңбалылар» (Ж. Тілепбергенов), «Жәмила қалай сауатты болды» (Е. Бекенов), «Алтыбасар», «Бекболат» (С. Шәріпов), «Партизандар» (М. Дәулетбаев) сынды повестерде кеңес үкіметінің жеңісі, ұжымдастыру жұмысы мен әлеумет ісіне араласа бастаған қазақ әйелінің бейнесі өмір шындығына лайық суреттелінеді. Аталмыш шығармалар тақырыбы: Қазақ жеңісі мен халықтар бірлігіне, дәстүріне негізделсе, кейіпкерлері қалың бұқара арасынан шыққан, көптің мүддесін қорғаушы күрескерлер ретінде есте қалады. Ал, Ж. Аймауытұлының («Күнікейдің жазығы»), С. Сейфуллиннің («Айша», «Жер қазғандар», «Жемістер»), Б. Майлиннің («Шұғаның белгісі», «Раушан – коммунист», «Он бес үй», «Қырманда»), І. Жансүгіровтың («Нұрша»), С. Мұқановтың («Ақбөпенің сыры», «Жарқын жолмен», «Ажардың ажалы», «Екпінді»), М. Әуезовтің («Көксерек», «Қилы заман», «Қараш-қараш оқиғасы»), т.б. шығармаларының жарық көруі қазақ кеңес әдебиетінің идеялық-көркемдік жағынан нығайып, жанрлық тұрғыдан жетіле түскенін көрсетеді. Алаш қаламгерлерінің повестері ең алдымен жаңа өмір көріністерін, қазақ әйелінің бас бостандығы мен халықтың әлеуметтік теңсіздігін шындық сипатында суреттеуімен ерекшеленеді. Қоғамдық ахуал, дәуір тынысы, адам өмірі

мен еңбек тұрмыстары да әр алуан ізденіс, кең көлемді суреттеулер арқылы көркем, нанымды өріс алады. Өмір, уақыт шындықтарына, адам факторына көп назар аударылады. Ең негізгісі, жанрға деген жауапкершілік артып, көркемдік ізденістер жетіле түскені анық аңғарылды.

XX ғасыр басында жазылған қазақ повестерінің тақырыбына қарай жіктегенде негізінен үш түрлі әлеуметтік мәселені айқын аңғрылады. Біріншісі – қазақ әйелдерінің бас бостандығы, екіншісі – халықтың арғы-бергі кезеңдегі әлеуметтік теңсіздігі, таптық күрес, үшіншісі – бұқараның жаңа өмір орнату жолында қалай күресіп жатқанын кеңестік жаңа заманның жалпы рухын көрсету, жаңа дәуір адамдарының образдарын жасауға талпынуы.

Бірінші тақырып қазақ әйелдерінің бас бостандығын сөз еткенде, XX ғасырдың басында жазылған повестер ішінде көркемдік сапасы жоғары, жанрлық ерекшеліктерді терең меңгере отырып, өмір шындығын шебер көрсетіп берген Ж.Аймауытұлының «Күнікейдің жазығы» повесі «Жаңа әдебиет» журналының 1928 (№7,8,9) және 1929 (№2,3) жылдардағы бірнеше санында жарияланды. Ж.Аймауытұлының «Күнікейдің жазығы» повесінде ойындағысын тура айтпай, ишаралап жазу кездеседі. Шығарма «Жапалақша жалпиған, жарқанатша қалқиған жермен жексен шым қора, бейнеуі жоқ сұм қора. Шымқорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса болып сүйегі, қалақтай болып иегі, жаңқадай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ? Білмесеңіз айтайын – Күнікей ғой бұ жатқан» [4, 346], - деп басталады. Күнікей мүшкіл халде. Күнікейдей көркі мен өнері көз тартар қазақ қызының тағдыры уақыт өте адам аярлық халге жетуі бұрын-соңды қазақ әдебиетінде кездесе бермейтін сюжет. Ж.Аймауытұлының «Күнікейдің жазығы» повесінің тақырыбы – әйел теңсіздігі емес. Шығарманың атауына көңіл аударсақ, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «жазық» сөзіне «теріс қылық, айып-кінә» деген түсініктеме беріледі. Жазушы Күнікейдің жазығын түсіндіруді оның әке-шешесін сипаттаудан бастайды: «Ақ жаулық қылаң ұрған, қылаң Шекер, Етегі аяқ басса, бұлаң етер, Мықынын басып қалсаң: Ой қағынды!, Қойшы! – деп еркеленер, бұраң етер. Ордабайдың ауылы - өңшең боз бас, Қолы бос, делебесі неге қозбас? Қызды ауылды торудан торықса да, Немесе оңайына обықса да, Шекерден айналып кеп әйел озбас!» [4, 348] Күнікейдің анасын суреттеуінен біз ана образына жат қасиет-қылықтарды көреміз. Күнікейдің анасы Шекер образы оқиға барысында ашыла түседі. «Жырынды Шекер шеше болам деп бекер

арам тер болды. Баланы іспен емес, сөзбен, үлгімен емес, ақылмен үйретпекші адам сорлы ғой. Шекер өзіне «кұдай жұқтырмағанды» қызына оқыды. Қызы көргенін тоқыды. «Бозбаламен өзі неге ойнайды?» деген сұрау Күнікейдің ойына ерте бекіді» [3, 349]. Қаламгер осы мысалдармен-ақ Күнікейдің қандай тәрбие алып өскенін көрсетіп отыр. Күнікей шешесіне құрық бермеді. Шығарма соңында атастырған күйеуі Тұяқты тастап өзі жүрегінің қалауына жетті. «Қыбыттаған жаман-жұман бозбаланың да, қиқандаған кейкуат Тұяқтың да аузын аппақ қылып, қараңғы түнде қапысын тауып, албырт Күнікей асыл қазынасымен ер жігіттің қолына тиді» [4,408]. Бірақ ол бақытты бола алмады, жазықты болды. Профессор Р.Тұрысбек «Ж.Аймауытовтың әсемдік әлемі» еңбегінде «Күнікейдің жазығы» повесіне кеңінен тоқталған. Повестің тақырыбы әйел теңдігі мен теңсіздігі дей отырып, зерттеу барысында кейіпкерлер әлеміне жеке талдау береді. Сонымен бірге «жазық» ұғымына да өзінше түсінік беріп өтеді. [5, 137]. Кедей қойшының қызы көште де, ойын-сауықта да үнемі жолы болып, жұлдызы биіктерден жарқырап тұрады.

Стильдік тұрғыдан диалог құру шеберлігі, түрлі кейіпкер характері олардың өз сөзі арқылы ашылады. Шығармада кейіпкерлерді сөйлету арқылы мақсатқа жету әдісін А. Чехов стиліне жақын тәсіл екенін, соны қазақ әңгіме жанрына батыл кіргізу арқылы Ж. Аймауытұлы өз стилін қалыптастыра білген жазушы деп айтуға болады.

Мысалы, Күнікейдің күйеуіне еріп келген құдалардың түр кескінін қалжыңға айналдырған ауыл жігіттерінің диалогтарынан соны көруге болады:

- "- Пай-пай! Өзі де саңғырап тұр екен!
- Аумаған күніне бақпастың адыры.
- Анау жотамен қоянды қуар ма еді?
- Үңгірін қайтесің?
- Ат-матыңмен сыйып кетпейсің бе?
- Өзін таза күбі қылса, қайтер еді?
- Қыстыгүні суымыз тасымал болушы еді, деген біздің қолымыз екен...
- Неше шелек су сыяр екен?
- Шамалап айтайын ба? ... Шамалағанда, өзінің ызботы мол жатыр-ау: қырық шелегің жүк болмас.
- Мен де ойлап отыр едім—шамаң шама-ақ екен.
- Уай, өзі қобыз болса, қандай сөйлеп тұрар еді!

- Оған дегенбайдың өзі.
- Қағып көрсе, қайтер еді өзін?

- Дәу де болса, күңгірлеп тұрған шығар-ау, ұрымтал отырсың ғой: қақшы өзін! - дегенде, қу жақ жігіт абайсыз отырған шеткі құданы тұмсыққа шертіп қалады.

Құда селк етіп, тұмсығына шап береді. Жұрт ду күлді" [4, 403-404].

Жазушы кәде бере қоярлық ештемесі жоқ кедей құданы әзілге айналдырып, оның мұрнына тиіскен ауыл жігіттерінің қылығын әсерлі жеткізген. Жазушы диалог құрудағы шеберлігі арқылы бір кейіпкерін басқа кейіпкерге мінездетіп қойып, өзі бейтараптық сақтаған болады. Бірақ, әлгі бір қауым кейіпкер сөздерінің астарынан жазушы позициясы анық аңғарылады. Ж. Аймауытұлы бұл эпизодта жұртшылық арасындағы, психологиялық арбасу жағдайындағы басқа біреу ауызды ашпай жатып түсінетін көмескі, екіұшты сөзге көңіл аударған. Сөйтіп, аз сөзге көп мағына сыйғызған. Өмір, уақыт шындықтарын, адам әлемінің сан алуан қатпарлы иірім-сырларын сұхбат, диалог түрінде дамытып, кейіпкер табиғатын, көзқарасын, мінез қырларын ашқан. Сәтті салыстыру, ойлы тұжырым, тіл, стиль бедері - жазушы қолтаңбасын айқын танытады.

Ж.Аймауытұлы «Күнікейдің жазығында» сол кезеңдегі әйел теңсіздігін көрсеткісі келді десек, жазушы бұл тұста әйел теңсіздігін тақырып идеясын көрсетудің құралы ретінде қолданғандығы байқалады. Қаламгердің негізгі айтар ойы – ұлт болашағын тәрбиелейтін қыз тәрбиесіне абай болу. Қазақ қызының тағдыры Күнікейдің тағдырына айналса, ұлт болашағын жоғалтуы мүмкін. Жазушы Күнікейді көркіне ақылы сай етіп суреттейді. Осыған қарап оның кемшілігі жоқ деп айтуға да болмайды. Оның ең басты кемшілігі жүрегінде иман жоқ, бойында қазақы рух көрінбейді. Қой бағумен күн кешкен әке, сылаң қаққан шешесі қыз тәрбиесінде осыны ұмытқан. Жазушыларымыздың осындай идеяларды ұстануы ұлттық рухты ұмытып, келеңсіз бағыт-бағдар жетегінде бара жатқан халықтың болашағын ойлаудан болса керек. Ж.Аймауытұлының «Күнікейдің жазығы» повесінің тақырыбы – әйел теңсіздігі емес. Автордың Күнікейдің анасын суреттеуінен біз ана образына жат қасиет-қылықтарды көреміз. Ж.Аймауытұлының меңзеп отырғаны бала өсіруде тәрбиемен бірге, өзің көрсетіп отырған үлгінің маңызы зор екендігі. Ж.Аймауытұлы ойының астарына көз жіберсек, ол тек

Күнікейге ғана кінә артып қоймайды. Сонымен бірге кейіпкерінің осылай жеңіл ойлауына жол берген осал отбасылық тәрбиені айыптайды.

Халықтың арғы-бергі кезеңдегі әлеуметтік теңсіздігі, таптық күресін қамтитын екінші тақырыпқа келетін болсақ, бұған М. Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасын» жатқызуымызға болады. Шығарма 1927 жылдың аяғында («Жаңа мектеп», №1 1-12) және 1928 жылдың басында («Жаңа мектеп» №1, 2-3, 4-5) тұңғыш рет жарық көрді. Одан соң 1936 жылы әңгімелер жинағына енді. «Қараш-Қараш оқиғасы» шығармасында жан азабын тартқан, аға тірек, алпамсадай бір аурулы ересек кісінің әбден арыған, құр сұлдер сүйегін көзіне жас алғандай болып, үн қатып, туған ағасы Бақтығұл көтереді. Жеңгенің қолдан келер бар жақсылығы - оған жайлы төсек салу, сусын беру. Осы бір ғана шағын диалог пен соңғы автор баяндауында бұл үйдің басына төнген ауыр қайғы, қос-қабат білінеді. Туған інісінің әлгі әлсіз жағдайына, өз жүрегінің күйініш сезімін жаңағыдай, лықып шыққан сөзбен тебірене жеткізіп, ауру жанды зор қайратпен ұқыптап, жеп-жеңіл көтеріп тұрған асыл ағаның бейнесі көз алдыға келеді. «Қараш-қараш оқиғасында» ең басты кейіпкер - Бақтығұл образы осылайша бірден толымды болып көріне бастайды.

Көркем әдебиетте адам образы әр алуан хал-харакет: қуаныш, сүйініш, күйініш үстінде, тартыс, қақтығыс, іс-әрекет үстінде ашылады десек, бұл повестің бірінші тарауының өзінде өмірдің ауыр күйі, адам қасіреті айта қалғандай боп берілген. Ағасы мен жеңгесінің көз алдында ауру жігіт ыңыранып, күйік құсасын сыртқа шығарады:

« - Кескен теректей құлатты ғой мені. Қу жоқшылық бір құлатты. Аямас дұшпанның соққы жазасы әпкетті міне бар дәрменімді... Нем қалды?.. Тектігүл ініңнің орнына кім қалды сенің?» [6, 4] - деп баяғы ер қайраты мүлде кеміген, дерті асқынған жігіт жыламсырап үн береді. «Кегім... кегім кетті...» дейді. Ертеде ел ішіндегі қалың сүзектен әке-шешесі қаза болып, жастай жетім қалған ағалы-інілі екеу табандатқан жиырма жыл бойы Сәлменнің малайы болған. Соның ішінде он сегіз жыл жылқы баққан Бақтығұлдың, талай жыл қой бағып одан әзер деп биешілікке қолы жеткен Тектігүлдың, он жыл бойы есігінде күндік кешкен Қатшаның сезген сырлары, көрген азаптары көп. Бұлар бүкіл Қозыбақ ауылының, ондағы ағайынды әулет иелері - Сәт, Сәлмендердің қырғын-жойқын істерін барымтамен алдырған, астыртын байыған малдарын біледі. Сәлменнің әмірімен қайсыбіреулердің жылқысын Бақтығұлдың талай барымталап әкелген,

бай ауылдың намысы үшін талай төбелес шайқасына қатысқан кездері де болған. Қаншама есепсіз еңбек, ауыр бейнет, бай үкіміне үнемі құлшылықпен мойын ұсыну бұл еті тірі, бірақ панасыз, кедей жандарды ылғи қор етіп келеді. Ол кешікпей өмірімен қош айтыспақ. Оның қасірет шегіп, шексіз арманмен көз жұмуы жақын. Бұлардың маңдайына жазған қу жоқшылық, қайғылы бақытсыздық баяғы сол өзгермеген қалпында. Сәлмен мен Сәт билеген Қозыбақтың бай, жуын ауылдың кезінде мыңқ етпес малайы, кейде епті ұрысы, батыл барымташысы, кейде сойыл сілтеп, ұрысқа кіретін мықты, дойыр жігіті - Бақтығұлдың енді кекті сезімі оялды. Қамшыл, жәбіршіл Сәлменнің есігінен былтыр күзде ақыры кетіп тынған Бақтығұлда мына әл үстіндегі ауру адамға жас сорпа ғып беретін қалжа да жоқ. Суық күздің сұрқай суығында жығылған Тектіғұл көктем туа жарық дүниеден аттанады. Жазушының шебер жазған осы бір тарауында аса бір мүшкіл хал Бақтығұл отбасының басынан көрінеді. Бірден аямас өмір қайшылығын, жоқшылық тұқыртқан кедей жандар тіршілігін жазушының осылай қалың, астарлы бояумен берудің сыры, басты кейіпкер, бұрынғы ұры Бақтығұлдың образын жаңа қырынан ашу, оның өзіндік ой сезімдерінің, өзіндік намыс-санасының түрлі иірімдеріне іргесін сандап қалау. «Қанатым едің, арыстандай арысым едің, не жазығым бар еді? Сен көрмедің? Мен тірі қалғанша, бірге неге өлмедім?» [6, 8] деп Бақтығұл қатты күйзеліп, қапаланды. Мұндай ашыну, ақырғы сөз айту ашулы Бақтығұлды тар шеңберлі болса да, ойлаған ойының бір батыл қадамына итеруі ықтимал. Бұған оқушы кәміл сеніп қалады. Ендігі жерде Бақтығұл образы бұрынғы жеке бас күйбеңімен жүретін, айсыз түнде жылқы алып, айыпқа ұшырайтан жортуылшы ғана емес, енді оның бұл жолдағы іс-әрекетінде жауыз күшке деген елеулі таптық қарсылық, іштен қозданған кек жалыны пайда болады. Содыр-сойқандықты ашық жасайтын Сәт, Сәлменге, бүкіл Қозыбақ ауылына, пәлені түптеп қазатын, асқан арамза пиғылды Жарасбайға қарсы Бақтығұл оның толқынынан кейде батып, кейде шығып, ақырында қашқынға айналады. Алатаудың заңғар биігіне өрлеген қас тағысына ұқсап, қиын кезбе өмір кешеді. Жойқын гүріл, сатыр-сұтырмен сайды жаңғыртқан, көк долы жайын су - Талғар да оған еш бөгет жасай алмайды. Жүрегін кек өртіне қақтаған есіл ердің ойға мықтап түйген бір ғана санаулы мақсаты бар. Ол - енді ешкімге табынбай, тақымы қатты батқан ата жауынан өш алу. Сәт, Сәлмені, Жарасбайы келсін мейлі, бәрібір өкпеден атып, тастай қатыруға әзір. Жоқшылықпен, жылаулармен өткен барлық ғұмырдағы батыл жолды

енді тапқандай. Оған өмірдің мына кезіккен тосқауылы, қанжосын өзені түк емес. Ол оны бойға еркін күшпен аттамақ. Сөйтіп ойлағаны іске асса, кекті мақсатын орындап, қандай құдайдың болса да төндіретін жазасын күтіп алмақ. Бұл әрі жеке, әрі стихиялы болса да, қаналған көпке өнеге көпке дарытатын мықты бір бас көтеру еді.

Ол алғы тарауды соққыға өле жығылған інісі Тектіғұлды ақтап: «Жанымнан садаға кетсін сенің малың. Құлағын ұрайын. Мен де ұрамын соны», - деп, Сәлмен байға тік келеді. Одан жылқы алуға бара жатып: «Бар Қозыбақ түгел менің қанды мойын құныкерім!», «Ең бірінші болмаса Сәтті қолға берсе!» деп кіжінеді. Артынан қуғыншы боп жеткен тесір мінезді Сәлменнің өзіне де ол: «Немді алмадың? Жанымды да алғансың. Жар деген жалғыз қанатым-Тектімді тепкіңмен өлтірмеп пе едің?», - деп тап береді. Одан Жарасбайды сағалап, адасып қалған мезетінде: «Бірінен кетіп, біріне жетіп едің, не таптың?», - деп өзіне-өзі сауал салады. Өршіген кесел ақыры оны билердің алдында шығарғанда жан жарасы қысқан Бақтығұл: «Өртеп жеңдер, бүйтіп итшілеп жүрген тіршіліктің бұдан былай маған бес тиынға да керегі жоқ... бірақ қоймаларыңды көрдім!», - деп буынып тұрып, сазарып жүріп кетеді. Ал, ең ақырына таман ол әлгіден де гөрі терең ойлана түсіп: «Тіршілікті темір тұзақтың ішіне салып, тірі шығармын деп ойлаған жанның көрген күні бар болсын. Одан өлім артық, бәрібір бұл да өлім. Ләнет, ләнет болсын бұл күйге, бұл күнге!» - деп сол арпалысы көп, азап өмірге, заманның зорлығына тұрпайы заң - жора, әдет-ғұрыптарына үкім айтады. Қасқырдай тиген дұшпандарының бірін өлтіріп, баяғы құбыжық көрген абақтысына жатып, қасына алған баласы Сейітке: «Қалқатайым-ау, оқу оқы. Ала қағаздан басыңды алма. Сені бірдемеге жеткізсе, сол жеткізеді. Әйтпесе көремісің-міне, менің не болғанымды?», «Оқысаң, соның бәрінен сен артасың. Маған тигендей, саған тие алмайды. Көзің ашылады», [6, 9-72] - деп жол сілтейді. Сөйтіп автор өзінің ағартушылық ниетінен туған түйінді сөзін бас кейіпкердің аузына салады. Жаумен жала-жалғыз алысқан арыстандай есті әке шығарма соңында уақыт жаза торына қамалған. Алда атар азаттық таңы бар. Абақтыдағы ақылды орыс тұтқыны Афанасий Федотыч та соны күтеді. Ашылар танды, босанар күнді арман шұғыласындай аңсаған Бақтығұлдың оқып, есейіп, басқаша жолмен күресетін ұрпағы бар. Ол - Афанасий Федотыч орысша сөзге, сауатқа баулыған баласы Сейіт «Оқуға ұғымды, ерекше талапты, момын қара бала болашақ заманның белгісіз бір жарығына осы абақты ішінде сенген көңілмен күн санап, ер жетіп келе жатыр» [6, 73]. Бұл

шығармада Бақтығұл дала төскейінде ұзақ жылдар жылқы баққан, көп жортқан қайратты да төзімді кісі. Ерге лайық намыс жиған, әділ ашуға басқан қайсар адам болып тұлғаланады. Халықтың ұлттық қасиеттерінің аса нанымды мінездерін бойына жиған Бақтығұл жарлы-жақпайдың шын өкілі, құлдық пен қаналудың қара қамытын киген көптің бірі ретінде суреттеледі.

мүмкіндігін алға шығаруға негіз бар екені анық. Бұл ретте әлем халықтарының арасында түріктестес халықтардан басқа бір де біреуінің қазіргі таңда адамзат баласын, яғни Адам-Ата мен Хауа-Ананың кейінгі тараған ұрпағын «адам» деп атамайтыны да біраз жайды аңғартқандай. Өзге халықтардың бәрінде басқаша, өздерінше атайды. Мысалы: «адам» дегенді латындар «хомо», гректер «энос», қытайлар: «жін» (*жэнь*), арабтар мен парсылар «инсан», орыстар «человек», немістер «ман», моңғолдар «ғұн» және т.б. осылай кете береді. Тек түріктер ғана адамзат баласын бұрынғысынша қазір де «адам» дейді. Бұл кездейсоқтық па, әлде мұның тарихи негізі бар ма?!

Сондай-ақ бүкіл адамзат баласының түпанасы «Хауаның» есімінің де түріктік ұғымды білдіретіндігі кәдімгідей ойласуды қажет ететін сияқты. Иудейдің, христианның және мұсылманның діни мифологиясы мен кейбір халықтардың ежелгі аңыздарының дерегі бойынша: Құдай Адамды топырақтан (*кей нұсқада: «тозаңнан»*. Қ.С.) жасап, үрлеп дем салып, жан бітірген. Содан кейін Жаратушы төл жаратылымының дара жүріп жалғызсырамауы үшін оны қалың ұйықыға ендіріп, оның қабырғасынан Адамның өзіне өмірлік серіктікке әйелді жаратқан. Осы өмірлік серігіне есімді Адамның өзі берген. Бұл жөнінде Мифологиялық Сөздікте діни кітаптан алынған: «И нарек Адам имя жене своей: Ева, ибо она стала матерью всех живущих» [16, 205], - деген дәйек келтіріледі. Мұндағы «Ева» сөзінің төркінін мифтанушы ғалымдар Адам мен Еваны азғырып, тиым салынған жемісті жегізген арбаушы жыланмен байланыстырады. «Адамды азғырып жемісті жегізген жылан бейнесіне енген оның әйелінің өзі» деген емеурін танытады. Қазіргі ғылыми этимологияда Еваның есімін арамейдің «Хевья» және финикияның «жылан» деген ұғымды білдіретін «Хвт» сөздерімен негіздестіреді. Бірақ сөзге этимологиялық талдау жасалмайды. Тек болжам ретінде ғана айтылады.

Біз де өз тарапымыздан сондай болжамға ерік берсек, біздің пайымдауымызша, бұл ежелгі түріктің «ауа» (*«воздух»*) деген сөзі секілді. Жаратылғалы өзі тектес ешкімді көрмеген Адам атамыз қалың ұйықдан оянғанда қасында ғайыптан пайда болған Анамызды көріп, «ауадан пайда болды» деп ойлап, таңғалып «Ауа» деп дауыстаған болар. Содан барып түпанамыз «Ауа» атылып кетті ме екен деген жорамал ойға оралады. Жаратушының үрлеп, дем салып, жан бітіретіні - жоқтан бар жасаудағы топырақтан кейінгі екінші дүние (*ауа*) екені тағы бар. Ал кейінгі діни кітаптар арқылы жеткен «ева»

(«хева», «еуа»), «хауа» атаулары осы «ауаның» өзге тілде өзгеріске түскен нұсқалары ғана болса керек. Кейбір семиттілдестердің дауысты дыбыстан басталатын сөздің алдына көмейлік «х». «ғ» дыбыстарын қосып, мысалы, арамды «харам», әділді «ғаділ» деп беретіні сияқты кейін «Ауа» да арабша «Хауаға» айналып кеткен тәрізді.

Біздің бұл болжамымыздың негізсіз еместігін Адам-Ата мен Хауа-Ананың жұмақтан қуылуына себепкер болған, жеуге тиым салынған жемістің түрік тілінде «алма» (*«яблоко»*) аталуы да айғақтай түседі деп ойлаймыз. Өйткені біз білетін арғы-бергі түрік халықтарының қай-қайсысы да не нәрсеге болсын ат бергенде, сол берген аты әлгі нәрсенің не жаратылыс болмыс-бітімін, не түр-түсін, не өзгеден ерекше қасиетін дәл көрсетіп, мән-мағынасын ашып тұрады. Ешқашанда аталмыш затқа қатыссыз, неге олай аталғанын түсінуге болмайтын мағынасыз ат берген емес. Мұны кез келген түрік тілінің маманы растай алады.

Міне, сондай халықтың көп жемістің ішінен ағаш басында өсетін, дәмі тіл үйірерлік тәтті, түрі көз сүйсіндірер көрікті осы бір тамаша жемісті өзгелерден бөле-жара өздерінің дүниетанымына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын «алма» («не бери», «не трогай») деп, тиым салатын сөзбен атауын қай қисынға сыйғызуға болады?. Олай атау үшін нақты бір себеп керек қой. Біздің ойымызша, оған жалғыз себеп - діни кітаптарда айтылатын, әлгі жұмақта жайқалып өсіп тұрған, жеген жанға қайрымдылық пен зұлымдықтың не екенін танытып, көкірек көзін ашатын жемісті Құдайдың Адам-Ата мен Хауа-Анаға «жеуге болмайды» деп тиым салуы, дәлірегі осы аңызды алғаш өмірге келтірген халықтың өкілінің осындай таным-түсінікте болуы ғана. Ең ғажабы, түріктестес халықтардың бүгінгі ұрпақтары осы тиым салынған киелі жемісті қазір де «алма» деп атайды.

Осы орайда аңыз дерегін өмір шындығымен орайластыра ой түйсек, түріктестес халықтардың арғы түп аталары бұл жемістің өзін танып-білуден бұрын Құдайдың Адам-Ата мен Хауа-Ананы жаратқаны және оларға «қайрымдылық пен зұлымдық» ағашының жемісін жеуге тиым салғаны жөніндегі мифтік аңызды жақсы білген деген тұжырым жасауға толық негіз бар. Мұның бәрі, сайып келгенде, әлем халықтарының мифтік аңыздарының деректерінен арғыататүріктердің (прототюрктердің) ізін табуға болады деген ішкі түйсігіңе қуат беріп, сенімді артыра түседі.

Осындай сеніммен, мифология деректеріне ден қойып, оларды зерде елегінен өткізсек, адамзат баласының көп құдайларды ойлап тапқанға дейін жердегі болатын бар құбылысты тудырушы Ай мен Күн деп түсініп, соларға табынғанын бірден аңғаруға болды. Бұған, басқаны айтпағанда, «Әлем халықтарының мифтері» атты энциклопедиялық екі томдықта берілген «Лунарные мифы» және «Солярные мифы» деп аталатын топтамаларды оқыған кез келген адам көз жеткізе алады. Ай мен Күнге табыну, әсіресе, матриархаттың үстемдігі кезеңінде кеңірек етек жайған секілді. Сол кездің түсінігіне орай ас халқының ел билеушілері өзгелерден ерекшеленіп, өздерін күннен жаралған «Күн тегі» («Сыновья Солнца») деп жариялап, қарапайым халықтың көзіне әрі патша, әрі құдай болып көрінуге тырысып баққан. Қазір көптеген мифтанушылар Ра-ны Күн-Құдайдың аты ретінде атайды. Шын мәнінде: Күн - Жаратушының символы, ал Ра - Күннің символы. Күн - Жаратушының символы болғандықтан да оны, мысалы, майяларда, инктерде, үнділерде, халдейлерде, вавилондықтарда, ассириялықтарда, египеттіктерде және басқа халықтарда құдайлардың жиынтық атауы ретінде қолданған. Мысалы, елуымыңжылдық тарихы бар Му континентіндегілер үшін Ра осындай жиынтық ұғымға ие.

«Күн тегілерден» әлеуметтік мәртебесі бір саты төмен абыздар (*жрецтер*) көктің күннен кейінгі сәулелі жарығы - Айды «еншілеп», өздерін «Айдың бауырлары», яғни «Айдың ағасы мен інісі» («Младшие и старшие братья Луны») деп жариялаған. Мұндай түсініктің болғандығы көптеген халықтардың мифтік аңыз-әңгімелерінің дерегінен айқын аңғарылады.

Ізденіс жолында өзіндік айқын бағыты бар жас зерттеуші А. Айзахметовтың осыған қатысты түрік халықтарының дүниетанымымен, наным-түсінігімен тамырласып жатқан венгр халқының мифологиясы дерегіне негіздей айтылған: «В мифологических представлениях этого народа (*венгерского. К.С.*) архаическая идея мирового дерева была изначально такой же, как и в тюркской мифологии и, несмотря на доминирующее положение среди этого народа христианской мифологии, она такой же и сохранилась. По данным венгерских народных поверий это огромное дерево с семью ветвями, соединяющим земной мир с небом. Из подножья дерева бьет источник жизни. На верхней ветви дерева находится **Дом Солнца и его Матери**, а чуть ниже - **Дом Луны и его Матери**» [2, 99], - деген жолдар да осыны құптай түседі. Мұндағы «Өмір

ағашының» («*Ғалам ағашының*») ең жоғарғы бұтақтарына «Күн Үйі» мен «Ай Үйін» сатылай орналастырған миф дерегінің әр үйдің иесі етіп олардың Аталарын атамай, тек Аналарын айырықша атап, қоса көрсетуі - бұл аңыздың матриархат дәуірінің мұрасы екенін айғақтайды. Мұндағы «Күн Үйі» («Дом Солнца») мен «Ай Үйі» («Дом Луны») қазіргі түсінікпен айтсақ: «Күн мемлекеті», «Ай мемлекеті» дегенмен тең. Бұл, былайша айтқанда, тарихтан хабары бар қауымға кеңінен таныс қытай жылнамаларының Н.Я.Бичурин аудармасында кеңінен қолданылған «Дом Хань» (Хань үйі), «Дом Хунну» (Хунну үйі) деген тәрізді атаулардың мағынасымен бірдей.

Осы орайда, сөз ретіне қарай, түріктектердің ежелгі африкалық ата-бабаларының Күн мен Айға табынғанына қазіргі қазақ тілінде қолданыста жүрген «рас», «рай» деген сөздер де куәлік беретінін айта кетуге болады. «Рас» сөзі күн символының аты «Ра» - ас халқының атауымен (*Pa+Ac*) бірігіп, «астың құдайындай шын» дегенді, ал «рай» көне дастандардағы аруларды «ай мен күндей» деп суреттегендегі теңеудің көне баламасы (*«Pa+Ай»*). «Рай» сөзі қазір де сол «кескін», «келбет», «түр», «бет» ретінде қолданылады. Мысалы: «ауа райы», «жер райы» немесе «отағасы райынан қайтар емес» және т.б.

Мифология деректеріне қарағанда, ұзаққа созылған матриархаттық дәуір барысында жоғарыда айтылған «Күн тегілерінің» ұрпағы мен олар басқарған жұрттан тараған ұрпақтардан - «Ас»¹, ал «Ай бауырларының» ұрпағы мен олар басшылық еткен жұрттан тарағандардан - «Мән» (*«Ман»*)² деп аталатын

¹ Ас – бұл халықтық атаудың не сөздік, не атулық мағынасы «Мифологиялық Сөздікте» түсіндірілмеген. Түрік халықтарының тілінде “ас” сөзі «мәртебелі», «киелі», «жоғары» деген ұғымдарды білдіреді. Қазіргі қазақ тілінің қорындағы: «аспан», «ас-у», «ас-қар», «ас-қақ», «ас-а» тәріздес толып жатқан сөздер осы «ас» сөзінің негізінде жасалған. Мұның бәрі сол бір есте жоқ ескі замандағы халықтың (*тайпалар бірлестігінің*) атауының ежелгі түріктердің сөзі екеніне куәлік беріп тұрғандай.

² Мән - бұл халықтық атаудың да не сөздік, не атулық мағынасы «Мифологиялық Сөздікте» түсіндірілмеген. Қазіргі қазақ тілінде «мән» сөзі айтылған сөздің, атқарылған істің «түйіні», «негізі», «маңызы», «өзегі» деген ұғымды білдіреді. Қытай мифологиясында «ман» айдаһардың атын, ал еуропа халықтарының кейбірінде «ман» сөзі «кісі», «адам» деген ұғымда қолданылады. Бұлардың да негізіне үңіліп, салыстыра зерттесе, әуелгі «мәнмен» тамырлас екенін тануға болады деп ойлаймыз.

халықтар¹ қалыптасқан сыңайлы. Мұның бәрі матриархат дәуірі адамдарының наным-сенімінің «жемісі». Олар Айды «аталық», Күнді «аналық» деп танып, соған орай әлеуметтік мәртебесіне сай Ай мен Күнді бөлісіп: патшалар тұқымы Күнді, абыздар тұқымы Айды өздеріне еншілеп алу арқылы «Күн үйі», «Ай үйі» деп аталды деген мифология деректерін алға тартқанымызбен, әуелде мұндай жіктелу болмаған секілді. Өйткені бұлардың бәрі Күн мен Айды құдай санаған бір халықтың өкілдері, бір мемлекеттің билеушілері. «Күн тегілер» сол мемлекеттің билеуші патшасы, «Ай бауырлары» сол мемлекеттің халқының рухани жетекшісі, дін басысы болып, бірін-бірі қолдап, бірін-бірі толықтырып өмір сүрген бір иеліктің тұрғындары. Нақтырақ айтқанда бәрі «Ас» аталған халықтың адамдары. Мұндағы «ас халқы» дегенді, миф деректерінде ашып айтылмағанымен, алғаш бір орталық билікке бағынып, ұжымдасқан жұрт деп қабылдаған жөн. «Мән» (ман) деп аталатын халықтар кейін осы ас халқынан бөлінген. Мән елінің шаңырағын көтерген абыздардың өздерін «Айдың бауырлары» деп атандырулары да, шамасы, осы бөлінгеннен кейін болған тәрізді. Оған дейін зерттеуші А. Айзахметов әділ көрсеткеніндей: «маны-жрецы прислуживали им (патшаламға. Қ.С) отправляя культовые обряды, связанные с жертвоприношениями» [2, 99]. Бүгінгі тарихқа әр түрлі атаулармен белгілі болған сан алауан халықтардың бәрі кейін осы астардан тарап, жершарының әр түкпірінде өз өркениеті, өз мәдениеті бар жеке-жеке түрлі елдерге айналған болса керек. Ас атауының бұл күнде тұтас бір құрылықтың атын иеленіп, «Азия» (*Асуя, ягни астың мекені*) деп аталуы да айтылған ойды бекіте түседі.

Қалай болғанда да, астардың ең көне халықтардың бірі екеніне дау жоқ. Оның солай екенін Ас атауының мифология деректерінде құдайдың аты ретінде берілетіні де расқа шығарып тұрғандай. Мысалы, ерте заманда Скандинавия түбегіне барғандардың Один бастаған көп құдайларының әкесінің аты - Ас. Сондай-ақ адамзат өркениетінің алғашқы ошақтарының бірі саналатын Крит аралындағы ғибадатхананың аты да «Күн-ас» (*Кносс*) деп аталады. Оны өздерін «Күн тегі» атандырған күнге табынушылардың билеушілері салдырған болатын. Мифология дерегінде оны «Құдай ананың» құрметіне салынған делінеді. «Құдай ананы» кей зерттеушілер, мысалы,

¹ Бұл арада жалпы ескеретін бір жай мифология деректері арқылы белгілі жұрттың қай-қайсысын да «халықтар» деуіміз шартты ұғым, олардың тайпа не тайпалар бірлестігі болуы да бек мүмкін. Қ.С.

А. Айзахметов, «Ас-Ана» деп те атайды. Сол секілді ауызша тарихтың шежірелік таратымында көптеген халықтар өздерінің түпата тегін Ас тайпалар бірлестігінен шығарып жатады. Мысалы, IX ғасырдың тарихшысы Нений өзінің «Британ тарихында» бриттердің аталарының арғы тегі Ас бірлестігіне қарасты Алан тайпасынан шыққанын ашып жазады. Ал «Ас» атауы қосылу арқылы жасалған ел аттары мен өздерін солардан тараған халықпыз деп есептейтіндер өз алдына бір төбе.

Миф деректері бойынша осы Астардың да, Мәндердің де, басқаша айтқанда, өздерін «Күн тегі», «Ай бауырлары» деп атаушылардың түпкі тегі ескі заманда Пелопоннес түбегін мекендеген пеласгилерден бастау алады. Бұл көне халық жөнінде бағзы заманның өз есімімен тарихқа алғаш танылған ежелгі грек ақыны Гесиод (*х.э. дейінгі VIII – VII ғғ.*) өзінің құдайлар шежіресі жөніндегі «Теогония» атты еңбегінде «жер бетінде пеласгилер пайда болғанда аспанда Ай әлі жоқ болатын» [3], - дегенді айтады. Осыған қарап, кезінде Гесиодқа осындай ойды айтқызып отырған түсініктің заманында Айға табынушылардың астарды «Аха Ай» (*қазіргіше: «Айдың ағасы»*), ал мәндерді (*мандарды*) «Іні Ай» (*қазіргіше: «Айдың інісі»*) деп тануына да ықпал еткенін пайымдау зерттеушіге онша қиындық туғызбайды. Осындағы «іні ай» аталғандар өсіп-өніп кейін жеке халыққа айналғанда осылардың ішінде тек бірыңғай культтық жораларды атқарумен айналысатын абыздарды ерекшелеп «Іні Ай Ман» (*«Наймане»*) деп атаған.

Бұлардың бұлай аталуына, шамасы, мынандай жағдай себеп болса керек. Жоғарыда айтқандай, әуелде дінбасы мән-абыздар (*ман-жрең*) «Ай бауырлары» аталғанымен, кейін олар көбейіп тұтас халыққа айналғанда оның құрамына басқа жұрттар да кіріп, бәрі бірдей «ман» аталып кеткендіктен, бұрынғы дінбасы мән-абыздардың ұрпақтары басқалардан ерекшелену үшін өздерін осылай атаған тәрізді. (*Бұл түрік халықтарының арасында кейін ислам дінін таратушылардың «қожа» деп аталғаны секілді. Қ.С.*). Осыдан келіп тарихқа белгілі «найман» («Іні-Ай-Ман») халықтық атауы шыққан. Мұның солай екеніне кейін ман халықтары қоныс аударып, қазіргі Каспий теңізінің оңтүстік шығыс аймағына келіп қоныстанғанда сондағы бір өңірдің тұтастай абыз-әулиелер мекені аталуы да куәлік беретіндей. Абыз-әулиелер мекені болған сол өңір - бұл күнде қазіргі Қазақстанның Манқыстау облысының аймағын қамтиды. Маңғыстаулықтар бұл өңірді осы күнге дейін «362 әулиенің мекені»

деп атайды. Бірақ ол әулиелердің кімдер екенін бұл өңірде ешкім де білмейді. Білетіндері: олардың «пәлен ата», «түген ата» деп атап кеткен кейбірінің аттары және Қожа Ахмет Яссауидің шәкірттері ғана. Тағы бір қызығы - жершарының басқа аймағынан осыншама әулиенің мекені болды дейтін бір өңірдің де кездеспейтіндігі. Бұл да білімді жанға біраз жайдан хабар беретіндей мәселе.

Осының бәрі көңілге «Іні-Ай-Ман» (найман) атауының заманында шын мәнінде әулие-абыздарға берілген атау екеніне деген сенімді ұялатса, түріктестес халықтардың арасында қазіргі қазақ халқының құрамындағы қалың найманның іргелі екі тайпасының біреуінің – «Бағаналы», екіншісінің – «Балталы» аталатыны да бұл сенімді одан әрі бекіте түседі. Өйткені осы «Іні-Ай-Ман» (найман) аталған абыздардың сонау есте жоқ ескі заманда-ақ құдайға арнап құрбандық шалғандағы пайдаланған киелі символдық құралдары: «Баған» мен екі жақты жүзі бар «Балта» болған. Сол замандағы халықтардың бұл екеуінен басқасында құдайға құрбандық шалғанда «баған» мен «балтаны» символдық деңгейде пайдаланғаны жөнінде ешқандай дерек кездеспейді.

Осы арада және басын ашып, нақтылай кететін бір мәселе бар. Ол – жоғарыда айтылған «аха+ай» атауына байланысты. Бұл атау, қалай дегенде де, басында Айға табынушылардың, яғни өздерін «Айдың бауырларымыз» деушілердің наным-сенімі, таным-түсінігі негізінде пайда болған атау екені анық. Басқаныны айтпағанда, атаудың «аха» (*aga*) мен «ай» сөздерінің бірігуінен жасалуының өзі мұның солай екенін айғақтап тұр. Сондықтан, бұл арада, Айды құдай тұтушылардың күнге табынушыларды, яғни «Күн тегілерді» «Аха Ай» деп атай қоюы екіталай. Оған ешқандай негіз жоқ. Дұрысында, біздің пайымдауымызша, бұл атау негізінде «Күн тегі» ұрпақтарына, яғни ас халқына берілген ат емес. Бұл әуелден тек мәндерге (*мандарға*) берілген атау. Сондай ахалардан шыққан ел билеушілердің «ахаман» («агаман», «ақаман») деп аталуы және кейін түріктестестер арасында «ахаманның» лауазымның атына айналуы да айтылған ойды растай түседі.

Ал «аха», «ахай» атауларының «Күн тегілерге», яғни астарға ауысы мынандай себептен болса керек. Аталықтан аналықтың мәртебесі жоғары матриархаттық дәуірде мұрагерлік дәстүрмен жалғасатын билік тізгіні қашанда патшаның ұлына емес, тек қызына, қызы болмаса қарындасына тиетін болғаны белгілі. Осыған байланысты кейін патшаның қызына болмаса қарындасына

үйленген абыздар да кейде билік тізгініне қол жеткізіп, өздерін әрі патша, әрі құдай деп танытып, «Күн тегіне» айналған кездері де болған. Сол заманның сондай бір билеушісінің тегі жайында сөз болғанда кейінгі мифтанушы ғалымдардың біреулерінің оны «Күн тегінен», екіншісінің «Ай бауырларынан» шығарып, шатыстырып жататыныны да осыдан болса керек. Осыған орай Астардан бөлініп шығып, «мән» (ман) деген атауға ие болған халықтардың жеке ел болуларының бастауында да астарға патшалық еткен осы абыздардың (*жреңтердің*) тұқымы тұрғанын аңғару онша қиындық туғызбайды. Басқаша айтқанда, бұлар астарды билеген мандар, яғни ас патшасының күйеу баласы болу арқылы билікке қол жеткізген әулие-абыздардың ұрпақтары (*Жоғарғы және төменгі Египт патшалығын тұңғыш біріктіруші патшаның есімінің Ман (Мин) аталатыны және оның тегінің мандардан шыққанын еске алыңыз. Қ.С.*). Салыстырмалы түрде айтсақ, бұл да кешегі Алтын Орда заманында түрік халықтарын билеген моңғол Шыңғыс ханның ұрпағының қазақтарды билегенінің «қазақ», өзбекті билегенінің «өзбек» болып аталып кететіні секілді астарды билеген мандар да «ас» аталып кеткен. Мифологиялық ресми жинақтардағы «Аха Ай» атауының естілуіне қарай «аха», «ахай» деп жазылып жүгені белгілі. Кей зерттеушілер осыған қарап «ахай» атауын ахалардың мекенінің аты деп те көрсететіні бар. Бірақ бұл, біздің пайымдауымызша, «Аха», «Аха Ай» деген халықтық атаудың (*этнонимнің*) мәнін дұрыс білмегендіктен айтылған жаңсақ пікір. Өйткені «аха», «ахай» аталғандардың мекені тарихта «ахайя» (*«ахай-ай-ұя» - ахайлардың мекені*) деп атап көрсетілген. Өкінішке қарай, бұл топонимнің этимологиясы да еш жерде ғалымдар тарапынан ғылыми түрде талданбай келеді.

Бізге жеткен мифтік аңыздардың қай-қайсынан болсын тым көне заманның алғашқы адамдарының Ай мен Күнге табынып, Айды аталық ретінде қабылдағандықтарынан ба, әйтеуір олардың еркектік қасиеттердің бәрін Айға тели бергенін көруге болады. Соған орай ежелгі халықтардың барлығының дерлік арасында әйелдердің етеккірінің келуін де, олардың өмірге перзент әкелуін де Ай реттеп отырады деген наным кеңінен тараған. Мысалы, Муррей аралындағылар Айды қуатты жас жігіттің бейнесінде танып, әйелдердің етеккірінің келуін әлгі Жігіт-Айдың оларды зорлағанынан болады деп білген. Ал маорилер болса, барлық әйелдердің шын мәніндегі нағыз күйеуі «Ай» деп есептеген. Көнегректер қоғамының тарихы мен мәдениетін арнайы зерттеген ғалым Джордж Томсон бұл

ретте: «Женщины зачинают от Луны. В связи с этим в примитивных языках о луне обычно говорят как о существа мужского пола – Владыке женщин... В Анатолии продолжалась поклонение луне образе мужчины, которого греки называли **Меном**» [4, 208], - дей келіп, өз ойын былайша қорытындылайды: «Представления о луне как об источнике плодородия было расширено путем объективного истолкования действительных лунных явлений. Луна прибывает и убывает, увеличивается и уменьшается и вновь нарождается. Она становится универсальным символом возрождения жизни... На основании этих предпосылок, можно считать, что причиной беременности также должна считаться луна [4, 209].

Мифологтар Айды еркек бейнесінде қабылдаудың ежелгі адамдардың нақты өмірінде болғанын, кейін оның әйелдер культына айналғанын айтады және оған Мегарадан Пелопоннеске бара жатқан жолдағы «Келей» (*Келай*) деп аталатын елді мекеннің Айға табынған әйелдерінің жасаған діни жораларын айғақ ретінде алға тартады. Келейдің әйелдері айына бір рет түнде үлкен жолдың қиылысына шығып, қолдарын Айға қарата жайып, «кел-ай», «кел-омай» (*kelomai*) деп, улап-шулап, зар еңіреп жалбарынады екен. Мұны мифтанушылар «жергілікті әйелдердің культі» деп түсіндіреді. Профессор Джорж Томсон жоғарыдағы аталған еңбегінде: «Этот обычай распространен во всем мире» [4, 127], - дей келіп, «келей» сөзінің сөзбе-сөз аудармасы «еңіреген әйелдер» (*«вопящие женщины»*) деген Алесийдің болжамын келтіру арқылы оны құптауының аңғартады. Ал «Мифы народов мира» энциклопедиясының авторы бұған керісінше, «келей» Элевсин патшасының есімі [5, 633] - дейді. Дж. Томсон болса, өз тарапынан «Келей» елді мекенінің атауы патшаның есімінен алынған дегендей емеурін танытады [4, 127].

Алайда мифология деректерін байыптай зерделеген жанның бұл пайымдаулардың қай-қайсысымен болса да, келісе қоюы қиын. Себебі мұның ешқайсы да «келей» сөзінің төркінін (*этимологиясын*) нақты біліп, жан-жақты талдау арқылы анықталған тұжырым емес. Ондай талдау жоқ. Мысалы, Алесийдің «келейдің» аудармасы «еңіреген әйелдер» деуі сөздің шыққан төркінін танып, мағынасын ашып, талдау жасау арқылы анықталған тұжырым емес, мифтегі оқиғаның, яғни Айға табынып, соған қол жайып, жылап-еңіреп тілек тілеген әйелдердің әрекетіне қарап жасалынған сырт болжам. Өйткені ол «келей» сөзінің қай халықтың тілдік мұрасы екенін де және соған байланысты не мағына беретінін де білмейді. Білсе, «келей» мына

халықтың сөзі, оның мына тілдегі аудармасы «еңіреген әйелдер» деп атап, ашып көрсеткен болар еді. Бірақ ол жоқ. Сол секілді «келей» атауын Элевсин патшасының есімінен шығаруды да барлы-жоғы сөз ұқсастығы негізінде айтылған топшылау ғана деп білеміз.

Бұл арада мәселенің түйіні – басқада, жоғарыда айтылған профессор Дж. Томсонның: «Этот обычай распространен во всем мире» деген дерегінде, нақтырақ айтсақ, Айға алақан жайып, зарлап жылап, жалынған әйелдердің: «келей», «келомай» дегендерінде. Елді мекеннің атауының да, Элевсин патшасының есімінің де шыққан қайнар көзі осы - діни жораның атауы «келей» (*кел+ай*)! Сондықтан, бұл орайда, мәселенің дұрыс шешімін табу үшін, ең алдымен, осы «келей» сөзінің қай халықтың тілінің мұрасы екенін, не мағына білдіретінін саралап анықтау қажет.

«Жергілікті әйелдердің культі» делінген бұл діни ритуалды, біздің пайымдауымызша, Айға табынған халықтардың әйелдерінің барлығы бірдей жасамаған тәрізді. Түнде жол қиылысына барып, Айға алақан жайып: «келей», «келомай» деп зарлап жылайтындар, тек бала көтере алмай жүрген әйелдер тобы ғана болса керек. Миф деректерінің оларды зарлап жылап тұрып «кел, ай», «кел, омай» деп дауыстайтынына ерекше мән беруі және басқа діни ритуалдардың бір де біреуінде не құдайға, не басқа біреуге топтасып жалынып, зарлап жылау рәсімінің кездеспейтіні де, сондай-ақ әлгі әйелдердің түн ішінде жол қиылысына барып, зар еңіреп Айды шақырып, жалынып: «кел-ай», «кел-омай» дейтін сөздерінің сөздік мағынасының да, дыбысталу үндестігінің де түріктік ұғымды еш өзгеріссіз, бұрмалаусыз дәл беретіндігі де осындай ойға жетелейді.

Зерделеп көріңіз: «**Кел-ай**» = түріктің «**кел**» (*приди*) және «**ай**» (*луна*) деген екі сөзінен құралған. Бұл сөздер жеке-жеке алғанда да, біріккен түрінде де түрік халықтарының тілінде қазір де сол баяғы мағынасында қолданылады. Сол секілді «**Кел – омай**» (*кел-ұма- ай*) да түріктің «**кел**» (*приди*), **ұма** (*еркектің ені, генителии*) және «**ай**» (*луна*) деген үш сөзінің бірігуінен құралған. Бұл сөздер де жеке-жеке алғанда да, біріккен түрінде де түрік халықтарының тілінде сол баяғы мағынасында қолданылады. Тек «ұма-ай» ұғымы кейінгі заман халықтарының таным-түсінігінде Ай еркектік бейнеден аналық бейнеге ауысуына қарай «ұма-ай» сөзіне «ана», «ене» деген сөздер тіркесітіріліп айтылатын болған. Мысалы, ортағасырлық түріктердің «ұмай» демей, оны «Ұмай-Ана», «Ұмай-Ене» деп атайтындары сондықтан. Қалай болғанда да, «келей» да, «келұмай» да мағыналық

тұрғыдан алғанда Айды шақырғанды, оған «кел» деп жалынғанды білдіретін сөздер екені анық. Олай болса, «Айды «еркек» деп танитын және баланың бойға бітуін реттейтін сол» деген наным-сенімдегі ескі заман әйелдерінің түн ішінде тобымен жол қиылысына барып, Айды шақырып, зарлап жылауларына қарап, біздің жоғарыда айтқанымыздай, оларды «бала көтере алмай жүрген әйелдер болуы мүмкін» деген тұжырымға келуіміздің шындыққа шет емес екенін көрсетеді. Оны әйелдердің Айды үйінде не басқа жерде емес, түн ішінде тек жол қиылысына шығып шақыратындары да, Келей елдімекенінің тоғыз жолдың түйіскен торабында болуы да құптай түседі. Өйткені шақырылған Ай келсе, тек жолмен ғана келмек.

Мұның бәрі сайып келгенде, Айға табынушы «ман» деп аталған халықтардың түріктетес халықтардан екенін және олардың сонау есте жоқ ескі замандардан бар халық екенін айқындай түседі. Қазіргі түріктетес халықтардың, оның ішінде қазақтың күні кешеге дейін жаңа туған айға қарап, алақанын жайып: «Ай көрдім, аман көрдім. Баяғыдай заман көрдім. Ескі Ай есіркедің, жаңа Ай жарылқай гөр» деп тілейтіні сол ежелгі ескі наным-сенімнің санада сақталып қалған сарқыншағы болса керек.

Ежелгі түріктердің «құт» және «ай» деген екі сөзінің бірігуінен пайда болған «Құдай» (*құт-ай*) ұғымын да өмірге әкелген осы Айға табынушылар деп білеміз. Бұл ретте, жоғарыда, айға табынушылардың билеушілері өздерін «Айдың бауырларымыз» деп атап, қарамағындағы жұртқа әрі патша, әрі құдай болып көрінуге ұмтылғанын айтқанбыз. Міне, осылардың ықпалымен есте жоқ ескі заманның адамдары «құдай» сөзінің мәнін ретіне қарай «патша» деп те, «құдай» деп те қабылдайтын болған тәрізді. Оның солай екенін тым көне замандағы парсы патшасы Гайя Маретаннан (*Гаюмарттан*) бастап, Хосровқа (*628 жылы өлген*) дейінгі патшалардың жылнамасын көне пехлевий тілінде жазған Данишвердің өз еңбегін «Ходай-наме» (*книга о государах*) деп атауы да дәлелдеп тұрғандай. Патшаны «құдай» деп қабылдайтын түсінік болмаса, өз заманының даналарының бірі – Данишвер патшалар туралы жылнамасын «Ходайнаме» деп атамас еді ғой. Ал осы еңбектің негізінде патшалар өмірін жазған Әбу-л-Қасим Фирдауси болса, өзінің әлемге әйгілі шығармасын «Шах-наме» (*книга о царях*) деп атағаны баршаға белгілі [6, 213-214]. Сол секілді кешегі қайғы көріп, қан жұтқан қиын заманда жаны күйзелген қарт аналардың не Алланы, не Тәңірді аузына алмай, тек Құдайды қарғап, «қу құдай», «соқыр құдай» деп зарлағанына сұрапыл соғыс жылдары бала

кезімізде өзіміз де талай куә болдық. Бұл да олардың Айды құдай тұтқан сонау ескі заманның адамдарының ұғымының санада сақталып қалған жаттандылықпен айтқанымен, оны, яғни «Құдайды» өздерінің шын мәніндегі «Жаратушым» деп қабылдамайтынының белгісі болса керек. Өйткені әлгі аналарымыздың ешқайсысы қаншама жаны күйзелсе де өздері мойындаған шын Жаратушыға, оның есімі деп білетін не Аллаға, не Тәңірге өмірі тіл тигізген емес. Қазір де солай!

Ман халқының бастау негізін абыздардың құрағанын және оларды жай халықтың «Айдың бауырлары» деп өзгелерден ерекшелеп әулие тұтқанын жоғарыда айттық. Мифология деректеріне сүйеніп айтылған осы тұжырымның қиял жемісі емес, тарихи шындық екенін кейінгі заман оқиғалары берер мағұматтардан да анық аңғаруға болатын сияқты. Бұл деректердің берер мәліметіне қарағанда, ман халықтарының Пелопоннес өңірінен терістікке қарай қоныс аударуы он жылға созылған әйгілі Троя соғысы троялықтардың жеңілісімен аяқталғаннан кейін, олардың (*троялықтардың*) одақтастарының жан-жаққа ыдырап, бас сауғалаған кезінен басталатын секілді. Сол дүрбелең заманда Пелопоннестен өкше көтерген мандар Каспий теңізінің оңтүстігі мен оңтүстік шығысындағы аймаққа келгенде, олар осы ман атауымен ұзақ жылдар бойы тарихқа кеңінен танымал ғұз бірлестінің құрамында болған сыңайлы. Осы арада олар кәдімгідей көбейіп, іргелі елге айналып, батыс пен шығысқа қарай етек жайғаны байқалады. Шамасы олар сол кезде қазіргі Қазақстанның Қазығұрт тауының төңірегіне дейін жеткен болуы керек. Қазығұрт тауының әуелдегі атының Манкур (Маңқыр) және соның іргесіндегі таудың Мансары аталуы да, сондай-ақ Шымкенттің шығыс тұсындағы ежелгі көне қаланың «Манкент» деген атты иеленуі де сол баяғы ман жұртының аяғы жеткен жерлер екенін дәлелдегендей.

Құрамындағы ел мен жердің көбеюіне байланысты далалықтардың ежелден қалыптасқан ел басқару тәжірибесіне орай мандар да бір орталыққа бағынған үш бірлестікке бөлініп, солтүстік бөлігі – «**қараман**», орта бөлігі – «**сарыман**», батыс бөлігі «**ақман**» (*ақпан*) деп аталған. Осылардың кейбір ру-тайпалары түрлі тарихи жағдайларға байланысты өз бірлестіктерінен бөлініп шығып, Ұлы Даланы мекендеген басқа түріктестес халықтардың құрамына енгенде бұрынғы ортақ «ман» атауымен аталмай, өздерінің кейінгі осы атауларын сақтап қалған. Мысалы, қазақ халқының құрамында осының қараманы да, ақманы (*ақпаны*) да бар. Екеуі де орта және кіші жүздегі

белгілі рулар. Сарымандар Еділ бойына кеткен. (*Татардың «Сарман бойларында» атты әнін еске алыңыз*).

Жалпы «ман» атауы ерте замандарда осы маң тайпалары жайлаған аймақтардағы жер-су аттарында молынан сақталып қалған. Бұған дәлел ретінде ертерек заманда Маңғыстаудан Бірғыз өңіріндегі жайлауға жеткенге дейінгі қазақ көшінің жолындағы жер-су аттарын айтсақ та жеткілікті сияқты. Бұл ретте Маңғыстау өңірінің майталман білгірі, географ С. Қондыбай: «Егер де түбектің (*Маңғыстаудың. Қ.С.*) төріндегі Отпан, дұрысы: **Отман** таудың етегін көшкен ауылдың бастапқы нүктесі десек,.. сонда Отманнан шыққан көш екінші нүкте - **Ман-атаға** келіп, қыр үстіне шығады. Қыр үстіндегі жол көшті үшінші нүкте – **Манащы** сайға әкеледі. Бірнеше күн жүрген соң, Үстірттің терістігіндегі Жылыой кеңістігіне құлап, төртінші нүкте – **Ман-суалмасқа** жетеді. Одан шыққан жол бірнеше күндік жердегі Шағырой жазығындағы **Мань-сай** өзеніне апарады. Бұл – бесінші нүкте. Ал осы Маньсайдан шыққан көш араға тағы күн салып, соңғы нүкте – **Мань** әулие – Бірғыз жеріне жетеді [7, 229], - дейді. Қазіргі Қазақстан жеріндегі тек бір көш жолының бойында ғана «манға» қатысты алты бірдей жер-су атауларының жатуы, қалай дегенде де, кездейсоқтық болмаса керек. Бұл заманында осы аймақтарды маң халықтарының мекендегенінің бірден бір айғағы. Сондай-ақ бұл және ман халқы құрамында жүрген түрік халықтарының да ежелден бар көне халықтың бірі екенінің айғағы.

ДНК-ның генеалогиялық деректері мен фольклорлық-лингвистикалық айғақтарға сүйенген біраз зерттеушілер кейінгі кезде герман халқын да осы мандардың ұрпағы деген болжамдарын айта бастады. Бұл халықтың әуелгі төл аты герман емес, «**ерман**» көрінеді. Оның байырғы көне дереккөздерінде «*эрман*», «*ирман*» деген нұсқалары да кездеседі. Мысалы, IX ғасырдағы араб географы Мұхаммед ибн Мұса ал-Хваризми Германияны: «Ирманийа, а она - земля ас-сакалиба» [8, 48], - деген дерек береді. Мұндағы ас-сакалибаның Геодот жазатын «сколоттар» екенін, ал оның түрікше «асаколыты» деп аталтынын тілші ғалымдар дәлелдеген болатын (*Ю.Н. Дроздов, М. Закиев*).

Көне замандар дерегіне сүйене отырып, біз бұдан бұрын жазылған «Мыңғұл мен моңғол және үш Шыңғыс» (*Салғараұлы Қ. Аталған еңбек. Алматы. 2013 ж.*) деген еңбегімізде х.э. дейінгі VI ғасырда Азов теңізі жағалауынан шығысқа қарай қозғалған мыңғұлдардың қазіргі Қазақстан жеріне келіп, бірнеше ғасыр бойы

мекендегенін айтқанбыз. Ман тайпаларының осы «Ерман» («герман») аталған бөлігінің қазіргі Қазақстан жерінен батысқа қарай жылжуы, шамасы, осы мыңғұлдардың мұнда келуінен көп бұрын болған сияқты. Өйткені Каспий теңізінің шығыс жағалауын мекендеген манның «тунгр» (Тұң-ар) атанған бір бөлегі Батысқа қарай жылжып, Рейн өзенінен өтіп, ондағы галлдарды талқандап, «ерман» деп аталғанға дейін де олардың жұртында бұларға ермей, жұртта қалған мандардың арасында да «ерман» (Ер+ман) деп аталғандар болған. Батысқа кеткен ермандардың өкше көтерген өңірі Үстүрт-Маңғыстаудың байырғы тұрғыны уақтардың (*көне деректерде: «Оңғұт»*) іргелі бір тайпасы «Ерман» деп аталған. Бұл ретте қазақтың мифтанушысы С. Қондыбай: «Уақ руының екі тармағының бірі өз тегін Ерменнен немесе «ер Маннан» бастайды. Ру есімінің (*яғни уақтың Қ.С.*) түрікмендік ата руының бір тармағы есіміне ұқсастығы (уақ – убак), сондай-ақ «қырымдық жырлар топтамасындағы» ... «уақ руынан шыққан Көкше, Қосай батырлардың оқиғалық таралу шегінің осы Үстірт-Маңғыстау аймағымен байланыстылығы – осы Ман ата мен уақтың Ер-Манының да біртекті образдар болуы мүмкіндігіне жол ашады», - деген ой айтады [7, 229].

Көне дереккөздерінде кездесетін осы «Ерман» (*Эрман*) атауының семантикасын талдағанда, оның «ер» және «ман» деген екі сөзден құралғанын, ал мұндағы *ер* (*эр, ир*) байырғы түріктің «батыр», «нағыз» деген ұғымды білдіретін сөзі мен ежелгі тайпаның «ман» деген атауының бірігуі арқылы жасалғанын тану онша қиындық туғызбайды. Сонда «ерман» атауы – «батыр ман», «нағыз ман» деген мағынаны білдіреді. Антикалық және ерте ортағасырлық деректерде кездесетін «эрман», «ирман» атаулары, сол секілді атаулардың алдына тамақтық «х», «г» дыбыстарының қосылып, «Herman» немесе «German» деген атауға айналуы да кейінгі өзге халықтардың тіл ерекшеліктеріне қарай айтылған нұсқалары. Ежелгі заман авторларының германдарды ірі денелі, өжет, аяушылығы аз, қатыгез, жауынгер жұрт ретінде сипаттаулары да олардың неліктен Ерман аталғанының мәнін ашып тұрғандай. Асылы, германдарға бұл атауды кезінде түріктілдес басқа көршілері берген секілді. Бұлай деуге Рим тарихшысы Тациттің (58 – 117 жж.): «Напротив, слово Германия – новое и недавно вошедшее в обиход, ибо те, кто первыми переправились через Рейн и прогнали галлов, ныне известные под именем тунгров, тогда прозывались германцами. Таким образом, наименование племени постепенно возобладало и распространилось

на весь народ; вначале все из страха обозначали его по имени победителей, а затем, после того, как это название укрепились, он и сам стал называть себя германцами» [9, 354], – деген дерегі де мүмкіндік беретіндей. Сондай-ақ осындағы Тациттің «...ныне известные под именем тунгров, тогда прозывались германцами» деуі біздің жоғарыдағы мандардың бір бөлігінің тунгрлардан да бұрын «ерман» деп аталған болуы керек деген ойымызды одан әрі құптай түседі.

Жалпы тарихшының осы дерегінен екі бірдей мәселенің түйінін тарқатуға болады. Оның біріншісі – Рейн өзенінен өтіп галлдарды талқандаған, еуропалықтар «тунгр» деген халықтың бұрын «герман» (*«ерман»*) деп аталғаны және осы герман атауының кейін барлық халыққа ортақ болып тарағаны. Бұдан «германның» жекелеген тайпаның не халықтың аты емес, бір кезеңде бір этноаумақта өмір сүріп жатқан бірнеше тайпаның (*халықтың*) жалпылама ортақ атауы екенін тануға болады. Тунгр да сондай герман құрамындағы тайпалардың бірі.

Екіншісі – «герман» атауының жаулаушы халыққа берілуі, яғни оларды *«герман»* атандырушылардың **жеңілушілер** екендігі. Ал бұл өз тарапынан «ерман» атауының «батыр ман», «нағыз ман» делінуінің мәнін де аша түседі. Өйткені мұнда жеңіліп, біреуге тәуелді болған жақтың өздерін жаулап алушыларды «батырлар», «нағыз ерлер» деп мойындаулары жатыр. Тарихшы Тациттің жаңағы «әуелде қорыққаннан оларды «герман» (ерман) атап кетті» деп ерекшелік көрсетуі де осы ойды айқындай түседі. Заманында төңірегіне осындай үрей, қорқыныш тудырып, көршілерін дүрліктіріп, атып, шауып кетіп жүрген ежелгі ман тайпасының ер жүрек батыр ұлдарының содырлы әрекеттері оларды өзгелердің *«шабар-ман», «атар-ман»* деп, ал сондай әрекетке басшы болып жүргендерді *«ата-ман»* атандыруына жағдай жасаған. Жалпы герман мифологиясындағы бірінші адамның аты да «Манн». Осыдан да болар жалпыгерман тілдерінде ман «адам», «кісі» деген ұғымды білдіреді. Манды бірінші адам дейтін аңыз басқа халықтарда да баршылық. Соның ішінде қазақ зерттеушісі С. Назарбеков осы Ман-атаны Адам-атамен шендестіреді [10, 127]. Қазіргі таңда біраз тілде «ман» сөзінің жаңа сөз тудыратын өнімді жұрнаққа айналуында да осындай түсініктердің әсері болғаны дауысыз. Оның бүгінгі қазақ тіліндегі нәтижесі: *оқырман, көрермен, тыңдарман* және т. б.

Германдардың, шындығында да, осындай жаужүрек батыр, ірі адамдар болғанын көне заманның тағы бір авторы Страбон да теріске шығармайды. Оның: «Области за Рейном, обращенные на восток и лежащие за территорией кельтов, населяют германцы. Последние мало отличаются от кельтского племени: большей дикостью, рослостью и более светлыми волосами, во всем остальном они схожи: по телосложению, нравам и образу жизни они таковы, как я описал кельтов. Поэтому, мне кажется, и ремляне называли их германцами, как бы желая указать, что это «истинные» галлаты. Ведь слово «Germani» на языке ремлян означает «подлинные» [11], – деп жазуы да осыған куәлік береді. Страбонның осындағы: «*Germani*» на языке ремлян означает «подлинные» дегеніне ежелгі заманда Еуропаны мекендеген халықтардың халықтық атауларының төркінін талдап, арнайы зерттеу еңбек жазған қазіргі заман ғалымы Ю. Н. Дроздов кәдімгідей күдік келтіреді. Оның айтуынша: римдіктердің бәрі латын тілінде сөйлеген. Осыған орай Страбонның айтып отырған «римдіктер тілі» дегені латын тілі десек, онда латын тілінде «подлинный» сөзі *verus, certus, praesens, propis* деген сөздер арқылы беріледі. Ал бұлардың бір де біреуі «*german*» сөзіне жуықтамайды, ұқсамайды. Демек, Страбонның «римдіктер тілі» деп отырғаны түрік тілі болуы керек. Өйткені Апеннин түбегі тұрғындарының дені антикалық заманда түрік тілдестер болған деген тәріздес пікір айтады. Бұл автордың ойын ерман атауындағы «батыр», «нағыз», деген мағына беретін түріктік «*er*» сөзінің Страбон айтатын «подлинный» сөзінің шынайы мағыналық баламасы екендігі де нақтылай түседі. Осыған орай түрік ғалымы Адиля Айданың Апеннин түбегінің ежелгі тұрғындары этрускилерді «түріктер» деп дәлелдеп арнайы еңбек жазғанын да еске сала кеткен артық болмас [12].

Жалпы германдар жайында сөз болғанда, оқырмандардың көз алдына қазіргі Германияның келері сөзсіз. Бірақ антикалық заманда «Германия» деп аталған этноаумақтың аясы бүгінгіден әлдеқайда кең болған. Мысалы, жоғарыда аты аталған Рим тарихшысы Тацит ол замандағы германдар мекенін: «Германия отделена от галлов, ретов и паннонцев реками Рейном и Дунаем, от сарматов и даков – обоюдною боязнью и горами; все прочие ее части охватывает Океан, омывающий обширные выступы суши и огромной протяженности острова с некоторыми, недавно узванными нами народами и царями, которых нам открыла война» [9], - деп суреттейді. Бұған қарағанда, аталған этноаумаққа қазіргі Германияны қоса алғанда бүгінгі

Орталық Еуропа елдерінің дені қамтылатыны анық байқалады. Және Тацит осы этноаумақтың ежелгі тұрғылықты тұрғындары, басқа халықтардан бөлініп келіп, сіңісіп кеткен мардымсыз кірмелерді есептемегенде, негізінен германдар болатын дегенді айтады.

Ал осы германдардың тегі кімдер дегенге келгенде, көне заман авторларының біразы оларды «скиф халқы», енді бір тобы «сармат халқы» деп таниды. Мысалы, IV ғасырдың авторы епископ Астерий Амасийский өзінің «Речь о начале постов» деген еңбегінде оларды «скиф» деп атайды: «... кочевы скифы, которые живут по Боспору и которые сидят по реке Рейну, не имеют домов, ни очагов. Они живут в шалашах, устраивая себе покрывку из шерсти, овечьих шкур и всего, чем можно покрываться. Поэтому они не употребляют в пищу хлеба, не знают плуга и не спашивают земли» [13, 266], - деген дерек береді. Бұдан Тацит көрсеткен Германия аталатын этноаумақты скиф халықтарының мекендегені бірден аңғарылады. Ал скиф халықтары мекендеген аумақтың «Скифия» аталатыны және оның Азия мен Еуропа құрлығын қоса қамтитындығы белгілі. Ол жөнінде XIII ғасырдың авторы Бартоломей Английский «О свойствах вещей» атты энциклопедиясының география бөлімінде: «Сифия (Скифия) – огромная область. Ее верхняя часть расположена в Азии, а нижняя в Европе» [14, 86-87], – деп атап көрсетеді. Бір ғажабы, көне заман авторлары Скифия мен Сарматия атауларын бір мағынада, бір-біріне синоним ұғым есебінде қолданады. Мұның солай екенін кейінгі орыс тарихшысы В. Н. Татищев те теріске шығармайды. Өзгелер германдарды «скифтер» десе, ол «сарматтар» деп біледі. Ол жөнінде: «Посему вся Германия в то включена и есть не бездоказательно, что германе древле со сарматы един народ сочиняли, если не все, то по малой мере часть восточная около Ельбы...» [15, 245], – дейді.

Ал ресми тарихтың скифтер мен сарматтарды үндіеуропа тілінде сөйлеген деген тұжырымды ғылымға енгізіп жібергеніне қарамастан, түріктанушы ғалымдар онымен келіспей, скиф-сарматтардың сол көне заманда түрік тілінде сөйлегенін жан-жақты дәлелдеумен келеді. Бұл орайдағы әңгімені соза бермес үшін айтылар ойды белгілі тіліші ғалым М. З. Закиевтің: «Примечательно то, что все тюркологи, которые дошли до скифских материалов и сами изучали их, обязательно признают тюркскоязычность основного состава скифов и сарматов и доказывают это лингвистическими, этнологическими, мифологическими, археологическими данными» [16, 143], - деген пікірімен түйіндеуді жөн көрдік. Тек бұған

қосарымыз: германдардың шыққан тегі жөнінен олардың фольклорында барлық германдардың түпкі атасының – Туистон, баласының – Ман аталатындығы. Туистон – әке-құдай делінеді. Есім сөздің төркініне талдау жасаған Ю.Н. Дроздов: «Имя отца прародителя всех германцев Туистона, на составные части можно разделить так: *Туис-тон*. В первой составляющей *тиус* последняя буква *с* – это предвнесенное латинизированное окончание. Формат *тиу* восходит к тюркскоязычному слову *деу* «исполин», «богатырь». У некоторых народов это слово (*различных фонетических вариантах*) используется до сих пор в значении «бог», «божество». Так греческом оно имеет форму «*теос*», а в латинском – «*део*». Вторая составляющая *тон* – это слово, которое в древности, означало не только «шуба», но и просто «одежда». Отсюда семантика этого имени могла быть такая – «Божественная одежда» (17, 125), – деп түсіндіреді. Егер ғалымның осы талдауы дұрыс болса, онда оның баласының Ман деген есімінің тайпа атауына айналуы өз-өзінен түсінікті болмақ. Бір кезде маң тайпасының мекені болған Маңғыстау түбегінде «Ман-ата» деп аталатын жердің барлығы да халық жадының құдыретін көрсетсе керек.

Мұның бәрі жиналып келгенде, ежелгі ман, кейінгі ерман (*герман*) аталған халықтың түпкі шыққан тегінің қазіргі түріктетес халықтардың арғы ата-бабаларымен еншілес екеніне сендіре түседі. Барған жерінде «Герман» деген жаңа есімге ие болған бұл мандар батысқа кеткенде олардың Каспийдің оңтүстік шығысында қалған бөлегін кейін Азов теңізі жағалауынан келіп, қазіргі Қазақстан жерін мекендеген мыңғұлдар өз құрамына қосып алған секілді. Бұл, шамамен, х.э. дейінгі V ғасыр. Өйткені бұл кездің деректерінде «ман» халықтық атау ретінде еш жерде жеке айтылмайды.

Осы орайда оқырманға түсінікті болуы үшін мандарды құрамына қосып алған бұл мыңғұлдарды әйгілі Шығыс тарихшылары Рашид ад-Дин, Хондемир, Әбілғазы еңбектеріндегі деректерге сүйене отырып, шартты түрде «Қарахан мыңғұлдары» деп алдық. Оған себеп, ресми тарих бұл мыңғұлдардың тарихын зерттеу аясынан тыс қалдырғандықтан, жалпы көпшіліктің олар туралы ештеме білмейтіндігі. Сондықтан жалаң «мыңғұл» деп өте шығу жұртты шатастырар дедік.

Міне, осы Қарахан мыңғұлдары бірте-бірте күшейіп, Татар хандығын талқандап, оларды қуып, шығысқа беттегенде мандардың «найман», «маңқұт» (*маңғыт*) деп аталған белгілі бір бөлегі солармен

бірге кетеді. Ал мұның наймандарының ұрпағының кейін Шығыста өз алдына іргелі хандық құрып, XIII ғасырда, қашан Шыңғыс хан жаулап алғанша, жеке дербес ел болып өмір сүргені, ал маңғыттарының (*маңқұттарының*) кейінгі Ноғай ордасының негізін қаласқаны баршаға белгілі.

Қарахан мыңғұлдары татарларды қуып Қытай шегарасына кеткенде мандардың бір бөлігі оларға ермей Каспий теңізінің оңтүстік шығысында, бұрынғы мекендерінде қалған болатын. Атақты Түрік қағанаттары құлғаннан кейін Қытай империясының отарлау оқпанына түсуден қорыққан түрік тайпалары бірін бірі ығыстырып, Орта Азияға қарай жылжи бастайды. Бұлар негізінен қыпшақтар мен оғыз халықтары еді. Осылардың оғыздары Каспий жағалауын мекендеген мандарға алдымен жетіп, түрік халықтарының түптегінің ортақтастығын таныту мақсатында халықтық атаудың алдына «түрік» деген сөзді қосып айтатын Шығыстағы ортағасырлық түріктердің дәстүрімен, мысалы, «түрік-сыр», «түрік-едіз» дегені сияқты жергілікті ман халқын өзгелерден ерекшелеп, «түрік-ман» деп атап кетеді. Бүгінгі таңда өз алдына тәуелсіз жеке ел болып отырған түрікмен халқының негізін осы ежелгі мандар құраған. Зерттеуші С. П. Поляковтың пайымдауларына қарағанда, түрікмен халқының құрамындағы «языр» (язғыр) атты іргелі тайпа сол мандардың тікелей ұрпақтары болса керек. Түрікменстан мен Маңғыстау жеріндегі түрікмендер пір тұтқан әулиелердің бәрінің осы язырлардан, оның ішінде Ата руынан шыққандар екені де құптай түседі [18].

Нәтижесінде 1822 ж. Сперанскийдің әйгілі «Сібір қырғыздары туралы жарғысы» шығып, Орта жүздегі хандық билік жойылып, аға сұлтандық билік орнады.

Ресей басқыншылығы мен экспансиясына қарсы саяси топтардың идеяларының ерекшеліктері. Ресей отаршылдық саясаты мен хан саясатының белгілі дәрежедегі тиімсіздігі дәстүрлі саяси элита тарапынан қарсылық туғызбауы мүмкін емес еді. Бұған Кіші жүздегі Сырым Датұлы бастаған көтеріліс пен Қасым төре бастаған Орта жүз қазақтарының қарсылығы мысал бола алады.

Сырым Датұлының саяси-құқықтық ойларын зерттеуде бірқатар қиыншылықтар ұшырасады. Көтеріліске кеңестік кезеңдегі берілген

антифеодалдық мазмұн ғылыми зерттеу аясын шектейді. Бұл ойға қарсы бірқатар тұжырымдар айтуға болады.

Біріншіден, Сырым Датұлы дәстүрлі қоғамда өсіп, тәлім алған тұлға. Өзі де ауқатты отбасынан шыққан адуынды бидің феодалдық жүйеге қарсы шығуы екіталай.

Екіншіден, көтеріліс барысында Сырым Датұлының әрекеттері Ресей экспансиясына қарсы бағытталғандығы аңғарылады. Бұл дәстүрлі билік институттарында өтіп жатқан эволюциялық процестерге байланысты болатын.

Хан институтының құқықтық шектеулерге тап болуы, оның ішінде хан сайлау процедурасына енгізілген өзгерістер Кіші жүз хандарын Ресей әкімшілігінің шенеуніктеріне айналдырғандығы дәстүрлі билік өкілдерінің қарсылығын туғызбай қоймасы айқын. Шын мәнінде де Кіші жүз хандары Ресей әкімшілігінен айлық алып, солардың протекционизмінің арқасында ғана билігін сақтап қалғандай болатын. Оның үстіне хан әкімшілігінің тиімсіз ішкі саясаты мен Орта Азия хандықтарымен орын алып отырған қақтығыстар хандық ішіндегі наразылықты күшейтті.

Үшіншіден, мемлекеттік институттардың эволюциясы халық мұқтаждықтарын айтарлықтай ескермегендігін де айта кеткен жөн.

Төртіншіден, көшпелі мал шаруашылығына қажетті шүйгін жерлердің орыс шаруаларына үлестірілуі, дәстүрлі шаруашылық жүргізу ареалын шектеп тастады. Нәтижесінде, ғасырлар бойы қалыптасқан жер пайдалану институттары терең дағдарысқа ұшырады.

Осы ойларды саралай келе Сырым Датұлының саяси-құқықтық ойларының негізгі бағыттарын анықтауға болады. Сырым Датұлы Қазақ хандығының әдет-ғұрып нормаларына негізделген, дәстүрлі мемлекет пен құқық институттарының қалпына келуін қолдайды. Жалпы, Сырымның хандық билікке қарсы емес, тек Нұралы мен оның орнын басқан Кіші жүз хандарының ішкі саясатының Ресей отаршылдығымен ауыз жаласқандығы қарсылық тудырды. Бұл Сырымның өзінің жеке-дара билікке ұмтылғанының көрінісі емес. Батыр өзінің саяси-құқықтық ориентіріндегі негізгі бағыт ретінде халықтық, тәуелсіз монархияны қалпына келтіру болғандығын айқындай түседі. Оның үстіне халық арасында Әбілхайыр ұрпақтарына деген көзқарастың біржақты болмауымен де тығыз байланысты. Сырым өзін хандық билікке қарсы элемент ретінде емес, Әбілхайыр ұрпақтарына қарсы екендігін баса көрсеткісі келді. «Как известно, Срым-батыр, возглавивший народное движение, выступал не вообще

против ханской власти, а только за лишение ханского права потомков Абулхаира» [16, 94].

Даланың өз билеу институттарын қалпына келтіру үшін, Сырым тіпті Ресей әкімшілігімен келіссөздерге де барады. Бұл келіссөздердің негізгі бағытын айқындау үшін, батыр бастаған старшындардың талаптарына көз жүгіртіп өткен жөн болар. Батыр көтерілісінің белгілі зерттеушісі Михаил Вяткин Сырым бастаған старшындарды былай көрсетеді. «В июле 1785 г. Игельстром доносил Екатерине II о том, что после возвращения ахуна в Оренбург приехали 5 депутатов от собрания старшин» [20, 185].

Олар мынадай талаптар қойды:

Біріншіден, Нұралыны тақтан тайдыру. «Требования старшин сводились к устранению от ханства детей Абулхаира» [20, 185]. Бұл талап толықтай дерлік орындалды. Нұралы ханның ішкі саясатының тиімсіздігі мен аймақтағы саяси өкілдерінің халық тарапынан қолдауға ие болмауы оны патшалық билікпен жақындасуға мәжбүр етті. Нәтижесінде, хан Ресей тарапынан қорғаныс іздеуге ынта білдірді. Осыны тиімді пайдаланған Игельстром хандық билікті жоюға тырысты. Генерал-губернатордың негізгі мақсаты, қазақ даласына Ресей әкімшілік жүйесін енгізу болатын.

Оның үстіне хандық биліктің тарапынан белгілі дәрежеде жапа шеккен билер өзінің екінші талабы ретінде хандықты үш аймаққа бөліп, ол жерлерге билерді сайлау ұсынысы да Игельстром тарапынан жақсы қабылданды. «Жуз был разделен на три части, так называемые «Главные Орды» - Байулинскую, Семиродскую (Жетыру) и Каракесецкую» [20, 189]. Бұл жаңа институтты хандық билік альтернативасы ретінде енгізгісі келген губернатор өзінің әкімшілік реформасының негізгі элементі ретінде қарастырды. Алайда, қазақ қоғамы мұндай өзгерістерге дайын емес еді. Сырымның дәстүрлі билік институттарына қарсы емес, Нұралының ішкі саясатына қарсы екенін жете аңғармаған губернатор, көтеріліс табиғатын түсінбейтіндігін көрсетті. Оған страшындардың үшінші ұсынысы негіз бола алады.

Үшінші ұсыныс ретінде олар Қайып сұлтанды Кіші жүздің ханы ретінде бекітуді ұсынды. «...собрание постановило просить царское правительство утвердить нового хана в жузе. ... в конечном счете возобладали сторонники султана Каипа – именно об утверждении его ханом сделало представление собрание старшин» [20, 190]. Бұл ұсыныстың өзіндік ерекшелігі бар болатын.

Біріншіден, Қайып ханның негізгі саяси бағыттары белгілі болатын. Кіші жүздегі Әбілқайыр хан мен Батыр сұлтанның арасында орын алған қақтығыстарда Қайып Хиуа ханы ретінде өзінің әкесі Батырды қолдаған болатын. Бұл Ресей әкімшілігіне арқа сүйеген ханның сыртқы саясатындағы Ресейлік бағытқа келтірілген күмән ретінде қарастырылуы ғажап емес.

Екіншіден, Қайып басқарып отырған Кіші жүз территориясы саяси тұрғыдан дәстүрлі институттардың өзгеріске ұшырамаған қалыпта қалуы, ру мен тайпа басшыларының билігінің төрелермен байланыста жүзеге асқандығы белгілі. Яғни, Ресей әкімшілігінің жүзеге асырған реформаларының ықпалы аз болатын.

Үшіншіден, Нұралының тұсында әлсіреген Кіші жүздің мемлекеттігі Қайыптың тұсында нығайып кету мүмкіндігін тудырды. Себебі, Қайып онсыз да Кіші жүздің бірқатар рулары тарапынан хан сайланған тұғын. Ресей әкімшілігі тарапынан мойындалмаса да бұл ханның ықпал ету аймағы кең болатын. Қайыптың хан ретінде бекітілуі, ыдыраған Кіші жүздің екі бөлігінің қосылып, қуатты мемлекеттік құрылымға айналуына ықпал етуі мүмкін еді. Бұл ұсыныс губернатор тарапынан айтарлықтай қолдауға ие бола қоймады. Ресей империясының империалистік саясатына қарсы ұсыныстар қабылдана қоймайтындығы онсыз да түсінікті еді.

Старшындардың төртінші тілегі Ресей әкімшілігі тарапынан қойылған шектерге қатысты болатын. Қыс мезгіліне байланысты шаруашылық жүргізуге тиімді Еділдің жағасына көшу қажеттілігі айқын сезілгендіктен, осы мәселені шешуге атсалысу. «Старшины постановили просить ген.-губернатора о разрешении прикочевать на зимнее время к р. Уралу и занять под стоянки степные, т. е. по левому берегу реки, уголья» [20, 192].

Бұл талаптар губернаторға жеткізілді. Жүздегі үш бидің сайлану идеясын қолдаған губернатор, бұл старшындардың мемлекеттік институт ретінде қалыптасуына өзінің дұрыс көзқарасын білдірді. Нәтижесінде «...сверх того, в каждом из трех поколений, составляющих Меньшую орду, избранно было по одному главному и по несколько второстепенных старейшин для наблюдения за поведением народа.

В числе трех главных находился батыр Сырым, принадлежавший к байулинскому поколению» [17, 269].

Оларға Нұралыны айналып өтіп, тіке губернаторға шағым айту құқығы да берілді. Осылайша Нұралы біраз уақыт хан болып отырғандығымен де биліктің Сырымға өткендігі көрінеді.

«Между тем батыр Сырым получил свободу и начал опять действовать на народ, соответственно желаниям оренбургского пограничного начальства, пока оные не противоречили собственным его видам. Под личною преданности России и благодарности местному начальнику, избравшему его своим орудием, Сырым весьма много способствовал барону Игельstromу в преобразованиях, которые в течение 1787 г. сделаны в Меньшей Орде.

Главнейшие из них есть учреждение посреди орды судебных мест под названием расправ. В алимулинском и байулинском поколениях, по многочисленности оных, открыто две расправы, в Семиродском поколении – одна. Каждая расправа состояла из председателя и двух членов, которые обязаны были ежедневно съезжаться вместе и в общем присутствии своем, рассматривая все поступающие к ним просьбы, делать определения по оным, удовлетворять обиженных или притесненных, а недовольным предоставлять право переносить дела на апелляцию в Оренбургский пограничный суд» [17, 268-269].

Жайылым жерлер мәселесі де біраз уақытқа өзінің шешімін тапқандай болды.

Алайда Қайыптың хан көтерілу мәселесін Игельstrom империя басшылығына жеткізетіндігін айтты, уақыт өте келе империя Қайыптың хан ретінде күшеюін қолдамайтындығын білдіріп, Нұралы ханның інісі Ералы хан көтерілді. Мұнан соң, аталмыш шешім император рескриптісімен бекітілді.

Нұралыдан кейін, біраз хансыз басқарудың орын алғандығы да белгілі. Бұл империя әкімшілігі тарапынан хандық билікті жою ынтасынан туындағандығы белгілі. Алайда, Сырым Датұлының көтерілісі бұдан кейін де өз жалғасын тапты.

Хандық институттың жойылуы көтерілісшілердің жоспарына кірмегендігі айқындала бастады. Осы құжаттың өзі де батырдың мемлекеттік билік институттарына деген көзқарасын ашады. Сырымның мемлекет философиясында тәуелсіз хандық билік мемлекеттің негізгі элементі деп қарастырғандығы белгілі. Сондай-ақ Сырым Датұлының негізгі мақсаты қуатты Қазақ хандығын қайта қалпына келтіру, оны орталықтанған күшті билік институттарымен

нығайту, дәстүрлі дала билігіне арқа сүйей отырып мемлекеттің қайта түлеуіне, гүлденуіне жағдай жасау болғандығы байқалады.

Алайда, Сырым хандық билікті тежеуші элемент ретінде билік фактордың күшеюін қолдайды. Дегенмен, бұл органның өкілеттігінің анықталмағандығы, хандық биліктің қаншалықты шектелетіндігін айқындауға мүмкіндік бермейді. Игельстром тарапынан берілген құқыққа сәйкес бұлар ханды айналып өтіп, тікелей губернатормен қатынасқа түсуге берілген мүмкіндік бұл институттың күшті ықпал ету инструментіне айналғандығын көрсетеді. «...учитывая непримиримость отношения народа и Нуралы, дал разрешение выбранным на съезде «главным старшинам» непосредственно сноситься с ним (с Игельстромом - Ш. Е.) по делам жуза» [20, 192].

Оның ішінде билерді сайлау процесі элита тарапынан жүзеге асырылады. Яғни, ұйым дала қатынастарындағы феодалдық сегментті күшейтеді. Күшті феодалдар біртіндеп, ханға өзінің ықпалын жүзеге асыруға тырысқандығын көрсетеді. Оның үстіне бұл институттар хандық билікке қарсы емес, хандық институтын толықтырып, соған арқа сүйейді. Демек, бұл көтерілістің табиғатының антифеодалдық емес, қайта элиталық болғандығының көрсеткіші. Даланың әдет-ғұрып нормаларының негізінде пайда болған билік институттары Сырым секілді дәстүршіл элемент тарапынан қарсылық емес, қайта қолдау табатыны анық.

Сырым Датұлының саяси құқықтық ойларының исламдық бағыты айқын көрінеді. Бұл туралы А. И. Левшин былай дейді: «Употребляя против России все возможные средства, он не забыл призвать в помощь и Коран Магометов, объясняя, что в нем запрещено мусульманам покоряться властям христианским. С тою же целью уговаривал он киргиз-казаков прекратить (1791) мену с русскими и, если можно, откочевать в глубину степей» [17, 275].

Алайда, саяси тәуелсіздік жолында батырдың діни принциптерді негізгі принциптер ретінде басшылыққа алмағандығы байқалады. Мысалы, батырдың христиан дінінің өкілі болып табылатын Емельян Пугачевтың көтерілісін қолдауынан саяси мүдделес тұлғалардың арасындағы діни айырмашылықтары ешқандай рөл ойнамағандығын байқаймыз. Осылайша батырды белгілі дәрежеде дін бостандығы идеяларын қорғаушы деп қарау керектігін айқын байқаймыз. Қазақ халқының далалық құқық принциптерінде дін бостандығы да өзінің рөлін атқарғандығын байқауға болады. Шыңғыс хан уақытынан далада әр түрлі конфессиялар мен діни бірлестіктер айтарлықтай кедергіге

ұшырамағандығы белгілі. Оның үстіне батыр өзінің саяси ықпалын азайтып алмау үшін басқа дін өкілдерін де мойындауға мәжбүр болады.

Батырдың философиясы тәуелсіз мемлекетті қалпына келтіріп, шаруашылық пен құқықтық философияның дамуына жағдай жасау.

Қазақ хандарының дәстүрін жалғастыру. Батырдың Ресей әкімшілігімен болған келіссөздер барысында ұстанған принциптері Тәуке ханның «Жеті жарғысына» сәйкес келетіндігін байқау қиындық тудырмайды. Дала құқығының қайнар көзі ретінде кодификацияланған «Жеті жарғы» идеяларының батыр тарапынан қолдау табуы батыр жанында ықпалды күш ретінде дәстүршіл элементтердің болғандығын аңғартады.

Сырым батыр көтерілісте тек Кіші жүз старшындарының күшіне сеніп қойған жоқ. Ол Ресей өктемдігіне қарсы түркітілдес халықтардың бірлігі идеясына арқа сүйеді. «Он готовился к войне, но в то же время он хорошо понимал резкое несоответствие сил слабого казахского государства, к тому же раздираемого внутренними столкновениями, и мощной Российской империи. Он, по народным преданиям, считал, что только объединение сил всех среднеазиатских народностей может предотвратить неизбежное поражение в случае военного столкновения с империей» [20, 235-236]. Батырдың саяси-құқықтық ойлары түрікшілдік идеясымен тығыз байланысты.

«В одном из народных преданий Сырму приписываются следующие слова: «Мы – каракалпаки, сарты, узбеки, казахи, туркмены и эстеки, все эти шесть народностей должны объединиться и выступить войною против русского царя, иначе он по-одиночке разобьет каждого из нас» [20, 236]. Бұл түркітілдес халықтардың ортақ жауға қарсы бірігу идеясы кейінгі қазақ қоғамында да орын алғандығы белгілі.

Ресей басқыншыларымен қақтығыста халықтың жайылымсыз қалмауын ойлаған батыр Хиуа хандығына мына шарттардың негізінде келісім ұсынады: «первое – Хива должна была оказать поддержку казахам оружием, людьми, конями и продовольствием; второе – в случае поражения предоставить казахам кочевья в пределах Хивинского ханства; при этом Сырым ссылался на исторические права казахов на эти земли; третье – возратить от каракалпаков скот и имущество, принадлежавшее ранее казахам» [20, 236]. Яғни, бауырлас мемлекет көмегіне сүйеніп, Ресейді жеңуге болады. Оның үстіне батырдың азаматтық жауапкершілігі оны қол астындағы халықтың жағдайын ойлауға мәжбүрлейді. Орта Азияға Османлы

түріктерінің ықпал етуге тырысуы жайында А. И. Левшин былай деп жазады: «К сим внутренним обстоятельствам присоединилось одно внешнее. Турки, бывшие тогда в войне с Россиею, старались восстановить против нее бухарцев; а бухарцы возмущали Меньшую казачью орду, с каковою целию предлагали сначала пособие султану Эрали для возвращения хана Нуралы силою, а потом вошли в сношения с Сырымом и прислали к нему, равно как и к другим единомышленникам его, письменное воззвание» [17, 270].

Жалпы батыр бастаған көтеріліс Қазақстан тарихында өз орнын алғанымен, қозғалыс басшысының саяси-құқықтық ойлары толық ашылмаған, зерттелмеген. Осы жұмыс барысында біз Сырым батырдың негізгі ойларын айқындап беруге тырыстық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Басин В.Я. *Россия и Казахские ханства в ХУІ-ХУІІІ вв.* – Алма-Ата, 1971. – 276 с.
2. Назарбаев Н. *Тарих толқынында.* – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.
3. Михалева Г.А. *Торговые и посольские связи России со среднеазиатскими ханствами через Оренбург.* – Ташкент: Фан, 1982. – 92 с.
4. Кэстль Дж. *Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхаиру, хану Киргиз-Кайсацкой Орды.* – Алматы: Жибек жолы, 1998. – 152 с.
5. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. *Аблай-хан: внешняя и внутренняя политика. Изд. второе, исправленное.* – Алматы: Жазушы, 2001. – 168 с.
6. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В. и др. *История Казахстана. Народы и культуры.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 600 с.
7. Ювалы А., Имашова Н. *Жалпы түркі тарихы.* – Түркістан: ХҚТУ, 2004. – 348 бет.
8. Сапарғалиев Ф., Ибраева А. *Мемлекет және құқық теориясы.* – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 192 бет.
9. Абайдельдинов Е.М. *Политико-правовая история.* – Алматы: Данекер, 1999. – часть I. – 295 с.
10. Сарсембаев М.А. *Международное право.* – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 448 с.
11. Сарсембаев М.А. *Международно-правовые отношения государств Центральной Азии.* – Алматы: Ғылым, 1995. – 368 с.
12. Данияров Қ. *История Казахского государства.* – Алматы: Эдельвейс, 2001. – 528 с.
13. Касымбаев Ж. *Государственные деятели казахских ханств ХУІІІ-первой половины ХІХ вв. Хан Айшуак. (1719-1810).* – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 256 с.
14. Валиханов Ч.Ч. *Аблай // Собрание сочинений в пяти томах.* – Алматы: Қ.С.Э., 1985. – Т.4. – 111-116 с.

Ергөбек Ш. Қазақ хандығының Ресей құрамына ену дәуіріндегі...

15. Касымбаев Ж. *Государственные деятели казахских ханств XVIII-первой четверти XIX вв. Хан Жантөре. (1759-1809)*. – Алматы: Білім, 2001. – 364 с.
16. Зиманов С.З. *Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков*. Алматы: Издательство Академии Наук Казахской ССР, 1960. – 292 с.
17. Левшин А.И. *Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей*. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
18. Валиханов Ч.Ч. *Статьи из «Географического статистического словаря Российской империи»*. // Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы: Қ.С.Э., 1985. – Т.4. – 197-208 с.
19. Құл-Мұхаммед М. *Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы*. – Алматы: Атамұра, 1998. – 360 бет.
20. Вяткин М. *Батыр Срым*. – Алматы: Санат, 2002. – 344 с.

(Жалғасы. Басы өткен санда)

821.512.162.0

ӘЗЕРБАЙЖАННЫҢ ТАРИХИ ҚОЙНАУЫ БЕТТЕРІНЕН PAGES FROM THE PAST HISTORY OF AZERBAIJAN

Қалима БЕГАЛИНОВА*

Түйіндеме.

Мақалада әзербайжан халқының рухани-мәдени өмірінің тарихи жайлы туралы айтылады. Сасанид державасы уақытының ортағасырлық кезеңі, Араб халифаты кезеңі, моңғол-татар шапқыншылығы ашылады. Осы дәуірдегі өзінің әртүрлілігімен, бейнелееінің байлығымен, өзіндік ерекшелігімен өзгешеленген өнердің, әдебиеттің дамуы талданады.

Автор әлем мәдениеті тарихында із қалдырған ұлы ақындар Низами, Насими, Физулидың шығармашылығына тоқталған.

Кілт сөздер: тарих, менталитет, әзербайжан мәдениеті, поэзия, сәулет, Сасанид державасы, Араб халифаты, моңғол-татар шапқыншылығы.

Summary

The article deals with the history of the spiritual and cultural life of the Azerbaijani people. Expands the medieval stage of the Sassanian era powers, the Arab Caliphate, the Mongol invasion. It analyzes the development of literature, art in these times, which is varied wealth of stories, originality, uniqueness. The author dwells on the 'great poet Nizami, Nasimi, Fizuli, who left an indelible mark in the history of world culture.

Keywords: history, the mentality of the Azerbaijani culture, poetry, architecture, the Sassanid empire, the Arab Caliphate, the Mongol invasion.

Бүгінде Әзербайжан жаңа ғаламдық кеңістікке кіру – тарихтың жаңа кезеңіне бет бұруға байланысты ерекше тарихи кезеңді өткеруде. Республика әлемдік ақпаратты технологиялық және ғылыми-коммуникативті процесске қосылып қана қойған жоқ, Орталық және Орта Азиядағы қазіргі әлеуметтік-рухани дамудың негізін қалаушы ретінде түркі тілдес мемлекеттердің рухани бірігуі идеясының бастамашыларының бірі болып, әлеуметтік дамудың қозғаушы күші болды. Және бұл әзербайжан қоғамының өмірдің барлық жағынан жаңаруының бастауын халықтың руханилығынан алады, генетикалық

* доктор философских наук, профессор, Казахский национальный технический университет им. К.И.Сатпаева, заведующая кафедрой истории Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин. Алматы-Казахстан. E-mail: kalima910@mail.ru
Ph.D., Professor of Kazakh National Technical University named K.I.Satpaev, Head of the department of Kazakhstan history and social and humanities. Almaty, Kazakhstan.

деңгейде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, біздің қазіргі қоғамымызға енді. Және әзербайжан халқының рухын, оның менталитетін, психотипін түсіну үшін, оның даңқты есімдердің бүтіндей галереясын ұсынған бай рухани мәдениетін зерттеу қажет, түп тамыры ежелгі заманға кеткен, әсіресе Мидия, Аран патшалығы дәуірі тарихына назар аудару керек. Елдің тарихына назар аударғанда әзербайжан халқының рухани-мәдени өмірінің тұтастығын жаңғырту тұрғысында қарастыру қажет. Ағылшын ғалымы Э.Б.Тайлор атап көрсеткендей, «өркениеттің бастаулары мен алғашқы дамуын зерттеу қызығушылық пәні ретінде қызғанышпен жұмыс істеуді ғана емес, қазіргіні түсіну мен болашаққа қорытынды жасау үшін маңызды практикалық басшылық бола алады. Білімге апаратын барлық жолды қарастыру қажет, кез-келген есікті зерттеу қажет және оны ашудың мүмкіншіліктері жоқтығына көз жеткізу керек. Дәйектемелер мен мәліметтердің ешқайсысы да алыстығы немесе күрделілігіне, ұсақтығы мен қарапайымдылығына қарамастан назардан тыс қалмауы керек. Соңғы зерттеу тенденциялары мейлінше егер заңдылық бір жерде орын алса, ол барлық жерде болуы керек деген қарытындыға әкеледі» [1]. Айтылғандарға толықтыру ретінде Борис Пастернактың ойы сәйкес келеді: «... мәдениет тарихы кезекті белгісіз бен белгіліні жұптап байланыстыратын бейнелердің теңдеулер тізбегі сияқты, дәстүрлер негізінді жатқан аңыз бүкіл қатардың тұрақтысы ретінде және белгісіз ретінде әрқашан жаңа – ағымды мәдениеттің өзекті сәті алынады» [2]. Дәл осы дәстүрлі мен жаңашылдықтың, ескі мен жаңаның, өткені мен бүгінгісі мәдениетке халықтың бүкіл әлеуметтік-мәдени тарихы сіңірілген өшпейтін негізін сақтай отырып, мәңгілік, беріктік береді. Әзербайжан халқының тарихы да осындай. Ол маңыздылығы бойынша кейде дамалы және трагедиялы, батырлық және болашаққа сенімді әртүрлі оқиғалар мен деректерден өрілген. Халықтың бүкіл тарихына елдің тәуелсіздігі үшін күрес сіңірілген.

Және бұл түсінікті де, өйткені Әзербайжан Евразия континентінің ортасына орнығып, өзінің жақын көршілеріне ерекше стратегиялық маңызға ие болды. Әзербайжан алыстау мемлекеттердің тарапынан басқыншылық және басқа да саясаттың назарына ілікті. Өз уақытында оның жеріне ассириялықтардың, римдіктердің, арабтардың, парсылардың және басқа да халықтардың әскері басқыншылық жасады.

Елдің тарихындағы қайғылы беттерінің бірі ерте ортағасыр дәуірі болды, онда оңтүстік сияқты солтүстік Әзербайжан да

жатжерлік жаулаушыларға, оның ішінде Сасанид мемлекеті де бар, қарсы толассыз күрес жүргізді. Бұл мемлекет біздің дәуіріміздің 224 жылынан, яғни өзінің қалыптасқан уақытынан бастап Кавказға өз көзін тікті. Олар Атропатенді жаулап алып бағындырды. Сасанид билеушісінің өкілінің резиденциясы Тебриз болды, ал Атропатенді билеуші зороастризм IV ғасырдың соңында Сасанид державасының мемлекеттік діні ретінде жарияланды. Сасанидтер Албанияны (немесе Арран – қазіргі Әзербайжанның батыс бөлігі осылай аталған) қоса алғанда Кавказ аймағының көптеген мемлекеттерін жаулап алды. Алайда, ерте ортағасырлық кезеңде Албания салыстырмалы түрде өзінің дербестігін сақтап, Сасанид патшаларына және византия императорларына қарсы күрес жүргізді.

Сасанид билігі тұсында Кавказдық Албания территориясы әртүрлі солтүстік Кавказ тайпалары тарапынан жойқын жорықтарға ұшырады. V-VI ғасырларда ғұндардың жорықтары күшейді, VI ғасырда Әзербайжанға Дербент өткелі арқылы хазарлар бірнеше рет басып кірді. Кавказдық Албанияның солтүстік бөлігінің шебін қорғау үшін әзербайжан халқы бірқатар қорғаныс құрылыстарын жүргізді. Олар Апшероннан солтүстікке – Бешбармақ қорғанысын, Бешбармақтан 23 шақырым солтүстікке Гильгильчай (Шабрандық), Торпақ-қала қалашығына жақын, Тарку қаласының солтүстігінде Дербент қамалын (оның қалдықтары осы күнге дейін сақталған) тұрғызды.

Сасанид патшасы Иездегирде II тұсында онсыз да тұрғындардың ауыр жағдайы одан әрі қиындап кетті – салық ұлғайтылды. Елде зороастрия діні күштеп таратылды. Мұндай қысымға жауап ретінде албандар басқа кавказ халықтарымен бірге 450-451 және 457 жылдары, сонымен қатар 481-484 жылдары Сасанидтерге қарсы көтеріліске шықты, нәтижесінде Кавказдық Албанияда патша билігі қалпына келтірілді.

V ғасырдың 80 жылдары Әзербайжанда жаңа халық қозғалысы – Иран территориясын да қамтыған маздакиттер қозғалысы басталды. Оның қолбасшысы Маздак болды, ол әлеуметтік теңсіздікті жоюды және материалдық игіліктерді әділ бөлуді қолдады. Феодалдардың деспоттық жүгенсіздігіне қарсы күресе отырып, маздакиттер ескіге, алғашқы қауымдық теңдік уақытына оралуға шақырды. 529 жылы стихиялы, ұйымдаспаған сипаттағы маздакиттер қозғалысы аяусыз басып жаншылды, алайда, ол Шығыс елдерінде әлеуметтік-саяси және рухани-мәдени оқиғалардың одан әрі дамуына үлкен ықпал етті.

ҮІ ғасырдың соңы – ҮІІ басында Кавказдық Албанияда Михранид әулеті басқарған Гардман иелігі күшейді. Барда қаласы Гардман мемлекетінің астанасы болды. Джеваншир (637-680 жж.) барынша даңқты Михранид болды. Оның тұсында Кавказдық Албания нығайды, елде ғылым мен мәдениет дамыды, сарайлар мен ғибадатханалар салынды. Джеваншир шығыстағы белгілі билеушілердің бірі болды. Албанияда христиан діні енгенге дейін пұтқа табынушылық, зороастриялық сенім, тәңірге табынушылық, табиғатқа табынушылық тараған болатын, алайда, жаңа қоғамдық қатынастардың бекітілуі олардың жартылай жойылуына алып келді және ІҮ ғасырдан бастап христиан діні мемлекеттік дін болды.

Жазба деректердегі мәліметтер бойынша ІҮ-ҮІІ ғасырларда Албанияда басқа христиандық шіркеулерден тәуелсіз дербес шіркеу өмір сүрді. Албан шіркеуінің басшысы католикос мәртебесіне ие болды. Албан католикостары албан епископтарымен қол алысқан. Олар елдің билеушілері - патшалар, епархия өкілдері, князьдар мен вельмождар қатысқан алқалы жиналыста сайланды. Сонымен қатар, деректер V ғасырдың басында албан жазуының болғандығына куәлік етеді. Жазуды албандар Бениамин мен Йеремией албан тілдерінің бірі – гаргар негізінде құрастырылды, жазба деректер албан тілінде бай әдебиеттің болғандығын хабарлайды. Алфавит құрастырылғаннан кейін көптеген кітаптар, соның ішінде діни кітаптар, албан тіліне аударылды. Албан алфавитін құрастыру ағарту ісін дамытуға жағдай жасады. V ғасырдың басында Арсваген патша тұсында Албанияда мектептер болғаны белгілі, онда албан балалары білім алды, ал кейіннен Вачаган III патшаның бұйрығы бойынша пұтқа табынушылардың балалары оқыған ерекше училище – мектеп ашылды.

ҮІІ ғасырдың ортасында Кавказға араб жаулаушылары басып кірді, бұл соққыдан күдіретті Сасанид державасы құлады. Бұл жаулап алудың нәтижесінде көлемді мемлекет – Араб халифаты құрылды, ол Атлант теңізінен Индияға дейін созылды. Арабтар жаулап алған облыстарда исламдану үрдісі басталды және ҮІІІ ғасырдың басына қарай Әзербайжанда зороастризм мен христиан дінінің позициясы күшті бола тұра, ислам билеуші дін болды.

Араб шапқыншылығына дейін әзербайжанның оңтүстік облыстары (Аракс өзенінің оңтүстігі) Сасанид державасының құрамын енді, ал елдің солтүстік бөлігі Михранид әулетінен шыққан билеушілері болды. Бұл әулет халиф билігін мойындап ҮІІІ ғасырдың басына дейін өмір сүрді. ҮІІІ ғасырдың ортасынан ҮІІІ ғасырдың

соңына дейін Өзербайжан тағдыры Халифатпен ғана емес, сондай-ақ Поволжья, Подонья және Солтүстік Кавказ батыс түрік тайпалары кірген Хазар қағанатымен байланысты болды. Хазарлар 627-628 жылдары Закавказьяның барлық территориясын басып алды. Атап өту керек, олар өткен де кейінгі де ғасырларда Өзербайжанға бірнеше рет өте ауыр жорықтар жасаған еді. Бір жарым ғасырға жуық хазарлар Өзербайжанның солтүстік бөліктеріндегі облыстарға иелік етті, олардың негізгі резиденциясы Кабалде болды. Хазарлар Өзербайжанға араб билігінің уақытында да басып кіріп, Ардебиляға дейін жетті. VIII ғасырда араб қолбасшылары хазарлардың шабуылын тойтарып, өздері қағанатқа қарсы жорық жасады. IX ғасырдың екінші жартысы мен X ғасырда орыстардың Өзібайжанның солтүстік облыстарына бірнеше жорықтары белгілі. Олар Баку, Барда мен Байлакан қалаларына дейін жеткен. Көріп отырғанымыздай, жаулап алушыларға қарсы тоқтаусыз соғыстарда өзібайжан халқының әскери, қаһармандық рухы шындалды.

ҮІІ-X ғасырларда Өзербайжанда ауыл шаруашылығы мен қолөнер өндірісі дамыды. Осының даму нәтижесінде экономикалық және саяси өмірі ғана емес, елдің мәдени өмірі топтастырылған Өзербайжанның ортағасырлық қалалары ірі қолөнер-сауда орталықтарына айналды. Бұл уақытта Шығыста Барда, Шемаха, Ганжа, Нахичеван, Ардебиль, Марага, Тебриз сияқты Өзербайжан қалалары кеңінен белгілі болды. Ескі қалалардың өркендеуіне және жаңа қалалардың пайда болуының негізгі факторларының бірі- Өзербайжанда тауар-ақша байланысының интенсификациялануына жағдай жасаған сыртқы сауданың тез дамуы болды. Негізгі өндірілгендер мұнай, шафран, жібек, марена, мақта, кілем, тұз, мата, балық, жидектер, қару, жүн болды. Елдің базарларында Үндінің, Ресейдің, Орта және Алдыңғы Азияның, Сирияның, Кіші Азияның, Египеттің және көптеген басқа елдер мен облыстардың тауарларын кездестіруге болды. Халифаттың солтүстік-шығыс Европамен, соның ішінде Ресеймен сауда жасауында Өзербайжан маңызды роль атқарды. Сол кезеңде Өзербайжанда соғылған монеталардың солтүстік елдердің қоймаларында, сонымен қатар Ресейдің европалық бөлігінде кездесуі кездейсоқ емес. Алдыңғы мен Орта Азияны Шығыс Европамен байланыстыратын Каспий бойынша теңіз коммуникациясы сауданың дамуында маңызды роль атқарды. ҮІІ-X ғасырларда Каспий теңізінде Ширван мемлекетінің құрамына енген Дербенд маңызды порт болды.

Жат жерліктерге қарсы, ауыр әлеуметтік теңсіздікке қарсы күрес Өзбайжанда ҮІІ-Х ғасырларда да толастамады. ҮІІ-ҮІІІ ғасырлар шегінде Кавказдық Албанияда бірқатар антифеодалдық толқулар орын алды. Кейінірек ҮІІІ-ІХ ғасырларда Байлакан тұрғындары бас көтерді. ІХ ғасырда бұл бас көтерулер ерекше жиілей түсті, ол 816-837 жылдардағы Бабек басшылық еткен хуррамиттер қозғалысына ұласты.

Хуррамиттер әлеуметтік теңсіздікке қарсы күресті, еркін шаруалар қауымдастығы үшін тер төкті. Жатжерлік жаулаушылардан азат етуді өздерінің басты мақсаты етіп қойды. Хуррамит ілімінің негізінде зороастризм жатыр. ҮІІІ ғасырдың соңғы ширегінде хуррамиттер Халифатқа зор алаңдаушылық туғыза бастады. ІХ ғасырда олардың бас көтеруі жиілей түсті. 809 жылы Ардебильде, Савалан тауында, Карадақта, Муганда ұсақ феодал Джавиданның басшылығымен көтеріліс басталды. Харун ар-Рашидтің он мыңдық әскері көтерілісті басты. 816 жылы арабтармен қақтығыстың бірінде Джавидан қаза болғаннан кейін хуррамиттер қозғалысын Бабек басқарды. Ол саудагердің отбасынан шыққан. Оның отаны Өзбайжанның оңтүстік бөлігіндегі Билалабад болды. Жастайынан өмір сүру үшін еңбек етуге мәжбүр болды, көптеген қолөнерлерді меңгерді, саяхаттауды ұнатты. Өзбайжанның барлық тамаша жерлерінде болған. 18 жасынан бастап Бабек хуррамиттер қозғалысына белсенді түрде қатысқан, ал Джавиданның қазасынан кейін оның басшысы болды. Өзін ұйымдастырушы, қолбасшы және саяси қайраткер ретінде көрсетті. Бабектің жаушылары шаруаларды, қолөнершілерді, қала кедейлерін Халифатқа қарсы көтерілуге-қарулы көтеріліске шақырды, жасақтар құруға көмектесті. Кейіннен Бабектің 20 мың атты әскері және көпсанды жаяу әскері болды. Қозғалыс Өзбайжанға тез тарады. Көтерілісшілер қаладағы араб гарнизондарын талқандады, Халифаттың өкілдері мен жергілікті биліктегілерді қырды. 819-829 жылдары хуррамиттер қозғалысты басуға жіберілген Халифаттың алты армиясын талқандады. Осы жеңістердің нәтижесінде арабтардан Ширван мен Нахчиван жерлері, сонымен қатар Ардебиль, Байлакан және Барда қалалары азат етілді. Бұл жерлерде хуррамиттер билігі орнады. ІХ ғасырдың 20-30 жылдары Бабектің қозғалысы кең қанат жайды. Тек қана Өзбайжанның оңтүстік бөлігі мен оған жақын таулы облыс Дейлемде 300 мыңнан аса Бабектің жақтастары болды. Араб авторы әл-Масудидің айтуынша, «Бабек қозғалысының кеңейгені, ықпалының

өскені, әскери санының көбейгені соншалық Аббасидтер патшалығы құлауға аз-ақ қалды». Алайда хуррамиттерді қолдап келген жергілікті феодалдар халықтың бас көтеруінің кеңеюінен қорқып, Бабекті сатып, оның қарсыластары жағына өтіп кетті. Халифат шешуші іске көшті. Әл-Мутасим халиф көтерілісті басып-жанщұға Исхак ибн Ибрахим басқарған көп әскер жіберді. 833 жылы Хамадан маңында хуррамиттер алғашқы жеңіліс тапты. 835 жылы Әзербайжанға Афшин Хайдар ибн Кафуз басқарған әскерді жібереді, олар Бабек пен оның жақтастарын Базз қамалына қамауға алады. Бабек Арранға қашып барады, алайда оны онда арабтарға ұстап береді. Оны халиф резиденциясына жеткізеді және 838 жылы 4 қаңтарда жазалап өлтіреді [3].

Елдің экономикалық және саяси дамуы, сонымен қатар жергілікті халықтың Халифатқа қарсы күресі нәтижесінде IX ғасырда Әзербайжан жерінде бірнеше жаңа мемлекеттер пайда болды. Олардың ішінде билігінде Ширваншақтар тұрған Ширван мемлекеті күшті болды, олар Халифаттың өзі ішіндегі алауыздықты пайдаланып өз мемлекетінің тәуелсіздігін жариялады. Оның құрамына Ширван және Каспий теңізінен Алазань өзеніне дейін, Аррака мен Кураның құйылысынан Дербентке дейін кірді. Мемлекеттің астанасы Шемаха болды, ол Ұлы Жібек жолының бойында Батыстан Шығысқа, солтүстіктен оңтүстікке барар сауда жолында орналасты. Оны «Бағдад қақпасы» деп атауы кездейсоқ емес. IX ғасырдың соңғы ширегінде Арракстен оңтүстікке қарай Саджид мемлекеті орнады, астанасы Ардебиль қаласы болды, олар Халифаттан бөлінді. Саджид мемлекетінің негізінде X ғасырдың 40 жылдары Салаирид мемлекеті қалыптасты. X ғасырдың 70 жылдары Әзербайжанның солтүстігінде тағы бір мемлекет-Гяндже астанасы болған. Шаддадид мемлекеті, ал оңтүстік жерлерде X ғасырдың аяғында Тебриз қаласы астанасы болған Раввадид мемлекеті құрылды. Раввадид мемлекеті Әзербайжанның ортағасырлық тарихында маңызды роль атқарды. Оның билеушілері белсенді сыртқы саясат жүргізді, уақыт өткен сайын олардың билігі бүкіл Әзербайжанға тарады. Бұл Әзербайжан жерінде өмір сүрген барлық мемлекеттер егеменді биліктің белгілеріне ие болды: өз әкімшілік аппараты, әскері болды, теңге соқтырды және өзіндік саясат жүргізді.

XI ғасырдың I жартысында Әзербайжанға әртүрлі тайпалар – аландар, рустар, сарирлер, сонымен қатар Византия империясының әскерлері бірнеше рет жорық жасады. Олардан соң Орта Азиядан оғыздар мен селжұқтар жорық жасады, оғыз және басқа да түрік

тайпаларын біріктірген Ұлы Селжұқ мемлекеті (1038-1157 жж.) осы уақытқа дейін қалыптасқан еді. Осы факторлар, ішкі әлеуметтік-саяси тұрақсыздықпен бірге елдің әскери-саяси әлсіреуіне алып келді. Осы себепті селжұқтар жорығы басталғанда Әзербайжанда оларға қарсы тұрар күш табылмады, дегенмен Тебриз, Хой, Шемаха, Салмас сияқты бірқатар қалалар қарсылық көрсетті. XI ғасырдың 40-70 жылдары бойы Әзербайжан селжұқ әскері тарапынан ауыр күйзеліске ұшыратқан жорықтарға ұшырады, елдің экономикасы мен халыққа үлкен зиянын тигізді. Бірінші кезекте ауыл шаруашылығы мен шаруалар зардап шекті, аштық пен эпидемия басталды. Нәтижесінде XI ғасырдың 70-80 жылдары Закавказьенің басқа да елдері сияқты Селжұқ мемлекетінің вассалдығын мойындауға мәжбүр болды. Осы уақыттан бастап елдің тағдыры Селжұқ мемлекетінің тағдырымен тығыз байланысты, сол арқылы Алдыңғы Азиямен және басқа да Шығыс аймақтарымен байланысты.

XII ғасырдағы Әзербайжан тарихында Әзербайжанның атабектер мемлекеті Эльдегизидтер мемлекеті (1136-1225 жж.) маңызды роль атқарды. Олардың негізгі резиденциясы Тебриз, Нахичеван, Хамадан және Марага болды, теңге соқты, белсенді әскери саясат жүргізді. Эльдегизидтер вассалы Ахара Пиштегинидтер болды. Эльдегизидтер ықпалында Селжұқтардың Ирак пен Керман сұлтанаттары, Ширван мемлекеті, Салгурид Фарс иелігі, Артукид, Зангид, Секменид әмірліктері мен Табаристан облысы болды.

XI-XII ғасырларда Әзербайжанда қоғамның негізгі әлеуметтік топтары бұрынғыдай шаруалар мен феодалдар болды. Шаруалардың арасында ұсақ жер иеленушілер-дихандар мен рустайлер болды, алайда басым бөлігін жерсіз шаруалар-барзигарлар мен райаттар құрады. Феодалдар жерлерге, суларға, суармалы құрылымдарға, негізгі еңбек құралдарына иелік етті. XI-XII ғасырларда Әзербайжанда меншік формасы мен феодалдық иерархияның дамуы кезеңі болды. Бұрыннан болған жерге меншік түрлері мен қатар (амлак-и, хасс, дивани, вакф, мюльк, джамаат, икта) жаңа жер иелену санаты-уджей жері-түрік әскерінің, яғни шекара қызметінде көзге түскендердің жері пайда болды. Үздік қызметі үшін оларға мемлекет негізінен жергілікті шаруалардан тәркіленген жерлерді берді. Мұндай жерлер ұлғайып, түрік әскерлерінің әйлактары мен қышлақтары (жайлау мен қыстау) көбейді, Әзербайжанда көп санды түрік көшпелілері тұрақтанды.

XI-XII ғасырларда Әзербайжан экономикасын негізін ауыл шаруашылығы, қолөнер өндірісі мен таулы-жайылымдық маусымдық

мал шаруашылығы құрады. Ел бұрынғыдай жер өңдеумен, жібек өндірумен, мақта өндірумен, жүзім өсірумен, ара шаруашылығымен, шарап өндірумен, күріш өндірумен, бақша өндірумен және әртүрлі қолөнер бұйымдарын дайындаумен атағы шықты. Өзбайжан қалалары бұл кезеңде өзінің дамуының шегіне жеткен еді. Шығыста Байлакан, Баку, Нахичеван, Гянджа, Тебриз, Марага, Ардебиль өте белгілі болды. Ширваншах мемлекетінің маңызды орталықтарының бірі Баку болды, Өзбайжан өмірінде оның ролі Каспий теңізіндегі негізгі порт ретінде жоғары болды. Баку арқылы өзбайжандықтар ішкі және сыртқы нарыққа мұнай, кирмиз (марина), мақта, кілемдер, жібек, керамикалық және ағаш ыдыстар, қару, мата, металл бұйымдарын, минералдық шикізат, әшекейлер, тұз, жидектер шығарды. Екі жақты сауда Өзбайжанды Руспен, Кіші және Орта Азиямен, Сириямен, Египетпен, Иранмен, Закавказье мен Алыс Шығыс елдерімен байланыстырды. Сондықтан Өзбайжан Шығыстың әлеуметтік-мәдени, экономикалық-саяси жүйесінде маңызды орын алады.

Алайда, Өзбайжанда халықтың жағдайы ауыр күйінде қалды, құрғақшылық пен аштық болды, әртүрлі ауырулар тарады; елді соғыстар күйзелтті. XI-XII ғасырларда халықтың жергілікті және жатжерлік феодалдарға қарсы бірқатар бас көтерулері болды-1030 жылы Байлаканда, 1064 жылы Хойде, 1132-1134 жылдары Ардебильде және т.б. бұл көтерілістердің бәрі қатыгездікпен басып жаншылды, алайда олар халықтың жадысында қалды.

Өте шиеленіскен күрделі заманда барлық халықтарда зияткерліктің қанат жаятындығы жалпыға белгілі. Өзбайжанда бұдан тыс қалған жоқ. Бұл уақыт халықтың рухани-мәдени күшінің биікке көтерілу кезеңі болды. Осы себепті бұл кезеңнің Өзбайжан үшін мәдениет, өнердің гүлденуі болғаны кездейсоқ емес. Әлемдік деңгейдегі жарқын ғалымдар, ойшылдар, музыканттар, ақындар шықты. Олардың әр шығармасы теократиялық мемлекеттің халыққа қарсы жүргізіп отырған саясатына қарсы үндеу болды. Мұндай рухани дамудың субстанциясы философия, әдебиет болды. Оларды мынадай адамдар танытты: «Ақиқат Дәлелі» құрметті атағына ие болған атақты Әбу Әли ибн Синаның шәкірті Бахманьяр философ; Бағдадтағы атақты ортағасырлық «Низамийе» университетінде тәлім беруші философ және грамматист Хатип Тебризи; тарихшы Масут ибн Намдар; касиданың теңдесіз шебері Гатран Тебризи; атақты ақын Мехсети Гянджеви; Шығыстың парсы тілді поэзиясының дамуына

ықпал еткен Хагани Ширвани; біздің уақытымызға дейін жеткен архитектуралық ескерткіштерді жасаушылар: Мухамад ибн Әбу-Бекір, Аджмен Абу-Бекір, Амер Аддин Масуд, Абу Мансұр ибн Мұса. Бұл кезеңдегі Әзербайжан халық әдебиетінің көрнекті ескерткіші батырлық эпос «Қорқыт атаның кітабы» болды [4].

Әзербайжан қалаларында мектептер мен медреселер (ортағасырлық университеттер) жұмыс істеді.

Әлемдік рухани мәдениет тарихына Әзербайжан ақын-ойшылдары Низами Ганжауи, Саид Имадеддин Насими, Мухаммед Физули қайталанбас үлес қосты. Олар адамзаттың рухани алға дамуын қозғаушылар, ойшылдар болды.

Олар адамзаттың рухани үрдісін таратушылар, ойшылдар болды. Мұндай тұлғалар болашақты болжау үшін, күнделікті жерлік өмірден абстракциялануы тиіс. Бірақ өз отанында пайғамбар болмайды деген. Олардың тағдыры өз отанында қайғылы болды. Әңгіме бәрінен бұрын Насими жөнінде болып тұр. Алайда олардың сөздері, алдын-ала болжауы өз маңызын бүгінгі күні де жоғалтқан жоқ. Олардың бар идеялық мұралары еңбек адамдарына қамқорлық, әділетті және әлеуметтік теңдікті қоғамның салтанат құратындығына сенімге, адамдарды пайдалану мен қанаудың барлық түрлерінен арылатындығына негізделген. Олардың барлығы адам еркінің бостандығын мойындаған, адамның ақыл-ой парасатын дәріптеген, ислам доктринасының көптеген қағидаларына сынмен қараған, о дүниелік өмірдің барлығына күмән білдірген. Олар осы өмірдегі адамдардың айқын бақытын жақтады, өздерінің ілімінде адамдарды жоғарғы құндылықтар, жоғарғы мақсат ретінде мойындаған. Олардың гуманизмі абстрактілі сипатта болса да, адамға нақты тәсіл емес, ол барынша жалпылығымен ерекшеленеді, ал әрекеттің емес, ойдың гуманизмі болды.

Әйтседе ол адамзат руханиятының айқын дамуының кезеңі болды. Ислам теократиялық тұтас билігі, діни төзбестік жағдайында, Құран догматтары мен басқа құдай рухтандырушылық алдында рухани сенімге бой ұсынушылыққа және көңілшілікке үндейтін ортағасырдағы шығыста ақын ойшылдар Низами, Насими, Физули жердегі адамзаттық бақытты абсолютті құндылық деп санап адамдардың жұмақтағы бақытынан жердегі бақытты жақтады.

Бұл ойшыл-ақындардың өмірімен қызметі ортағасырдағы мұсылман қоғамы шеңберінде, бірақ әртүрлі тарихи кезеңдерде өтті. Ақын-ойшылдардың ең үлкені Низами болды, шығармашылық қызметі

бір жағынан саяси тұрақсыздығымен, әлеуметтік қайшылығымен, сөз тасу мен тыңшылықтың жүгенсіздігімен, кез-келген байқаусызда немесе орынсыз айтылған сөз үшін жауап кершілікке тартылған, жаналғыш «Қылышымен ойнаған» Селжұқ сұлтандығының билігі тұсында, келесі жағынан-ортағасырлық мұсылман мәдениетінің өркендеген тұсында гүлденген. Бұл дәуірге Омар Хайям қызу қанды сипаттама берген: «Біз ғалымдардың опат болуына күә болдық, олардан аз санды, бірақ көп қайғылы адамдар тобы қалған. Бұл уақыттарда тағдырдың қаталдығы оларға өз ғылымын жетілдіруге және тереңдетуге толықтай берілуіне кедергі келтірді. Қазіргі уақытта ғалым келбетін, яғни теология иеленгендердің көпшілігі ғылымда жасандылық пен екіжүзділік шегінен шыға алмай шындықты өтірікпен бүркемелейді. Тек арсыз тән мақсаты үшін өздеріндегі білім қорын пайдаланады. Егерде олар ақиқатты іздеген және шындықты жақсы көретін адамды кездестірсе жалған мен екіжүзділікті қайтаруға және мақтаншақтық пен өтіріктен бас тартуға тырысады, олар оны өздерінің жек көрушілігі мен әжуа тақырыбы етеді» [5,16].

Низамидің кіші замандасы Физули тыныштығымен, тұрақтылығымен ерекшеленбеген ХҮІ ғасырда өмір сүрді. Олардың өмір сүрген уақытында көп санды феодалдық династиялық топтардың қолдарында барлық жүгенсіз билік толығымен жинақталды. Мұның зардабы осы ойшылдардың тұсында өзінің шыңына жеткен схоластикалық дүниетанымның тұтас билігінің, қатыгез қанаудың өршуі және халықтың жағдайының нашарлауы болды. Мысалға Низами «Құпиялар қазынасы» поэмасында өз кейіпкерінің аузымен озбыр билеп төстеушілерге арнап ащы шындықты жазады:

Үлкен мен кәрі алдында білмей ұятты,
Сен тонайсың ауылды, сорасың қаланы.
Мен сенің баспалдақтарыңды санаған,
Жамандықта және жақсылықта айнаң болдым.
Сен онда қандай болсаң, сондай болдың,
Бұл айнаны шағу-аз намыс.
Мен әділмін, менің сөзімнің әділдігін ұғын!
Ал асам десең-мен өлімге дайынмын [6].

Бұл қатал және тұрақсыз әлеуметтік-саяси байланыс дәуір философиялық-поэтикалық ойлардың дамуына әсер етті. Ол бүкіл Халифаттың рухани-мәдени дамуындағы ұлы дәуір болды. Ақындардың әр шығармасы бас көтеру, теократиялық мемлекеттің жүргізіп отырған халыққа қарсы саясатына қарсы тұруға шақыру

болды. Дәл осындай уақыттарда зияткерліктің, руханилықтың қанат жайғаны байқалады. Сол кезеңдегі Әзербайжан да бұдан тысқары емес еді. Әзербайжан жері ойшылдардың Низами, Насими, Физули, әлемдік деңгейдегі ұлы ақындар Катран ибн Мансұр, Низамаддин Абул-Ула, Абун-Низам Мухаммед Фелеки Ширвани және тағы басқаларды дүниге келтірді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тайлор Э.Б. *Первобытная культура*. М.: Политиздат, 1989. –573 с.
2. Пастернак Б. Л. *Воздушные пути: Проза разных лет*. М.: Политиздат, 1972. – 252 с.
3. Қараңыз: эл.ресурс: www.azeri-info.com (История Азербайджана)
4. Қараңыз: эл.ресурс: <http://azeribook.com> (История Азербайджана)
5. *Математические трактаты Омара Хайяма*. Перевод с арабского Б. Розенфельда.//Историко-математические исследования, выпуск У1, 1953.
6. *Пять поэм. Библиотека всемирной литературы*. Серия первая. М., Издательство «Художественная литература», 1968.

UDK 305.891

**KAZAK HALKINDA HAYVAN ETİNİ ÜLEŞTİRMEDEKİ
ÖZELLİKLERİ**
THE PECULIARITIES OF MEAT DISTRIBUTION OF KAZAKH
NATION

Nazira TURSUNBAYEVA*
Ercan ÖMİRBAYEV**

Түйіндемe

Мақалада қазақ халқының ұлттық тағамдары саналатын етті тамақтардағы жіліктердің үлестірілуінің орны мен ерекшеліктері жайлы толық және мысалдармен көрсетіледі. Қазақ дастарханының өзіндік дәстүрі мен тарихын түсіндіру, оның ішінде қой етінен ұлттық дәстүр бойыша табақ тарту рәсімін үйрету. Әр қонақтың өзіне тартылатын сыбағаларын ажырата білу.

Әкемнің медресесі төрт үйде орналасып, оларда 150-200 шәкірт оқыды. Көпшілігі алыстағы таулы ауылдардағы башқұрттардың балалары еді. Қыс кезінде олар төрт ай оқып, қар ери бастағанда үйлеріне қайтатын. Олар әкемнен жасырып медовуханы дайындап, оны башқұрттардың әдет-ғұрыптары бойынша ішіп жүрді, көңілді мәжілістер өткізіп тұрды, бейсенбі кештері би-билеп, палуандар күресі бойынша жарыстарға қатысатын. Олардың ұйымшылдығы әдеттен тыс мығым еді. Медовуханы ішіп масайрағандар туралы сыбыс әкеме жетпейтін және оның өзі бұл туралы ауызынан бір сөзді шығармайтын.

Сабақ басталар күз айында «қазы» сайланатын. Сайлаудан соң оны ақ киізге отырғызып, төрт жағын төрт кісі көтере, төрт үйдің бұрышын бойлап жүріп, жоғары көтеріп тұрғанда, басқалары оны шымшып қалуға тырысатын, кейбіреулер қазыны «бізбен» жайлап шаншығансып, оны көзінен жас ағызуына дейін жеткізетін кездер де болған. Бірақ кейініректе қазы одан құтылудың жолын іздеп табатын.

Мұның өзі түріктердің ханды немесе билеушіні таңдауға байланысты өткізілетін ежелгі әдет-ғұрпына өте ұқсап келетін. Кейін мен қазыны мұндай сайлау дәстүрінің Хорезм әдет-ғұрыптарынан бастау алатынын білдім. Әкем медресенің ресми басқарушысы еді, алайда басқарудың нақты жүгені шынында да қазының қолында болатын. Муддарис, яғни медресенің медресе басқарушысын араластырмай ішкі мәселелерді шеше алатын қазы жоғары бағаланатын. Ал әкем мұның бәрін көребіле тұра байқамайтындай сыңай танытып отыратын. Бұл әкемнің әдептілігі мен шеберлігін көрсетеді. Медресенің бұл ішкі өмірін біздің қоғамымыздың мәні мен тарихының толығырақ көрінісі деуге болады. Әкем медресесінде «джадидизм» деп аталатын тәрбиенің жаңа жүйесінің ешқандай әсері сезілмейтін. Әкемнің бұл жаңалықтарға деген реакциясы математика мен география пәндерін енгізіп, олардан сабақ өтуі үшін Зәки атты мұғалімді шақырумен ғана шектелді. Шәкірттерге орыс тілінен сабақ бере алатын мұғалімдер де бар болатын, дегенмен де әкем орыс әкімшілігінің мұсылман медресесінің қатарынан орысша бастауыш сыныптарын ашу жөніндегі ұсыныстарына барынша қарсы болды. Земство басшысы тарапынан уәләятқа жіберілген ұлты башқұрт, Уфа мұфтиі Сұлтановтың ұлы, заңгер Сұлтанов және земство дәрігері ретінде келген татар қызы Зәйнәб Габдрахмановалар Петербург университетінің түлектері еді. Екеуі де бізге жиі-жиі келіп, әкемнен саяси жағдайлар туралы сөйлесіп тұратын, ағарту мәселелерін талқылайтын. Мүмкін, әкем ортағасырлық көшпелі дүниетанымның адамы шығар, ауылдық имам болғаннан соң, оның оқыту ісінде бірте-бірте реформаторлық деңгейге дейін көтерілуінде осы екі білімді жас адамның әсері тиген болуы керек.

Менің өзім әкемнің медресесінде араб тілінде дін бойынша білім алдым. Зәки-Хальфа және Кашиф-молда парсы тілін үйретті, ал Габдрахман мен Шағыбек орыс тілі мен математикадан дәріс берді. Бірақ та бейсенбінің* құрметіне арнап кешқұрым күрестен өткізілетін жарыстар есімде көп сақталынып қалды. Ол жарыстарға мен айрықша ынтамен қатысатын едім. Әрине, медовуханың буынан масайрап, біраз жерге барып қалатын едік. Ұзақ түн бойы, шамды өшірместен, көзге ұйқы тығылғанға дейін бітпейтін ұзақ-сонар халықтық аңыздары

* Орта Азия түріктерінде қайтыс болған адамды еске алу мақсатында қырық күнге дейін әр бейсенбі сайын ас берілетін рәсімі.

айтылатын, мұның өзі ұмытылмас және тілмен жеткізіп болмайтын ләззатқа бөлейтін.

Анам туралы бірер сөз

1918 жылы Орынборда большевиктер, ал 1944 ж Түркияда Йемен-паша мені абақтыға жауып, кітап оқу мүмкіндігімен айырған кезде, мен анам үйреткен өлең жолдары және Ясауи мүнәжаттарын дәйім еске алып, қайталап жүрдім. Сонда ғана анамның маған еткен әсерінің қаншалықты мығым болғанын түйсіндім. Әкем туралы көптеген естеліктер 1944 жылға келіп жадымнан көтерілді, алайда анам сақтаушы періштедей, желеп-жебеуші ретінде әрқашан менімен бірге, жаныма жақын тұрды. Анамның ең тартымды ерекшелігі – оның жадында ахлақтық мазмұндағы жақсылық пен әділдікке үндейтін сансыз көптеген өлеңдер мен хикметтердің сақталуында деп білемін. Менің жан-жүрегімде ол ешуақытта тіптен зәредей қиянат жасамаған, маған шексіз жақсылық жасаған, тілеуімді тілеп жүрген адам кейпінде сақталынып қалды. Оның парсы және түркі тілдеріндегі маған үйреткен өлеңдер мазмұны моральдық және өсиеттік сипатымен шектелмеді, олардың ішінде көркемдігі жоғары да, үздік туындылар-жауһарлар бар еді. Содан соң, Науаидің¹⁰ бүкіл шығармашылығын зерделеген кезімде анамның маған жаттатқан ғазалдары сол ұлы ақынның жауһарларынан алынған үзінділер екендігін көрдім. Анамның оларды кімдерден естіп-білгендігі маған беймәлім, өйткені ол кезде «Диуаннан» келтірілген үзінділер жазылған кітаптарға қолым жетпеген еді. Балалық шақтан бері анамнан естіген моральдық мазмұндағы өлеңдер мен тәмсіл әңгімелер, бәлкім хрестоматия немесе антология секілді әлдеқандай кітаптан алынған болуы керек. Және олардың көбісін анам өзінің жадында сақтаған екен. Сондай-ақ, олар көбінесе Аттар, Руми, Науаи, Ясауи, сопы Аллаяр шығармаларынан алынған үзінділер болып шықты. 1957 жылдың басында Пәкістандағы Махор университетінде парсы әдебиетінен дәріс берген менің досым проф. Мұхаммад Бәкірдің үйінде болғаным бар. Ол ХІХ ғасырда Хайдарабатта қызмет еткен әскери басшылардың бірі болған бұқаралық өзбектің ұлы еді. Балалық шағымда маған үйреткен өлеңдерді ұстаздары оған да үйреткен екен, демек біздер бірдей мазмұндағы кітаптарды оқыған болып шықтық, сондықтан бұл шығармалардың ХІХ ғасырда түріктер арасында сондай кең тарағандығы мені өте-мөте таңқалдырды.

Анам маған үйреткен өлеңдерді кімдердің шығарғанын білмеген. Тек соңғы кезде ғана мен бұл өлеңдер – үлкен шығармалардың үзінділері екендігін, анамнан үйренген парсы сөздерінің дыбысталуы дұрыс та, әдеби қалыптарға сай келетіндігін білдім. Менің Иранның бүгінгі билеушісі Мухаммад Риза-шах Пехлевимен екі рет кездесуіме тура келді, ол сұхбат арасында «Парсы тілін қай жерден үйрендің?», – деп таңдана сұрады. Мен: «Шешемнен үйрендім», дедім. Ол, апаңыздың тегі парсылық шығар? – деп сұрады және менің сөйлеу әуенімнің бұқара тәжіктерінің тілінен айырмашылығы бар екенін тілге тиек етті. Менің әкемнің арапшаны өте жақсы меңгергендігі, анамның парсының әдеби тілін білуі – Оралға Кавказдан XVIII ғасырда Күзен мен Сатлық балаларын оқыту үшін келген дағыстандық мұғалімдер еңбегінің нәтижесі шығар, бәлкім. Парсы тілінде намаз оқуды үйреткен де апам еді. Мені парсы тіліне жаттықтырған анама қарыздар екенімді, өмір бойы аса терең ризашылығым мен шексіз құрметімді сезініп жүрдім, өйткені мұның бәрі Таяу шығыс халықтарының өмірін жақсырақ танып-білуіме, бұл жерлерден сондай-ақ шынайы достарды табуыма мүмкіндік берді. Апамның ешқандай саяси түсініктері жоқ болатын, жаздырып алынған газеттерді оқымайтын-ды. Аллаһ сөзі жазылған кітап-газеттерді біздің аяқ астына тастамауымызды қадағалайтын, сондай газеттермен бірдеңені орауға рұхсат етпейтін. Ол өте құдайшыл адам еді, бірде-бір намазын қаза қылмайтын, ол әкем сияқты ерте таңда тұрып алып намазын оқитын. Бірге отырғанымызда апам сөз арасында ылғи өлеңдерді келтіре отырып, халық мақал-мәтелдері, сондай-ақ ата-бабаларымыздың нақыл сөздерін есімізге салып отыратын.

Апамның өлеңмен жазылған бір туындысы және Фрейд

Апам жаза білетін. Қыздарды намаз оқуға үйреткенінде, бұл мінәжаттарды жазып отыратын, бірақ көп хат жазбаған кісі еді. Тек 1918 жылы әкемнің маған ренжіген кезінде ғана Қазанға екі хат жіберген. Сонымен бірге әкеме жіберілген өлеңдерді кітаптар беттерінің арасынан табуға болар еді. Әрбір малдың отбасы мүшелерінің қайсы біріне тиісті екендігін анықтайтын башқұрт әдет-ғұрпы кей-кейде жанжалдарға әкеліп соқтыратын. Әкем үйіне апамның ата-анасынан жасау ретінде әкелінген малдарға ол айрықша қараған (біздерде ол «төркін» деп аталады). Осы малдардың біреуін әкем анамнан сұрамастан сатып жіберген. Оның үстіне ол кезде әкем үйге екінші әйелін әкелуге дайындалап жүрген. Қалай болғанда да

отбасымызда осыған байланысты күдік орын алды. Бұл орайда апам әкеме мына мазмұндағы төрт жолды өлең шумағын жібереді: «Көзімді ашып көргенім, аузымды ашып өпкенім сен едің ғой; Сен менің өмірімде жүрегімнен орын алған жалғыз ғана жансың. Сенен басқа әйел болмайды деп едің ғой. Қалайша өзгеріп шыға келдің? Сен мені өбіп-сүйген жалғыз ғана еркек заты едің, сен өзің ғана менің қыздық намысымды алған жоқ па едің? Менің күнәсіздігімді-пәктігімді бұзған кім еді? Басқаларға көз қырын саласың, мұны қалай түсінуге болады?» Сірә, екінші жолды ол басқа бір ақыннан алған болуы керек, бірақ бәрі орнымен айтылған. Бұл өлеңдердің туылуы мен мағынасы бізге баяғыдан бері белгілі, жадымыздан берік орын алған болатын. Алайда, кәмілет жасына жеткенге дейін жасы ұлғайған әйелдердің жыныстық қатынастар туралы сөз қозғай алатынына мән бермеген едім. Ата-анамыздың арасында әлдеқандай жыныстық қатынастардың болуы жөнінде біздердің, балалардың басына мұндай ой кіріп те шықпайтын еді. Соған қарамастан, олар жыныстар арасындағы арақатынастарды реттеу жөніндегі исламдық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды дәйім айтып отыратын; малдың қысыр қалып-қалмауы да назардан тыс қалмайтын, айғырлар мен бұқаларды шаптыруды ұйымдастыратын, мұның бәрін көріп өскенбіз. Қыстың аязды күндері қойдың қошақанын тура үйге әкелетіндігін, ал көктемде биенің құлындағанын көру әдеттегі жайт еді. Сондықтан апамның өлең сөздері біздің жадымызда тек әдемі бір үзінді ретінде ғана сақталынып қалыңды. Біз қарындасымыз Сарамен бірге осы іспетті талай өлеңдерді дауыстап айтып жүрген де едік. Бірақ бұл фактілердің бәрі Вена философы, доктор Фрейд теориясының дұрыстығын мүлде растамайды. 1935 жылы Вена университетінде оқыған кезімде Бергассе көшесіндегі үйдің (№9) бөлмесін ижараға алған едім. Ондағы ойым – Шығыстану семинарына және Штрезеговскийдің өнер тарихы Институтына жақынырақ жерде болу еді. Бұл үйдің төменгі қабатында бір институттың барын білетін едім, алайда онда Зигмунд Фрейдтің психоаналитикалық институтының орналасқанын білмеппін. Бір жолы үй бекесі маған «Төменгі қабатта отырғандар: сіздер түні бойы аяқтарыңмен өте қатты дүрсілдетіп жүреді екенсіңдер. Бөлмеде жұмсақ аяқ киімде жүрулеріңе болмас па еді», деді. Мен оның сөздерін мақұл көрдім, бірақ есімнен шығып кете берді және бірнеше рет өтініш қайталана берді. Сонда үй бекесі: «Мені профессордың көргісі келетінін айтты». Ол өзін доктор Фрейд деп таныстырды және институтта кейбір сезімтал приборлардың бар екенін айтып, сол

себепті бөлмеде тыныштықты сақтай жүруімді өтініп сұрады. Осы кезге дейін мен Фрейдпен кездеспеген едім, бірақ онымен бірге Сириялық маған таныс армян студенті жұмыс жасап жүргендіктен, ол маған Фрейдтің кейбір рисаласын беріп жүрді, оларды қарап шығып едім Фрейдтің философиясы көңіліме қонбады. Мен Фрейдке азиялық даладан келгенімді және аяқтарымның мұндай қатаң жағдайларға икемделуі қиынға соғатынын айттым. Ол менің өзінің кабинетіне шақырды. Әңгіме үстінде мен профессордың алты-жеті жасар қыз балалардың әкесіне жыныстық жағынан зауықтануы идеясы башқұрттар мен қазақтардың ұғымдарына сиыспайтынын айттым, анамның жоғарыда келтірілген өлеңдерін аударып бердім және оның рисаласын оқығаннан соң ғана барып қыздың кіршіксіз пәктігін бұзу деген сөздердің мағынасын аңдағанымды және сөз жыныстық қатынастар турасында барғандығын түсінгенімді айттым. Ол кезде мен Ибн Фадланның оғуздардың жыныстық өзара қатынастары және олардың бұл реттегі мұсылмандар мен арабтардан айырмашылығы жөніндегі жазбаларын анализ жасап жүрген едім, бұл мәліметтерді Геродоттың ежелгі скифтердің жыныстық қатынастар туралы жазбаларымен салыстыра қарастырдым. Екінші рет кездескенімде мұның бәрін доктор Фрейдке түсіндірдім. Тіпті былай дедім: «Сіздің рисаларыңызда қыздарды, біздің қарындастарымызды жалаңаш түрде түгін қалдырмай сипаттайтын, (подсматривая их в замочную скважину*) ұятсыз жазушыға сіз көбірек ұқсап кетесіз. Мұнымен сіз психоанализ ретіндегі сондай қызықты ғылымды жоғарыда айтылған жазушының әдебиетімен бір деңгейге қоятын сияқтысыз». Ол менің сөздеріме қапа болмады. Керісінше, бұл туралы менімен қалайда сөйлесуге деген ықыласының күшейгендігін айтты, бірақ менің жуық арада Австриядан Германияға кетуіме байланысты онымен бұдан былайғы кезде кездесе алмадым.

Хабибназардың маған берген тәрбиесі

Немере ағамның медресесі жеті үйде орналасқан болып, оларда жүзге жуық шәкірт оқыды. Олардың кейбіреулерінің әкемнің шәкірттерінен айырмашылығы – олар жылдың алты-жеті айы бойы оқитын еді. Басқалары тіпті жазғытұрым да оқуын жалғасытыра беретін. Мен медресеге кеш келіп, ерте кететінмін, өйткені үйдің

* Құлыптың оймасы.

жұмысы көп еді (мысалға, көктемде бар малды орманды хуторға* айдап әкетіп, сол жерде бағу керек болады), ал Утякта мұндай жұмыстар аз болатын немесе сабақтарымды жалғастыратын болғандықтан, олар орындалмай қала беретін. Әкем малға қарауды маған тапсыратын, сондықтан үйге әрдайым басқалардан бұрын қайтатынымын. Сол себепті наурыздың орта шенінде үйге қайтатын едім, немере ағамнан алған сабақтарым төрт айдан артық уақытқа созылмады. Алайда, үйде бұл сабақтардың барлығын әкемнің жетекшілігімен жалғастырып жүрдім. Утяк медресесінде мен, көбінесе араб тілі және әдебиетімен шұғылдандым. Араб тілін өте жақсы білуіне қарамастан, әкем араб әдебиетін жетік білмейтін. Әдебиеттен дәрісті немере ағам өз үйінде беріп жүрді және де мен оның нақ үйінде тұрып жаттым. Оның балалары жоқ еді, сондықтан ол маған көп көңіл бөліп, өзінің ұлына қарағандай қатынаста болды. Басқа шәкірттердей емес, үйінде маған арнайы сабақтар жүргізді. Мұнда араб риторикасын, ең танымал ғалымдардың өмірбаянын, тұтастай алғанда ұлы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын оқуға айрықша көңіл бөлінді. Немере ағамның медресесінен кеткенге дейін-ақ мен араб риторикасына** бағышталған «Муттаууал» атты кітапты оқып тауыстым. Индиялық Ибн Халликан, Тапкупрезаде, Габделхай әл-Лукневи сияқты тұлғалардың өмірбаяны туралы дәрістерді ол маған әкемнің досы Мұрат Рамзи тарапынан арапшаға парсы тілінен аударылған «Решехат» кітабы (ортағасырлық сопылар туралы кітап) бойынша берді. Бұл тұлғалардың өмірбаяндарымен танысу, немере ағамның кітапханасынан табылған «Решехат» кітабының да нұсқасын парсы тіліндегі түпнұсқасымен салыстыру мені үлкен ләззатқа бөледі. Ол фикх, кәламнан дәріс оқымады. Араб тілін жақсы меңгеріп алғаннан соң оларды өз бетіңмен оқып, біліп аларсың деді. Бұл пәндер оның медресесінде оқытылды, бірақ ол мені бұл сабақтарды босатты. Менің өзімнің де осынау абстрактылы ғылымдарға көңіл-қошым болмады. Оның себебі, немере ағамның столында жатқан түрік тілінде жазылған бір кітапты көрісімен, бұл пәндерге деген көзқарасым өзгеріп сала берді. Бұл түріктің саяси қайраткері және ғалымы Махмұт Ғарыфтың «Мың және бір хадис» атты кітабы болатын. Ол кітапта Ғарыф-бей пайғамбардың мына хадисінің мағынасын түсіндіре келіп

* Аз үйлі қыстақ. Иесінің қора-қопсысы бар оңашаланған жер.

** Шешендік өнер теориясы.

(«Құдайым-ай пайдасыз ғылымдардан, керексіз істерден және артықша ғибадаттан-рәсімдерден Сен сақтай гөр, құтқаруды өзіннен табамын») ислам халықтарын азапқа салатын схоластикалық «Кәламның» қажетсіздігін және абстрактылы-логикалық қулық-сұмдықтың, айлакерліктің керексіздігін дәлелдейді. Бұл кітаптың маған үлкен әсері болды. Менің назарым ең алдымен, бәрінен бұрын араб тілі мен әдебиеті бойынша жазылған кітаптарға, араб тіліндегі тарихи шығармаларға ауатын. Бұған мен бар көңілімді, барлық уақытымды бөлдім. Көп кешікпей Шағыбек Өзбеков те әкемнің медресесінен Утяк медресесіне ауысты. Мен одан орыс тілінен дәріс алуды жалғастыра бердім. Ең жақын досым саналатын бұл жігіт кейініректе біздің башқұрт әскерлерінде офицер болып қызмет етті. 1919 жылы біздер Советтермен келісімге келгенімізде Шағыбек мұнымен бітіспеді, менің рұқсатыммен Украинаға кетіп, Врангель армиясында қызмет етті. Кейініректе білгенімдей, ол Қырымда жүргенінде жараланып Стамбұлға өтіп кетіпті және сол жерде дүние салыпты.

1904 жылы орыс-жапон соғысы басталғанда Ресейдің жеңілуін тілеген менің немере ағам күн сайын телеграфтық бюллендерді алып келу үшін Стерлитамакқа шабарманды жіберіп отырды, бұларды мен оған аударып беріп жүрдім. Мұның өзі орыс тілін әрі қарай жетілдіруіме көмектесіп, саясатқа деген қызығушылығымды оятуға және арттыруға себепші болды.

Утякте орыс тілін білетін және көп оқитын Тоқтамыш ұлы Гарей есімді, ерлер киімі тігіншісі болған. Немере ағам осынау тігіншімен жіті қатынаста бола жүріп, орыс тілін жетік білуіме қол жеткізуге болатынын айтты. Бір уақытта мен Пушкиннің «Пугачев тарихын» және оның Құран Кәрімге бағышталған өлеңдерін, сондай-ақ пайғамбарға қатысты жазған басқа поэтикалық шығармаларын сол уақыттағы біздің әдеби тіліміз болған – шағатайға аудардым. Аудармаларымды немере ағам зор ықыласпен оқыды. Ақын аударған Құранның «Ваддуга» сүресін ол арабша түпнұсқасымен салыстыра келіп: «Сөзбе-сөз аударылмаған, кейбір толықтыруларды жанынан қосып жазған, соған қарамастан ол Құранды көптеген түсіндірушілерімізге қарағанда, тілге алынған сүренің мән-мағынасын әлдеқайда тереңірек бере білген. Соңында ол оның ата-бабаларының – Арап ұлы Петрдің тарихына бағышталып жазылған оның еңбегін аударуды маған тапсырды және арабтардың бұл ұрпағы шүбәсіз

Құранды аса ден қойып сүйіспеншілікпен оқып аударған екен деген қорытындыға келген».

Утяктағы оқуыммен байланысты ең жарқын әсерлер Хабибназардың үйінде тұрған кезімден бері сақталып қалыңды. Оның малдары көп болатын, сондықтан қораларын кең етіп салатын. Мен қысстың күндері малға қарауды жақсы көріп, оларға жем-шөп салатынымын, жазда шабылған шөп құрғатылысымен үйіліп қойылатын, оның арасынан орманның хош иісі аңқып тұратын, кептірілген шие-жидектерді ажыратып алып малға беретінмін. Мен малдарды, әсіресе жылқыларды жақсы көретін едім. Егер үйге сабаққа уақытында бара алмай қалғанымда, немере ағам үйдегілерге айтып жататын: «Барындаршы ол қорада жүріп алған шығар, шақырындар оны!». Математикамен де айналыстым, Стамбұлдан әкелінген кітаптарды да оқыдым. 16-18 жасымда Эрнест Ренанның шығармаларын, дін мен ғылымға арналған американдық ғалым доктор В.Р. Дрейпердің, неміс философы Шопенгауэрдің еңбектері сараланған, қарастырылған, түсіндірілген кітаптарды оқыдым, дін мен ислам проблемаларын зерттеген египет авторлары Мұхаммад Абду және Фарид Вежидің шығармаларын оқып пайдаландым. Мені бәрінен бұрын Ренан мен Дрейпрге қаратыла жазылған сыни мақалалар емес, олардың бойына біткен өзіндік ой-пікірлері қызықтырды және менің олардың еңбектерін түпнұсқа тілінде жазылған кітаптар бойынша оқуға деген құштарлығым күшейді. Түріктің мерзімді баспасөзін оқу сигаретке деген әуестігімді тудырды. Менің бірінші рет тартқан сигаретімнің тұқылын немере ағамның екінші әйелі тауып алып, содан соң немере ағам маған дүре соқты. Осыдан кейін мен анда-санда ғана темекі тартып жүрдім.

Көктемгі және жазғы айларды біз қалай өткіздік

Ерте көктемде деревняға қайтатынымын, өйткені жаздан бері дайындаған шөп наурыз айының басына келіп таусылады, сондықтан ағашты кесіп, өрім талдарымен қора-қашаларға сүйреп әкелетінбіз, малдар оның қабығын сүйсініп жейді. Қар кеткенге дейін-ақ табынды өткен жылғы шөпті оттату үшін қар еріп кеткен жерге айдап апарамыз, өзіміз де жеуге жарайтын өсімдіктердің тамырларын жинап, оларды қайнатып жейтінбіз. Медреседегі оқудан гөрі, біздің ғажап табиғатымыз аясында жалғыз жүруді ұнататын едім. Әсіресе сәуір айының бірінші жартысында татарлар деревнясындағы сабан тойларда болудан айрықша ләззаттанатын едік. Олар кезек-кезегімен өткізілетін,

ал мамырдың соңғы кезінде башқұрт ауылдарында «йыйындар» басталатын. Кей-кейде өзіміздің аттарымызбен ат жарысына қатысатын, үлкендердің балуан күрестерін тамашалайтын едім, ал балалардың жарыстарында міндетті түрде өзім қатысып жүрдім. Сәуірдің соңына қарай ара ұяларының шаруасы басталатын. Жүздеген ұрықтан тұратын омартамыз біздің деревнядан Қарлы бұлақ деп аталатын төрт шақырым қабірстанның дәл жанындағы жерде еді. Онда жазғы үйшік-аласық және аралардың қыстауына арналған ағаш үй-жеркепе бар болатын. Бұдан тысқары, бізде қарағай ормандарында ұяларымыз болатын, олардың кейбіреулері араларды тарту үшін үлкен қарағайлардың ұшар басының бұтақтарына орналастырылатын, ал басқалары атам заманғы ағаштардың кеуек-қуысына қыстырылатын. Олар үйімізден ондаған, тіпті жүздеген шақырым алыстағы ормандар мен тауларда еді. Ата-бабаларымыздан бізге мұраға қалған бұл қылқан жапырақты жабайы араларды орналастыру мақсатында сәуір айында тазаланып, балауызбен қамтамасыз етілетін. Бұл істің бәрін мен әдетте немере ағам Нұрмұхамбетпен және досым Ибрагим Қасқынбаевпен бірге тындыратын едім.

Бұл кезде төрт табынға қосылатын көптеген жылқымыз болғандықтан, біз оларды тебін жайлауларда ұстайтынбыз. Орыс әкімшілігі біздің жерлеріміз бен жайлауларымыздың едәуір бөлігін тартып алғандықтан, біздің ауылдастарымыз әлдеқашаннан-ақ шаруашылықтың көшпелі тұрмыс әдісінен баз кешкен. Ауылдағы үйден онша қашық емес жердегі Хан жайлауы және Қарлы-бұлақ тауы маңында жазғы үйшік-аласықтарымыз болатын. Біздің жылқыларымыз әлі де болса көшпелі тұрмысқа бейімделгені соншалықты көктемде, сәуірдің басында, ешкімнің айдауынсыз-ақ өздері Мәсем және Ақбиік жайлауларына қарай беттеп, ол жерлерде күз түскенге дейін қалып кететін. Біздің бұрынғы жайлауларымыз енді Қасқынбаев руы тұратын Алагуян деревнясына қарасты болды. Қоныс аударушы – мишарлардың егіншілік шаруашылығы, тұрмыс-деңгейі біздің деревнямызбен, башқұрттармен салыстырғанда анағұрлым жоғары еді. Олардың үлкен егіндік жерлері бар болатын, олар көкөніс өсіріп, малдарын жыл бойы жабық мал қорада ұстайтын. Алынған өнімнің едәуір бөлігін олар базарға апарып сататын. Айтып өткеніміздей, егер біздің екі руымыздың да егін егуі екі етекке толтырып алған тарыны пашумен шектеліп, мал шаруашылығымызда да көшпеліліктің ерекшеліктері сақталып қалынды: қыста малдар «абзарлар» деп аталатын (башқұрттар «абзар» дейтін) қораларға қамалатын. Бұл сөз

көне парсы тілінен енген болып, ол біздерде ортағасырлық Хорезмнен бастау алатын «Кэртэ» деген сөзбен аталатынды. Жазда табын деревнядан ұзақта, тауда бағылатын. Бұл ретте біз күшімізді жер жырту және малға қора салуға жұмсайтынбыз. Бақташы рөлін басқаларға қарағанда мен атқаратын едім. Жермен байланысты жұмыстарды мен жақтырмай, тек шалғымен шөп шабуды ұнататынмын, ал өнімді орақпен орып жинау мен үшін нағыз азапты іс болып және бұдан қашқақтай беретін едім. Жаздың күндері біздер орманда істейтінбіз. Бізден отыз шақырымдағы бізден орыстар тартып алған руымызға тиісті Айғыр-өлген деген жерде қазына осы күнге дейін біздерге орманнан азғантай делянканы * бөліп берген, мұның өзі орман кәсіпшілігімізбен айналысуымызға мүмкіндік берді; ағаш кесіп оны деревня немесе базарға апарып сататын едік, өзенге жабысқақ тамырларды тастап, жөкесін қабығынан айырып, оны да базарға апаратынбыз. Бұл жұмысымызды бітіріп, шөп шабуға кіріскенге дейін мен Ақбиік тауындағы жайлауға барып табындарға қарап, оларға тұз беріп, көптеген туысқандарымыз бен достарымызға барып қонақта болып, қымыз ішетін едім, ұлттық ойындар мен жарыстарға да қатысып жүрдім. Маусым айында, «Қой» маусымында, яғни қонақтарға қой сою кезінде ата-анамыз келіп, біздің малдарымызға қарайтын отбасыларда қонақта болатын. Нақ осы кезде дәстүр бойынша «иеліктерді байқауды» өткізіп, қарағай орманындағы ұяларды қарап шығамыз. Мені үлкен ләззатқа бөлейтін бұл аса қызық іс еді. Ол мынаған саятын: атқа салт мініп ормандағы барлық ұяларды асықпай қарап, барлық ұяларға жабайы аралар қонған-қонбағанын, егер қонған болса, жаңа үйшігі оларға қаншалықты ұнайтынын байқаймыз.

Біздің деревнямыз меншігіндегі ағаштардағы ұялар таудағы, орман жазығындағы үлкен кеңістікте орналасқандықтан, оларды бір күнде жолсыз сүрлеумен отыз-қырық шақырымдай жер жүріп, он-он бес ұяны тексеріп шығамыз. Бұл жыл сайын 15 күнге созылатын жұмыс еді.

Ибрагим Қасқынбай

Ибрагим – Алгуянбашы деревнясының имамы Шамсетдин Қасқынбайдың ұлы. Ол менен екі жас үлкен еді. Бойы екі метрге жететін Шамсетдин мен дәл сондай сұңғақ бойлы Уәли-молда

* Делянка – ағашын кесу үшін бөлінген телім.

Башқұрттың атты әскери полкында қызмет етті және жоғарыда аты тілге алынған майор Юсуф Карамышевтің басшылығымен Сырдария өзеніндегі орыс әскерлерінің Қоқанға қарсы жорығына қатысқан. Екеуі де араб, парсы және орыс тілдерін, шағатай әдебиетін, нақтырақ айтқанда Ахмет Ясауи, Науаи және сопы Аллаяр шығармаларын жақсы білген. Бурзяндық башқұрттардан Сайттың ұлы Ғабдолла атты шейх пен және Шамсетдин Қасқынбай білімді, білгір, оқығандықтары көп адамдар болатын. Екеуі де, сондай-ақ Сайрандық бекболат молда мен Макарлық Юсуф те Сырдария жорығында болып, Башқортостан жеріне Ортаазиялық мәдениет ұрығын әкеліп септі. Олардың үйінде парсы және араб тілдеріндегі қолжазбалар сақталынған-ды. Молда Шамсетдиннің кітаптарының арасынан бір-бірін керемет сүйетін, бір-біріне адал достар әңгімелеленетін «Михр ва Муштәри» атты поэтикалық шығарма да табылған. Молда бұл екі әдеби персонаждың достығын менің Ибрагиммен достасуымды салыстыра отырып, бұл шығармадан үзінділер оқитын. Суреттермен безендірілген бұл кітаптың керемет нұсқасын мен 1958 жылы Вашингтондағы «Фри-Музеумде» көрдім. Шамсетдин-молда ұлын менің әкемнің медресесіне берген. Ол менімен бірге араб және парсы тілдерімен бір қатарда орыс тілін де үйренді. Ол бұл тілдерді маған қарағанда жетігірек білетін еді. Біздікіне қарағанда олардың үйінде парсы мәдениетімен Бұхараның ықпалы мығым еді. Ибрагим (Ибраһим) адамгершілік қасиеті ерекше, ақылды, түр-түсі тартымды – сұңғақ бойлы және сымбатты жігіт болып өсті. Ибрагимнің анасы екеумізге бірдей киім кигізіп, салт-жүріс үшін бірдей әбзелдер, ат-сайманға тапсырым берді. Біздің ұзын жібек белбеулеріміз, биік өкшелі етіктеріміз, төске тағатын ерді бекітуге қажет қайыс белдік, ердің өзі, жүгендер, үзеңгілеріміз, қайыс белдіктердің түймелері – ел кезуші дағыстандық зергер ұстасының қолынан шыққан тамаша бұйымдар еді. Олардың бәрі Ибрагим анасының тапсырмасымен жасалған. Біздің безендірілген белбеулерімізді де ол өз қолымен қалауы бойынша тоқыған. Мен Утяктан қайтқанымда, нақтырақ айтқанда жаз айларында – мамырда, маусымда және шілдеде – біздер, Ибрагим екеуміз әрдайым бірге жүрдік. Шамсетдин қайтыс болғаннан соң, Ибрагимның анасы шаруа істеріне қарайтын жалғыз өзім ғана қалдым, сондықтан да ұлымды аяқтандырамын деп шешті. Үйленгеннен соң оқуға жалғастыруға мүмкіндігі болмай және ауқатты шаруашылығымен айналысуға мәжбүр болған. Сонда Ибрагим бәрінен мақұрым қалғандай күй кешті, уақыт өтісімен жан күйзелісін басынан

кешірді. Олардың табындарындағы жылқылар башқұрттарда айрықша бағаланатын асыл тұқымды еді.

Ежелгі аңыз бойынша бұл, яғни тұқым Шулған үңгірінен шыққан асыл тұқымды айғырлардың сол округтағы биелерге шапқаннан соң пайда болған тәрізді. Ибрагим маған осы тұқымдас жүйрік ат пен биені сыйға тартты. Бұл бие біздің табынға келіп қосылғанда, біздің табынның бетке ұстар асыл тұқымды жылқымыз болды деп мақтанып жүрдік. Ибрагим медреседегі сабақтардан шетте қалды, бірақ кітаптарды оқуға көп уақытын бөлді. Орыс авторларынан Лермонтовты өте жақсы көретін, парсы тілінен Аттар мен Аллаярды, ал түрік тілдерінде Науайді және «Мухаммадия» кітабын оқып жүрді. Біздер шынайы, рухтанылған деп айтуға болатын өзара хат жазысып тұрдық. Хаттар түтікшеге оралған қағаз түрінде келіп тұрды. Кейініректе мен Бұхарада болғанымда дәл сондай түрде жіберілетін хаттарды көрдім. Ибрагимның хаттары, көбінесе халық әндерінің мәтіндерімен немесе шығыс поэзиясының тамаша үлгілерімен безендірілген болатын.

Бірінші қар жауған күннен соң атқораға екі жылқымыз келмей қалды. Мен Ибрагимге жылқыларды іздеуге көмектесуін өтініп хат жаздым, ал өзім оны қарсы алуға аттанып кеттім. Одан хатыма төрт жолдан тұратын шумақ өлеңді жауап алдым: «Адам досын сұлтандай жақсы көруі, ал өзін оның құлы деп санауы керек, сенің досың – сенің рухың, ал сен оның тәнісің, егер досың басыңдағы шәпкенді сұраса, басыңды беруге де дайын бол, егер досыңа сенің өмірің қажет болса, сен бұл құрбандыққа да дайын болуың керек». Шынында да, ол өзінің жалдамалы жұмыскерлерімен бірнеше күн бойы жоғалған жылқыны іздестірумен болып, ақырында жоғалған жылқыларымызды біздің ауылдан сексен шақырым алыстағы жерден тауып, біздің үйге айдап әкелді.

Башқұрттардың жазғы тұрмысы бөгделерге жалқаулық пен бекершіліктен қалжыраған әлдеқандай қауымдастықтың өмір сүруі сияқты боп көрінуі мүмкін. Бірақ та көп қажырлықты талап ететін, мысалы малдың жем-шөбін дайындау, орман жұмыстары, омарта шаруашылығы мен әскери қызмет сияқты қым-қуыт шаруа кезі басталысымен-ақ адамдардың ұйқылы-ояу күндері мен түндерінен із-түз қалмайды.

ЕСКЕРТУЛЕР

¹⁰Навои Алишер (1441-1501) – великий узбекский поэт, ученый, художник, музыкант и государственный деятель, родоначальник литературы на узбекском языке. Писал и на таджикском. Навои создал философские трактаты, лингвистические исследования («Тяжба двух языков»), лирические стихотворения («Четыре дивана»). Его поэмы, написанные на староузбекском языке и составляющие «Пятерицу» или «Хамсэ» («Смятение праведных», «Лейла и Меджнун», «Фархад и Ширин», «Семь планет», «Искандарова стена») по глубине мысли, богатству образов стоят среди лучших произведений мировой литературы. А.З.Валиди Тоган также занимался исследованием его творчества (Энциклопедия ислама, т. I, 1941, «Алишер Навои» статья Тоган).

Мәтінді аударған – Ә.Сайран

(Жалғасы. Басы өткен санда)

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ
ТҮРКІСТАНДА ӨТКЕН КОНФЕРЕНЦИЯ**

Ж.Т.ТАНАУОВА*

Осы 2015 жылғы 19-21 мамыр аралығында Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университетінде «Қазақ мемлекеттілігіндегі Қазақ хандығының орны» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Конференцияға Түркия, Иран, Оңтүстік Корея, Ресей, Өзбекстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Қазақстан елдерінен тарих, теология, филология, философия, шығыстану, этнографтар мен деректанушы, тарихшы ғалымдар қатысты.

Халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу туралы» Қаулысы бойынша бекітілген іс-шаралар аясында өткізілді. Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

1. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы.
2. Мемлекеттік идеологияны қалыптастырудағы әдебиеттің ролі.
3. Тарихи жазба деректер мен оны зерттеудің маңыздылығы.
4. Жаһандану кезеңіндегі түркі мәдениетінің алатын орны деп аталды.

Мемлекеттік деңгейде мән беріліп отырған бұл істің басты саяси маңызы – қазақ халқының тамыры терең тарихын тану және таныту, сонымен бірге осы тарихи ақиқатты көрші елдерге ғана емес, әлем жұртшылығына да мойындату екендігін атап айтуға болады.

Қазақстан халқына арнаған: «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауында мемлекет басшысы Н.Назарбаев: «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи

*Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан-Қазақстан.

белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша рөлге ие. Біз 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияладық. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда. Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті» деп ерекше атап көрсеткен болатын. Міне, осыдан кейін Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтудің тұжырымдамасы дайындалды. Аталған тұжырымдамада Қазақ хандығы құрылуының ғылыми деректері, мерейтойдың концептуалдық негіздері, идеологемалары, негізгі мақсаттары мен міндеттері және оның кезеңдері келтірілген.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының мәлімдемесі бойынша, Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту басты үш концептуалды негізде жүзеге асыру нақтыланған болатын, олар: патриоттық: қазақ халқының Отанына сүйіспеншілігі; ақпараттық: ғылыми-көпшілік бағдарламаларды, ғылыми-танымдық деректі фильмдерді, қазақ халқының жоғары мәдениеті мен өнегелік қасиеттері туралы көркем фильмдерді жасап, жетекші орталық телеарналар арқылы тарату; ғылыми: қазақ хандығының құрылу проблемаларын зерделеу мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғылыми конференциялар ұйымдастыру.

Еліміздің тәуелсіздігін баянды, тұғырлы ету, «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру мақсатын көздейтін бұл мемлекеттік шараның маңызы аса зор. Сондықтан да жер-жерде бұл шараға атсалысып, үн қосуда. Сол сияқты осы шаралардың бүкіл қазақстандықтарды бір мақсат, бір мүдде, бір ел төңірегіне топтастыратын тәрбиелік және жұмылдырушылық мәдени-рухани маңызы да ерекше.

Конференцияға дайындық барысында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ғалымдарының бастамасымен «Қазақ хандары» атты энциклопедиялық анықтамалық жинақ дайындалып, Алматыдағы «Қазығұрт» баспасынан жарық көрді. Жинақта қазақ хандығында билік еткен хандардың жазба және дәстүрлі деректерге негізделген өмірбаяны мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты мәліметтер жинақталып, айналымға ұсынылды. Сонымен бірге Түркология ғылыми-зерттеу институты қызметкерлері тарапынан дайындалған Қазақ хандығы тарихын археология, тарих, тіл, әдебиет, құқық сынды сан-сала руханият аспектісінде қарастыратын «Қазақ хандығы» деп аталатын кітап жарық көрді. Бұл

екі еңбек те азаматтық тарихымызды жаңаша пайымдауға бастайтын еңбек деп айтуға тұрарлық.

Конференция жұмысын Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Машбекұлы Сапарбаев ашып, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жолдаған құттықтауын жеткізді. Және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Аслан Бөкенұлы Сәрінжіпов, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Оңтүстік Корея республикасының Қазақстан Республикасындағы елшісінің орынбасары Сонг Гым Енг, Қазақстан Республикасы Иран Ислам Республикасы елшілігінің Мәдени өкілдігі директоры Асгар Сабери құттықтау сөздерін сөйледі. Пленарлық мәжілісті Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Асқар Исабекұлы Мырзахметов жүргізді.

Конференция тақырыптың маңыздылығын ескере отырып, осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына кең мүмкіндіктер ашу қажет екендігіне баса мән береді. Осыған байланысты конференцияға қатысушылар тарапынан айтылған ой-пікірлер мен ұсыныстардың негізінде төмендегідей қаулы қабылдады:

1. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысушылар Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығын атап өтудің ең басты ғылыми маңызы – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеуге қатысты деп санайды. Ғылыми-зерттеулердегі осындай маңызды фактор іргелі зерттеулердің өзегін құрауы тиіс.
2. Қазақ мемлекеттілігінің тарихында Қазақ хандығының орнын айқындаудың маңызы зор. Дәстүрлі қоғамның мемлекеттілігі өлшемдерімен құрылған және өмір сүрген Қазақ хандығы – қазіргі заманғы талаптарға сай қалыптасып, жаңа сапада әлемдік қауымдастыққа танылған Қазақстан Республикасы деп аталатын ұлттық мемлекеттілігіміздің бастауы. Осы ұстаным ғылыми-зерттеулерде одан әрі дәйектелуі және жаңа мазмұнда өрбітілуі керек.
3. Қазақ мемлекеттілігіндегі Қазақ хандығының орны мен рөлін ғылыми негізде айқындап, оның ғылыми нәтижелерін бүгінгі қоғамдық-саяси, мәдени-рухани практиканың қажеттіліктеріне жарату жолдарын ұсынатын іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарды гранттық қаржыландыру мәселесі Білім және ғылым министрлігінің құзырына ұсынылуы керек.

4. Білім және ғылым министрлігі Қазақ мемлекеттілігі мен Қазақ хандығының тарихына арналған арнайы курстар дайындау, ЖОО-лардың оқу бағдарламаларына енгізу мәселесін қарастырсын.
5. Мәдениет және спорт министрлігі Қазақ хандығының тарихына арналған түрлі жанрлардағы фильмдер дайындау барысында олардың ғылыми негізін сақтау мақсатында кәсіби тарихшы ғалымдар тартылуын қамтамасыз етсін.
6. Конференцияда айтылған ойлар мен ұсыныстар Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына кірісу салтанатында алға тартылған бес халықтық реформаның жүзеге асуына септесуі қамтамасыз етілсін.
7. «Қазақ хандығын» алыс-жақын шетелге насихаттау үшін ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылсын.
8. Түркістанда ұйымдастырылған «Түріктідес халықтар кітапханасын» әр түрколог өз ана тілінде жарық көрген кітаптармен толықтырсын.
9. Түркістанда ұйымдастырылған «Б.Кенжебайұлының түріктану музейі» түрік ұлт-ұлыстарына қатысты экспонаттармен қамтамасыз етсін.

Түрік халықтарының рухани астанасы Түркістанды бұл күнде күллі түрік дүниесі таниды. Ұлттық тарихымызды қайта зерделеуде ғасырлар қойнауынан тамыр тартатын Түркістан қаласының Қазақ хандығының қалыптасуы мен дамуындағы атқарған рөлі мен оның тарихта алатын орны да осы конференцияда айқындала түсті. Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Түркістанда өткен бұл конференция ата-бабаларымыздың өнегелі жолын насихаттауға, Қазақ хандығының негізін ғылыми тұжырымдауға арналды.

МАЗМУНЫ, CONTENTS

ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ		
Бейсетаев Р. (Қарағанды) Beisetayev R. (Karaganda)	Қазақ тілінде көптік мағынаны зат есім мен сөз тіркесі арқылы білдіру туралы Notice through a combination of words and noun plural meaningful	1-14
ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР		
Досыбаева А.Б. (Шымкент) Dosybayeva A.B. (Shymkent)	XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеті: қазақ повестерінің ерекшелігі Alash at the beginning of the twentieth century literature: specialties of Kazakh story	15-26
Хужахметов А.О. (Уфа) Huzhahmetov A.O. (Ufa)	Развитие в восточной литературе некоторых жанрово-стилевых и композиционных форм Development in Eastern Literature of Certain Genre and Stylistic and Compositional Forms	27-31
Сибгатов Ф.С. (Уфа) Sibgatov F.S. (Ufa)	Особенности развития башкирской литературы начала XX века во взаимосвязи с арабо-тюрко-мусульманскими культурными традициями Features of Bashkir literature the early twentieth century in conjunction with the Arab-Turkic-Muslim cultural traditions	32-41
Şengün A. (Türkistan) Shengun A. (Turkistan)	Türk ve Kırgız Edebiyatında Gelenek Görenek Şiirleri Anonymous folk poetry related to customs and traditions in Kyrgyz and Turkish Literature	42-49
Жураев М. (Ташкент) Zhurayev M. (Tashkent)	Историко-сравнительный анализ традиционных мотивов “Олонхо” и узбекского народного героического эпоса “Алпамыш” Historical and Comparative Analysis Traditional Motifs "Olonkho" and Uzbek Folk Heroic Epic "alpamysh"	50-63
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ		
Камолиддин Ш. (Ташкент) Kamoliddin Sh. (Tashkent)	К биографии Ахмада Югнаки To the biography of Ahmed Yugnaki	64-79

Салғараұлы Қ. (Астана) Salgarauly K. (Astana)	«Күн тегі» мен «Айдың бауырлары» “Kun tegi” and “Brother’s of moon”	80-102
Ергөбек Ш. (Алматы) Ergobek SH. (Almaty)	Қазақ хандығының Ресей құрамына ену дәуіріндегі саяси-құқықтық ойлар Kazakh Khanate in Russia in the Era of Political and Legal join Points	103-129
Бегалинова Қ. (Алматы) Begalinova K. (Almaty)	Әзербайжанның тарихи қойнауы беттерінен Pages From the past History of Azerbaijan	130-141
ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ		
Tursynbayeva N. Ömirbayev E. (Türkistan)	Kazak halkında hayvan etini üleşirmedeki özellikleri	142-155
Tursynbayeva N. Omirbayev E. (Turkistan)	The Peculiarities of meat distribution of Kazakh nation	
ТҰЛҒА		
З.В. Тоған Z. V.Togan	Естеліктер Memoirs	156-172
ХАБАРЛАМА		
Танауова Ж. (Түркістан) Tanauova Zh. (Turkestan)	Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Түркістанда өткен конференция Conference devoted to 550 years of Kazakh khanate which passed in	173-176

БАЙЛАНЫС

Түркология ғылыми-зерттеу институты
Түркістан/ҚАЗАҚСТАН
e-mail: turkologi@mail.ru

Басылым: Ахмет Ясауи университетінің «Тұран» баспаханасы

Редакцияның мекен-жайы:
161200, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы
Тәукехан даңғылы № 7
Телефон: 8 (72533) 3-21-17
Факс: 8 (72533) 3-31-63
Журналдың электрондық нұсқасын turkology.iktu.kz сайтынан оқуға болады.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның
кезқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік. Шартты баспа табағы 11,5.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс 630.